

2024-2025 оқу жылына арналған «№48 Жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жылдық жоспары 2023-2024 оқу жылында жүргізілген оқу-тәрбие жұмысының қорытынды талдау негізінде жасалды.

«_____»_____ 2024 жылғы №1 педагогикалық кеңесінде қаралып, бекітілді.

Педагогикалық кеңес төрағасы

мектеп директоры _____ К.К.Абуова

2023-2024 оқу жылындағы «№48 Жалпы білім беретін орта орта мектебі» КММ жүргізілген оқу-тәрбие жұмысына қорытынды талдау жасау және 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарын бекіту, мақсат-міндеттерін белгілеу.

2023-2024 оқу жылында «№48 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ педагогикалық ұжымы оқу-тәрбие үрдісінде төмендегі белгіленген мақсат-міндеттерін осы талдауда көрсетілген іс-әрекетімен орындап, қорытындылады:

Мектептің өзекті мәселесі: Оқушыларға берілетін білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу мен оқыту.

Мақсаты:

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқушылардың функционалдық құзыреттілігін дамыта отырып, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру және білім сапасын арттыру.

Міндеттері:

- Оқушылардың өткен бағдарламалық тақырыптар бойынша білім деңгейіндегі анықталған олқылықтарға диагностикалық талдау жасай отырып, жоспарлы жетілдіру жұмыстарын ұйымдастыру;
- 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік даму бағдарламасына сәйкес тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету;
- «Оқымысты мектеп» бағдарламасы аясында білім алушылардың өз бетінше білім алу дағдыларын жетілдіру;
- оқушылармен жұмысты жандандыру арқылы, ғылыми жұмыспен айналысуға жұмылдыру, ізденушілік пен зерттеушілік жұмыстарына бағыт-бағдар беру;
- педагог мамандардың кәсіби біліктілігін арттыра отырып, оқу үдерісіне сандық, ақпараттық, қашықтықтан оқыту технологияларын енгізу арқылы оқушылардың ізденушілік пен зерттеушілік іс-әрекетін дамыту;
- жаңа үлгідегі оқытуды ұйымдастыруда мектептің ата-аналарымен тұрақты кері байланыс тетіктерін қалыптастыру;
- тәрбие жұмысын «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы аясында жүргізу;
- оқушылардың бейімділік деңгейлерін анықтай отырып, кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастыру;
- білім беру саласының даму бағытына сәйкес, мектеп педагогтарын қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарына қатыстыру;
- сандық технологияны дамыту аясында мектептің материалдық базасын (компьютерлер, бағдарламалар т.б.) нығайту;
- «Қауіпсіз мектеп» талаптарына сәйкес мектептің жан-жақты қорғалуын қамтамасыз ету (күзет мекемелерін тарту: бейнекамераларын орнату, жарықтандыру);
- оқу үрдісін санитарлық талаптарға сәйкес, бекітілген ереже негізінде ұйымдастыру;
- «Тәуекел тобындағы» оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру (спорттық секциялары, өнер үйірмелері, психологиялық қолдау);
- Құқықбұзушылықты алдын-алу мақсатында психологиялық зерттеу және қолдау, қосымша білім беру мен класс оқушыларының көшбасшылық тетіктерін пайдалану.

2023-2024 оқу жылында мектептің оқу-тәрбие үйлестіру жоспарында көрсетілген барлық шаралар өз мезгілінде толығымен өткізілді.

1-11 кластардағы оқу-тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы 01-2-15/5174-И хпты, «Ақтөбе облыстық білім басқармасы» ММ 2023 жылғы 1 қыркүйектегі №363, «Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ 2023 жылғы 1 қыркүйектегі №277 «Жалпы орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуы туралы» бұйрықтары негізінде жүзеге асырылды.

I. Оқу-әдістемелік жұмысына талдау

Педагогикалық кеңес – мектеп жұмысының басқаратын ең жоғарғы орган. Онда мектептің жылдық жоспарында көрсетілген іс-шараларды орындалуы қаралады.

Педагогикалық кеңесте төмендегідей мәселелер қаралды:

Тамыз айында:

Тақырыбы: "Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт"

1. Баяндама «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт»

2. 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатын талдау

3. Мұғалімдердің жылдық жүктемелерін бекіту, сынып комплектісі мен сынып жекешілерді бекіту

4. Жаңа оқу жылының оқу жоспарын, оқу жұмыс жоспарын бекіту, таңдау бойынша сабақтар, элективті курстар, жеке және топтық сабақтар бағдарламаларын бекіту, күнтізбелік тақырыптық жоспарларды бекіту

5. Мектептің ішкі тәртіп ережесі, функционалдық міндеттер, оқу жылының ұйымдастырылуы

Қараша айында:

Тақырыбы: «Сабақты зерттеу-кәсіби дамудың жарқын жолы»

1. Коучинг «Сабақты зерттеу-кәсіби дамудың жарқын жолы»
2. I тоқсандағы оқушылар үлгерімі мен білім сапасының талдауы
- 3.5-сыныптың бейімделуі

Қантар айында:

Тақырыбы: «Функционалдық сауаттылықты дамыту арқылы мемлекеттік тілдің рөлін арттыру»

1. Баяндама. «Функционалдық сауаттылықты дамыту арқылы мемлекеттік тілдің рөлін арттыру»
2. II тоқсандағы оқушылар үлгерімі мен білім сапасының талдауы
3. Оқушылардың қорытынды аттестаттауға дайындығы
4. Негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10-сынып) білім беру деңгейлерінде қазақ тілінен емтихан тапсыру туралы
5. Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың II қалалық кезеңінің қорытындысы

Наурыз айында:

Тақырыбы: «Ұлттық құндылықтарды білім-тәрбие үрдісінде қалыптастыру»

1. Баяндама. «Ұлттық құндылықтарды білім-тәрбие үрдісінде қалыптастыру»
2. III тоқсандағы оқушылар үлгерімі мен білім сапасының талдауы
3. Негізгі мектепті үздік аттестатпен және орта мектепті «Алтын белгі», үздік аттестатқа бітіруге үміткерлерді анықтау және ұсыну
4. Құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері, жүргізілген жұмыстар мазмұны
5. 2023-2024 оқу жылы бойынша педагогтарды аттестаттаудан өтуге ұсыну

Мамыр айында:

Тақырыбы: «Мектеп жұмысына талдау, оқушыларды сыныптан сыныпқа көшіру»

1. IV тоқсан және жылдық бойынша білім сапасының қорытындысы.
- 1-4 сынып оқушыларын сыныптан-сыныпқа көшіру және үздік бітірген оқушыларды «Мақтау» грамотасымен марапаттауға ұсыну
2. 5-8, 10-сынып оқушыларын аралық аттестаттауға, негізгі және жалпы орта мектеп курсы бойынша 9,11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау емтиханына жіберу.
3. «Жазғы мектеп» жұмысының ұйымдастырылуы туралы
4. Тәрбие жұмысының талдауы
5. Мұғалімдердің 2023-2024 оқу жылына жүктемесі (жоба)
6. Педагог қызметкерлердің кәсіби жұмысының және шығармашылық деңгейінің мониторингісінің қорытындысы.
1. Өзін-өзі бағалау өлшемшарттары бойынша 2023-2024 оқу жылында мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу туралы
2. 8,10-сынып оқушыларының аралық емтихан қорытындысы туралы
3. 5-8,10-сынып оқушыларын аралық емтихан қорытындысы негізінде сыныптан-сыныпқа көшіру және үздік бітірген оқушыларды «Мақтау» грамотасымен марапаттауға ұсыну

Маусым айында:

Тақырыбы: "Негізгі орта білім беру курсы бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттауы"

1. Негізгі орта білім алушылар үшін қорытынды бітіру емтихандарының қорытындысы, негізгі орта мектепті бітірушілерге аттестат тапсыру

Тақырыбы: "Жалпы орта білім беру курсы бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттауы"

1. Жалпы орта білім алушылар үшін мемлекеттік бітіру емтихандарының қорытындысы, жекеленген пәндер бойынша грамотаға ұсыну, жалпы орта мектепті бітірушілерге аттестат тапсыру.

Педагогикалық кеңестегі мәселелер толығымен талқыланып, қаулылар қабылданып келді және қаулының орындалуы келесі педагогикалық кеңесте тыңдалып тұрды.

Педагогикалық кадрлардың жұмысына әдістемелік көмек беретін, қолдау шараларын ұйымдастыратын орган - ол әдістемелік қызмет.

2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы» Заңы, «Педагог мәртебесі туралы», "тіл туралы" Заңы, жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелері, 2023-2024 оқу жылының басталуы туралы ҚР БҒМ, Ақтөбе облысы білім беру басқармасы, Қалалық білім беру бөлімі бұйрықтарына, "жаңа оқу жылының басталуы туралы" нұсқаулық-әдістемелік хатқа, "Жаңа оқу жылының басталуы туралы", сондай-ақ 2023-2024 оқу жылындағы мектептің жұмысын талдаудың қорытындылары мен ұсыныстары.

Білім беру мазмұны

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы»

(бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.

- 1-4 сыныптарда оқу жоспарын құрасытыру кезінде ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 13.08.2022ж №365 бұйрығы, 30.09.2022 ж. №412 бұйрығы, ҚР ОА министрінің м.а.18.08.2023 ж. №264 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) 6-қосымша 1-4 сыныптар үшін; 13-қосымша 5-9 сыныптар үшін; 86-қосымша 10,11 сыныптар үшін педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленді. Оқытудың бастапқы сатысының вариативті компоненті математиканы зерделеу курстарына, орта сатысының вариативті компоненті «Жаһандық құзыреттілік» курстарына, жоғары сатысының вариативті компоненті «Жаһандық құзыреттілік» және элективті курстарына бөлінді.

Оқушылар контингенті

ҚР Білім және ғылым министрінің «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім берітін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдауға үлгілік қағидалары» 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы басшылыққа алынды.

/1-кесте/

Оқушылар саны	Оқу жылының басы	Оқу жылының соңы	1-4 сыныптар	5-9 сыныптар	10-11 сыныптар
2021-2022 ж.ж.	261	257	91	136	30
2022-2023 ж.ж.	240	238	93	115	30
2023-2024 ж.ж.	239	245	108	101	36
	-1	+7	+15	-14	+6

2023-2024 оқу жылының соңына қарай оқушылар саны +8 оқушыға артты. Жыл ішінде қала мектептеріне 10 оқушы ауысты. Жыл ішінде 17 оқушы қала мектептерінен ауысып келді.

Үйден оқыту жұмысының ұйымдастырылуы

2023-2024 оқу жылында 2 оқушы жалпы білім беру бағдарламасы бойынша үйден оқытылды: 2023-2024 оқу жылының 01 қыркүйегінде «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты негізінде қызмет көрсетілді.

21.08.2023 ж күнгі № 177 қалалық дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысының және ата-анасының өтініші негізінде 2 класс оқушысы Қуанышқали Айназ мектеп директорының 01.09.2023ж.күнгі №117 бұйрығымен үй жағдайында оқытуға шығарылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) бекітілген. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде және оқу жоспары «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 ж 8 қарашадағы №500 бұйрығының 75 –қосымшасына өзгеріс енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығының 27-қосымшасымен бекітілген оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары негізінде жасалып, жалпы инварианттық оқу жүктемесі 14 сағат болып бекітілді. Оқу жүктемелері бұйрық бойынша пән мұғалімдеріне бекітілді. Мектеп психологы Б.Қ.Мырзахановаға оқушыға қажетінше педагогикалық – психологиялық көмек беруді ұйымдастыру жұмыстары міндеттелінді. Сабақ кестесі бойынша мұғалімдер уақытылы үйіне барып, оқушыға бағдарламаны меңгертуде жеңілдетілген тапсырмалар беріп, қалыптастырушы бағалауларды электронды журналға қою жұмыстары тұрақты жүргізіледі.

Оқу үрдісінде «Білімкласс» платформасын және қосымша электронды ресурстарын пайдалана отырып оқушы А.Қуанышғалимен сабақтар өткізіліп, электронды журналына пәндерден алған баллдары қойылып, кері байланыс жасалып отыр. Оқушының ата-анасы Г.С.Мухаевамен мектеп әкімшілігі, класс жетекшісі А.Г.Коппагамбетова үнемі байланыс жасап отырды.

2023-2024 оқу жылының 04 қаңтарында «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты негізінде қызмет көрсетілді.

01.09.2024 ж күнгі № 386 қалалық дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысының және ата-анасының өтініші негізінде 6 класс оқушысы Давлетов Алмаз мектеп директорының 04.01.2024ж.күнгі №05 бұйрығымен үй жағдайында оқытуға шығарылды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) бекітілген. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде және оқу жоспары «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 ж 8 қарашадағы №500

бұйрығына 9-қосымша 10-тарауына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығының 9 –қосымшасы, 10-тарауын негізге ала отырып оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын зиятының жеңіл түрде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі білім берудің үлгілік оқу жоспары негізінде инварианттық оқу жүктемесі–8 сағат, вариативтік оқу жүктемесі–2 сағат, жалпы оқу жүктемесі–10 сағат болып бекітілді. Оқу жүктемелері бұйрық бойынша пән мұғалімдеріне бекітілді. Мектеп психологы Б.Қ.Мырзахановаға оқушыға қажетінше педагогикалық – психологиялық көмек беруді ұйымдастыру жұмыстары міндеттелінді. Сабақ кестесі бойынша мұғалімдер уақытылы үйіне барып, оқушыға бағдарламаны меңгертуде жеңілдетілген тапсырмалар беріп, қалыптастырушы бағалауларды электронды журналға қою жұмыстары тұрақты жүргізіледі. Оқу үрдісінде «Білімкласс» платформасын және қосымша электронды ресурстарын пайдалана отырып оқушы А.Қуанышғалимен сабақтар өткізіліп, электронды журналына пәндерден алған баллдары қойылып, кері байланыс жасалып отырды. Үйден оқыту жұмыстарының ұйымдастырылуы қанағаттанарлық деңгейде.

Класс комплектісі мен орташа толымдылығы

/2кесте/

Жылдар	Класс комплект саны	Орташа толымдылығы
2021-2022	14	18,6
2022-2023	11	21,8
2023-2024	11	21,7

Мақтау қағазымен оқу жылын үздік бітірген оқушылар туралы

2021-2022 оқу жылында барлығы – 28 оқушы, 2-4 кластарда – 16 оқушы, 5-8 кластарда –8 оқушы, 10 класта – 1 оқушы, 9 класта – 2 оқушы «Үздік аттестат», 11 класта – 1 оқушы «**Үздік аттестат**».

2022-2023 оқу жылында барлығы – 27 оқушы, 2-4 сыныптарда – 20 оқушы, 5-8 сыныптарда-7оқушы, 11-сыныпта – 1оқушы «**Алтын белгі**» аттестаты мен «**Алтын белгі**» белгісіне ие болды.

2023-2024 оқу жылында барлығы – 27 оқушы, 2-4 кластарда – 18 оқушы, 5-8 кластарда –8 оқушы, 9 класта– 1 оқушы «Үздік аттестат».

/3 кесте/

оқу жылы	үздіктер	2-4 кластар (үздік)	5-8 кластар (үздік)	10 класс (үздік)	9 класс «Үздік аттестат»	11класс «Үздік аттестат»	11класс «Алтын белгі»
2021-2022 о.ж	25	16	8	1	2	1	-
2022-2023 о.ж	27	20	7	-	-	-	1
2023-2024 о.ж	26	18	8	-	1	-	-
динамика	-1	-2	+1	-	-1	-1	-1

Үлгерім динамикасын және үлгерім сапасын талдау


Мектеп жұмысының нәтижелілігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі-үлгерім сапасы.2023-2024 оқу жылында мектеп бойынша үлгерім - 100%, үлгерім сапасы – 53%, өткен жылмен салыстырғанда тұрақты. "Өте жақсы" деген бағаға 27 оқушы үлгереді, бұл оқушылардың жалпы санынан 12% құрайды;" жақсы "және" өте жақсы "- 92 (41%) оқушы , бір" 3 " – тен пәндер бойынша үлгермейтін 3 (1,3%) оқушы бітірді.

Бастауыш сыныпта 18 (21%) оқушы " өте жақсы", 33 (38,3%) оқушы " жақсы " үлгерген. Бастауыш мектеп бойынша үлгерім сапасы 59%, үлгерім - 100% құрады. 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда - 4%-ға кеміген. Оқушылармен жеке және сараланған жұмысты ұйымдастырумен, бастауыш мектеп оқушылары контингентінің сапалық және сандық өзгерістерімен байланысты.

3 жылғы бастауыш сыныптардың білім сапасының көрсеткіші

/4 кесте/

Сыныптар	2021-2022о.ж.	2022-2023о.ж.	2023-2024о.ж.
2-4	62%	63%	59%
Жалпы	62%	63%	59%




Негізгі сыныпта 9 (8,9%) оқушы " өте жақсы", 48 (41%) оқушы " жақсы " үлгерген. Негізгі мектеп бойынша үлгерім сапасы 50%, үлгерім – 100% құрады. 2020-2023 жылдар аралығында 5-9 сынып оқушыларының үлгерім сапасы (48% – 50% - ға дейін) өсті (2%) құрайды. 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда білім сапасы 2 % - ға өскен.

3 жылғы 5-9 сыныптардың білім сапасының көрсеткіші

/5 кесте/

Сыныптар	2021-2022о.ж.	2022-2023о.ж.	2023-2024о.ж.
5-9	33%	48%	50%
Жалпы	33%	48%	50%




Жоғары сыныпта "үздік" оқушы жоқ , 18 (50%) оқушы "жақсы" үлгерген. Жоғары мектеп бойынша үлгерім сапасы 50 % құрады. Жоғары мектеп оқушыларының үлгерімі 100%. 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда білім сапасы тұрақты.

3 жылғы 10-11 сыныптардың білім сапасының көрсеткіші

/6 кесте/

Сыныптар	2021-2022о.ж.	2022-2023о.ж.	2023-2024о.ж.
10-11	40%	50%	50%
Жалпы	40%	50%	50%




Жалпы мектеп бойынша оқушылардың үлгерім сапасы жоғары, бұл бастауыш мектеп пен жоғары буындағы үлгерім сапасының артуымен байланысты. 2023-2024 жылдардағы үлгерім сапасы – 53 %, үлгерім - 100%.

2021-2024 жылдар бойы оқытудың жоғары сатысындағы оқушылардың үлгерім сапасы (50 % - дан 53 % - ға дейін) жоғарылау үрдісіне ие, бұл оқушылармен жеке және сараланған жұмысты ұйымдастырумен байланысты.

3 жылғы мектеп бойынша білім сапасының көрсеткіші

/7 кесте/


Сыныптар	2021-2022о.ж.	2022-2023о.ж.	2023-2024о.ж.
2-11	50%	53%	53%
Жалпы	50%	53%	53%



Сыныптар бойынша салыстырмалы сапа көрсеткіштері

/8 кесте/


Класс	2021-2022 оқу жылы			2022-2023 оқу жылы			2023-2024 оқу жылы		
	Оқушы саны	Үздіктер	сапа	Оқушы саны	Үздіктер	сапа	Оқушы саны	Үздіктер	сапа
1	29	-	-	25	-	-	22	-	-
2	22	6	59%	28	8	68%	29	6	55%
3	20	5	55%	24	6	63%	30	5	63%
4	20	5	70%	16	6	56%	27	7	59%
5	19	3	39%	20	-	45%	13	3	62%
6	28	3	39%	19	1	53%	20	-	35%
7	25	1	40%	27	4	52%	20	1	50%
8	30	1	53%	22	2	45%	28	3	53%
9	34	2	44%	27	-	44%	20	1	50%
10	11	1	36%	20	-	45%	17	-	47%
11	19	1	42%	10	1	50%	19	-	53%



**Пәндер бойынша үлгерім сапасының көрсеткіші
Бастауыш кластар бойынша пәндердің салыстырмалы көрсеткіші**

/9кесте/

Пәндер	2021-2022о.ж	2022-2023о.ж	2023-2024о.ж	Динамика
Қазақ тілі	63%	69%	62%	-7%
Әдебиеттік оқу	71%	69%	62%	-7%
Математика	73%	69%	61%	-8%
Жаратылыстану	68%	74%	68%	-6%
Орыс тілі	65%	64%	67%	+3%
Шет тілі	69%	70%	64%	-6%
Дүниетану	74%	74%	67%	-7%




Қорытынды: Бастауыш сыныптар бойынша 3 жылғы салыстырмалы көрсеткіш төмендегі пәндерден кеміген қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәнінен (-7%), математика пәнінен (-8%), жаратылыстану пәнінен (-6%), шет тілі пәнінен(-6%), дүниетану пәнінен (-7%), орыс тілі пәнінен (+3%) өсім.

**5- 11 сыныптар бойынша гуманитарлық бағыттағы
пәндердің салыстырмалы көрсеткіші**

/10 кесте/

Пәндер	2021-2022о.ж	2022-2023о.ж	2023-2024о.ж	Динамика
Қазақ тілі	56%	58%	62%	+4%
Қазақ әдебиеті	57%	60%	62%	+2%
Орыс тілі мен әдебиеті	68%	71%	73%	+2%

Шетел тілі	62%	64%	63%	-1%
Қазақстан тарихы	63%	71%	68%	-3%
Дүние жүзі тарихы	64%	70%	68%	-2%
Құқық негіздері	53%	69%	75%	+6%




Қорытынды: гуманитарлық пәндерден 3 жылғы білім сапасының көрсеткішінде +2 пайыздан +6 пайыз аралығында өсім (қазақ тілі, қазақ әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, құқы негіздері).

Білім сапасы төмендеген пәндер: шет тілі -1 пайызға, Қазақстан тарихы -3 пайызға, дүниежүзі тарихы - 2 пайызға.

5-11 сыныптар бойынша ИФМ пәндерінің салыстырмалы көрсеткіші

/11 кесте/

Пәндер	2021-2022о.ж	2022-2023о.ж	2023-2024о.ж	Динамика
Математика	55%	66%	52%	-14%
Алгебра	53%	60%	63%	+3%
Геометрия	50%	58%	63%	+5%
Физика	54%	58%	61%	+3%
Информатика	63%	75%	70%	-5%




Қорытынды: 3 жылғы салыстырмалы көрсеткіш бойынша ИФМ пәндерінен білім сапасы +3 пайыздан +5 пайызға жоғарылаған пәндер алгебра, геометрия, физика. Білім сапасы -5 пайыздан -14 пайызға төмендеген пәндер математика, информатика.

5-11 сыныптар бойынша жаратылыстану пәндерінің салыстырмалы көрсеткіші

/12 кесте/

Пәндер	2021-2022о.ж	2022-2023о.ж	2023-2024о.ж	Динамика
Жаратылыстану	52%	69%	45%	-24%
География	62%	73%	61%	-12%
Химия	52%	56%	53%	-3%
Биология	66%	63%	62%	-1%



Қорытынды: 3 жылғы салыстырмалы көрсеткіш бойынша жаратылыстану пәндерінен биология пәнінен білім сапасы -3 пайызға кеміген, қалған оқу пәндерінен білім сапасы +8 пайыздан +17 аралығында жоғарылаған.


Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылаудың, аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы», (ҚР ОАҒМ 13.04.2023 жылғы № 96 бұйрығына енгізілген өзгерістері негізінде) 2-4-сыныптарда «Цифрлық сауаттылық» 2-9 сыныптарда «Көркем еңбек», 2-6 сыныптарда «Музыка», 2-11 сыныптарда «Дене шынықтыру», 10-11 сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәндері тоқсан/жартыжылдық соңында «есептелінді» жүргізілді.

Вариативті компоненттен 10-11 сыныптарға өткізілген курстардан жартыжылдық соңында «есептелінді» жүргізілді.

Оқушылардың аралық аттестаттау нәтижелері

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына 1-қосымшасына толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрығына 1-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгі ережесінің» 35-тармағы Қазақ тілі бойынша емтихан білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған кезде қазақ тілінде оқытатын мектептерде "Қазақ тілі" пәні бойынша және қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептерде "Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні бойынша МЖМБС-қа (тыңдалым (тыңдау), айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша және ауызша нысанда өткізіледі. Аралық аттестаттауға МЖМБС талаптарына сәйкес үлгілік негізгі және жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 5-8, 10-сыныптардың білім алушылары 23 мамыр күнгі № 6 педагогикалық кеңестің қаулысын негізге ала отырып, 24 мамыр күнгі № 104 бұйрығы негізінде емтиханға жіберіліп, емтихан тапсырды.

№	Сынып	Қатысқан оқушы саны	Бағасы			Сапа	Үлг	Көрсеткіші		Пән мұғалімі
			«5»	«4»	«3»					
1	5	13	4	5	4	69%	100%	69%	тұрақты	Есенова Г.Ж.
2	6	20	2	10	8	60%	100%	68%	+8%	Колбаева А.А.
3	7	20	1	13	6	70%	100%	65%	-5%	Есенова Г.Ж.
4	8	28	4	12	12	57%	100%	60%	+3%	Колбаева А.А.
5	10	17	2	7	8	53%	100%	53%	тұрақты	Есенова Г.Ж.
	5-8,10	98	13	47	38	61%	100%	63%	+1%	



Қорытынды: Емтихан жұмысына оқушылардың қатысуы, ұйымдастырылуы-қанағаттанарлық деңгейде болды. Аралық емтиханға 98 оқушы қатысты, сапасы жалпы – 61 пайызды құрады.

Оқушылардың қорытынды аттестаттау нәтижелері

ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығын «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы», ҚР Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 304 бұйрығы, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ 2024 жылғы 10 мамырдағы №242 бұйрығын негізге ала отырып мектепшілік 2024 жыл 13 мамыр күнгі №87 бұйрығына сәйкес 9-сынып білім алушылары қорытынды аттесттау мерзімдері белгіленіп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы 2023 жылғы 13 сәуірдегі №96 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидалары туралы» бұйрығын және 2024 жылғы 23 мамырдағы №6 педагогикалық кеңестің қаулысын негізінде мектепшілік 2024 жылдың 24

мамырындағы №109 бұйрығымен Негізгі орта білім берудің жалпы білім беру оқу бағдарламасын меңгерген 9 сыныптың 20 оқушысы қорытынды аттестаттауға жіберілді.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 9 (10) сынып білім алушылары **2024 жылдың 29 мамыр-10 маусым** аралығында қорытынды бітіру емтихандары жазбаша нысанда өткізілді.

Мемлекеттік бітіру емтихандарына емтихан алушы мұғалімдер мен ассистенттер және емтихан өтетін орын төмендегі кесте негізінде бекітілді.

/13 кесте/

№	Пәні	Емтихан өтетін күні	Емтихан уақыты	Емтихан өтетін орны	Емтихан алушы мұғалім	Ассистент
1	Қазақ тілі	29 мамыр	10.00-12.00	№32 оқу кабинеті	Есенова Г.Ж.	Колбаева А.А.
2	Алгебра	3 маусым	10.00-13.00		Тұрсынғалиева П.Қ.	Машимбаева Н.Н.
3	Орыс тілі мен әдебиеті	6 маусым	10.00-12.00		Бердимуратова К.С.	Байсеуова М.У.
4	Биология	10 маусым	10.00-12.00		Қарағұлқызы М	Исегалиева Г.С.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы 2023 жылғы 13 сәуірдегі №96 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидалары туралы» бұйрығын негізге ала отырып, 2024 жылдың 29 қаңтары күні мектепшілік «Қорытынды аттестаттау комиссиясын құру туралы» №22 бұйрығына сәйкес комиссия төрағасы, мектеп директоры К.К.Абуова және комиссия мүшелері уақытында барлық емтихан №125 бұйрықтың 44-тармағына сәйкес материалдарын (тапсырмалар мен балдарды қою схемасы) сілтемелер арқылы алып, емтихан уақыттарында өз міндеттерін толық атқарды. Емтихан материалының ашылуына акт жасалды. Балдарды бағаға ауыстыру шәкілі №125 бұйрықтың 74,78-тармағы және 4-қосымшасына сәйкес жүргізілді. Емтихан бағасының қойылуы және қорытынды бағаларының дұрыстығы тексерілді.

Мектепшілік 2024 жылдың 24 мамыр күні «Емтихан күндеріне кезекшілік ұйымдастыру туралы» бұйрығы негізінде мектеп әкімшілігі және жауапты мұғалімдер кезекшілік жұмыстарын жауапкершілікпен атқарды.

Емтихан алушы мұғалімдер мен ассистенттер 9-сынып оқушыларынан емтихан жұмыстарын 125 бұйрық негізінде астрономиялық уақыттарды және талаптарды, академиялық адалдықты сақтай отырып, жұмыстарын алып, қорытындылап, №125 бұйрық қағидаларының 3-қосымшасына сәйкес нысанында емтиханның қағаз және электронды хаттамасын жасады.

9-сынып білім алушысы Мұхтарова Ұлжанай «Үздік аттестатқа» №125 бұйрықтың 48-тармағына сәйкес 5-9 сыныптардағы оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық және қорытынды бағалары «5» болған, №39 бұйрықпен бекітілген нысанға сәйкес негізгі орта білім туралы үздік аттестатқа ұсынылды. Аталған оқушы барлық пәннен емтихан бағасын үздікке қорғап шықты.


Емтихан кезеңінде 9-сынып оқушысы Кеңес Мейірлан денсаулығына байланысты «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 57-тармағын негізге ала отырып, мектепшілік 03 маусымдағы №116 бұйрығы негізінде алгебра және орыс тілі мен әдебиеті пәндерінен қорытынды аттесттаудан босатылды. Оқушының денсаулық жағдайы тұрақталуына байланысты 03.06.2024ж.күнгі №116 бұйрығы және 08.06.2024ж.күнгі №037/у нысанындағы №6637 анықтамасы негізінде жоғарыда көрсетілген пәндерден мектепшілік 10 маусымдағы №122 бұйрыққа сәйкес оқушыдан емтихан жұмысы талаптарға сәйкес жүргізілді, 125 – бұйрықтың 72-тармағы негізінде жазбаша емтихан жұмыстары сағат 10.00 де басталды.

2023-2024 оқу жылының 9-сынып оқушылары қорытынды аттесттаудан төмендегідей көрсеткіш көрсетті.

/14 кесте/

№	Пәні	Қатысқан оқушы саны	Емтихан бағасы			Сапасы %	Үлгерімі %	Қорытынды %	Көрсеткіші %	Пән мұғалімі
			5	4	3					
1	Қазақ тілі (жазбаша)	20	3	11	6	70	100	65	-5	Есенова Г.Ж.

2	Алгебра (жазбаша)	20	1	9	10	50	100	50	тұрақты	Тұрсынғалиева П.Қ.
3	Орыс тілі мен әдебиеті (жазбаша)	20	3	12	5	75	100	80	-5	Бердимуратова К.С.
4	Биология (жазбаша)	20	1	8	11	45	100	60	-15	Қарағұлқызы М
	Жалпы	80	8	40	32	60	100	64	+4	



Қорытынды: емтихан бойынша білім сапасының көрсеткіштері қазақ тілі, орыс тілі мен әдебиеті пәнінен емтихан сапасы мен қорытынды сапасы -5 пайызға, биология пәнінен -15 пайызға төмен көрсеткіш көрсетті (себебі, 3 оқушы Асылғалиев А, Кожаяева Д, Ержан Р емтихан бағасы – 3 ке бағаланды). Емтихандарда ZOOM платформасы уақытында қосылып, 125- бұйрықтың 58-тармағына сәйкес жазбаша жұмыстарды орындау – 2 астрономиялық сағат, математика (алгебра) – 3 астрономиялық сағатта аяқталды. Емтихан өту кезінде өрескел бұзушылықтар болған жоқ. Мемлекеттік емтихандар қанағаттанарлық деңгейде өтті.

ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығын «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы», ҚР Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 304 бұйрығы, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ 2024 жылғы 10 мамырдағы №242 бұйрығын негізге ала отырып мектепшілік 2024 жыл 13 мамыр күнгі №87 бұйрығына сәйкес 11-сынып білім алушылары қорытынды аттесттау мерзімдері белгіленіп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы 2023 жылғы 13 сәуірдегі №96 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидалары туралы» бұйрығын және 2024 жылғы 23 мамырдағы №6 педагогикалық кеңестің қаулысын негізінде мектепшілік 2024 жылдың 24 мамырындағы №109 бұйрығымен Жалпы орта білім берудің жалпы білім беру оқу бағдарламасын меңгерген 11 сыныптың 19 оқушысы қорытынды аттестаттауға жіберілді.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 11 (12) сынып білім алушылары **2024 жылдың 28 мамыр-11 маусым** аралығында қорытынды бітіру емтихандары жазбаша нысанында, Қазақстан тарихы пәнінен ауызша нысанда өткізілді.

Мемлекеттік бітіру емтихандарына емтихан алушы мұғалімдер мен ассистенттер және емтихан өтетін орын төмендегі кесте негізінде бекітілді. /15 кесте/

№	Пәні	Емтихан өтетін күні	Емтихан уақыты	Емтихан өтетін орны	Емтихан алушы мұғалім	Ассистент
1	Қазақ тілі	28 мамыр	10.00-13.00	№32 оқу кабинеті	Есенова Г.Ж.	Колбаева А.А.
2	Алгебра және анализ бастамалары	31 мамыр	10.00-15.00		Машимбаева Н.Н.	Тұрсынғалиева П.Қ.
3	Қазақстан тарихы	4 маусым	09.00-12.00		Садық И.Ә.	Мангибаева Б.Т.
4	Орыс тілі мен әдебиеті	7 маусым	10.00-13.00		Байсеуова М.У.	Бердимуратова К.С.
5	Биология Қазақ әдебиеті Математика Шет тілі Дүниежүзі тарихы Құқық негіздері	11 маусым	10.00-13.00		Қарағұлқызы М Есенова Г.Ж. Машимбаева Н.Н. Ахат Г.Е. Садық И.Ә.	Исегалиева Г.Т. Колбаева А.А. Тұрсынғалиева П.Қ. Сайлыбайқызы Г. Мангибаева Б.Т.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы 2023 жылғы 13 сәуірдегі №96 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидалары туралы» бұйрығын негізге ала отырып, 2024 жылдың 29 қаңтары күні мектепшілік «Қорытынды аттестаттау комиссиясын құру туралы» №22 бұйрығына сәйкес комиссия төрағасы, мектеп директоры К.К.Абуова және комиссия мүшелері уақытында барлық емтихан №125 бұйрықтың 44-тармағына сәйкес материалдарын (тапсырмалар мен балдарды қою схемасы) сілтемелер арқылы алып, емтихан уақыттарында өз міндеттерін толық атқарды. Емтихан материалының ашылуына акт жасалды. Балдарды бағаға ауыстыру шәкілі №125 бұйрықтың 74,78-тармағы және 4-қосымшасына сәйкес жүргізілді. Емтихан бағасының қойылуы және қорытынды бағаларының дұрыстығы тексерілді.


Мектепшілік 2024 жылдың 24 мамыры күні «Емтихан күндеріне кезекшілік ұйымдастыру туралы» бұйрығы негізінде мектеп әкімшілігі және жауапты мұғалімдер кезекшілік жұмыстарын жауапкершілікпен атқарды.

Емтихан алушы мұғалімдер мен ассистенттер 11-сынып оқушыларынан емтихан жұмыстарын 125 бұйрық негізінде астрономиялық уақыттарды және талаптарды, академиялық адалдықты сақтай отырып, жұмыстарын алып, қорытындылап, №125 бұйрық қағидаларының 3-қосымшасына сәйкес нысанында емтиханның қағаз және электронды хаттамасы жасалды.

2023-2024 оқу жылының 11-сынып оқушылары қорытынды аттестаттаудан төмендегідей көрсеткіш көрсетті.

/16 кесте/

№	Пәні	Қатысқан оқушы саны	Емтихан бағасы			Сапасы %	Үлгерімі %	Қорытынды %	Көрсеткіші %	Пән мұғалімі
			5	4	3					
1	Қазақ тілі	19	2	12	5	73	100	58	-15	Есенова Г.Ж.
2	Алгебра және анализ бастамалары	19	-	14	5	73	100	68	-5	Машимбаева Н.Н. .
3	Орыс тілі мен әдебиеті	19	6	8	5	74	100	79	+5	Байсеуова М.У.
4	Қазақстан тарихы	19	3	12	4	78	100	78	тұрақты	Садық И.Ә.
5	Биология	4	2	2	-	100	100	100	тұрақты	Қарағұлқызы М
	Геометрия	2	-	1	1	50	100	50	тұрақты	Машимбаева Н.Н.
	Қазақ әдебиеті	1	-	-	1	0	100	0	тұрақты	Есенова Г.Ж.
	Шет тілі	2	1	-	1	50	100	50	тұрақты	Ахат Г.Е.
	Дүниежүзі тарихы	4	2	-	2	50	100	50	тұрақты	Садық И.Ә.
	Құқық негіздері	6	-	5	1	83	100	83	тұрақты	Садық И.Ә.
	Таңдау пәндерінен	19	5	8	6	68	100	55,5	-12,5	
Жалпы	95	16	54	25	74	100	68	-6		



Қорытынды: емтихан бойынша білім сапасының көрсеткіштері бойынша **қазақ тілі** пәнінен сапа -15 пайызға төмендеу себебі, жыл бойына қанағаттанарлық бағасымен бағаланған Барсаева Т, Ғалымжан Г, Шайхисламова А емтихан тапсырмаларын толық, тиянақты орындап «4» ке бағаланды. **«Алгебра және анализ бастамалары»** пәнінен -5 пайызға төмендеу себебі, жыл бойы қанағаттанарлық бағасымен бағаланған Г.Ғалымжан емтихан жұмысын талапқа сай, ұқыпты орындап жақсы бағасымен бағаланды.


Таңдау пәндері бойынша **қазақ әдебиеті** пәнінен қорытынды сапасы- пайызды құрады, емтиханға 1оқушы қатысып қанағаттанарлық бағасымен бағаланғандықтан емтиханның білім сапасы – 0пайыз. Таңдау пәндерінің жалпы емтихан сапасы – 68 пайызды құрады, қорытынды білім сапасы – 56 пайыз, (-12 пайызға кему).

Емтихандарда ZOOM платформасы уақытында қосылып, 125- бұйрықтың 59-тармағына сәйкес жазбаша жұмыстарды орындау – 3 астрономиялық сағат, математика (алгебра) – 5 астрономиялық сағатта аяқталды. Емтихан өту кезінде өрескел бұзушылықтар болған жоқ. Мемлекеттік емтихандар қанағаттанарлық деңгейде өтті. Қорытынды аттестаттау Ереже талаптарын сақтай отырып, өткізілді.

9-сыныптың 3 жылғы қорытынды аттестаттау көрсеткіші

/17 кесте/

№	Пәннің атауы	Қорытынды аттесттау білім сапасы			Үлгерімі	Көрсеткіші
		2021-2022о.ж.	2022-2023о.ж.	2023-2024о.ж.		
1	Қазақ тілі	42%	63%	70%	100%	+7%
2	Алгебра	70%	44%	50%	100%	+6%
3	Орыс тілі мен әдебиеті	66%	81%	80%	100%	-1%
4	Биология	67%	56%	60%	100%	+4%
	Жалпы	61%	61%	65%	100%	+4%




Қорытынды: 3 жылғы білім сапасының көрсеткішінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінен -1 пайызға кему, қалған оқу пәндерінің білім сапасының көрсеткіші +4 пайыздан +7 пайызға өсті.

11-сыныптың 3 жылғы қорытынды аттестаттау көрсеткіші

/18 кесте/

№	Пәннің атауы	Қорытынды аттесттау білім сапасы			Үлгерімі	Көрсеткіші
		2021-2022о.ж.	2022-2023о.ж.	2023-2024о.ж.		
1	Қазақ тілі	67%	70%	70%	100%	+7%
2	Алгебра және анализ бастамалары	74%	90%	50%	100%	+6%
3	Орыс тілі мен әдебиеті	95%	60%	80%	100%	-1%
4	Қазақстан тарихы	68%	70%	78%	100%	+8%
5	Таңдау пәні	-	-	-	-	-
	Шет тілі	-	100%	50%	100%	+4%
	Биология	-	100%	100%	100%	тұрақты
	Дүниежүзі тарихы	-	50%	50%	100%	тұрақты
	Геометрия	-	-	100%	100%	-
	Қазақ әдебиеті	-	-	0%	100%	-
	Құқық негіздері	-	-	83%	100%	-
	Жалпы	76%	77%	66%	100%	-11%



Мектеп құжаттарымен жүргізілген жұмыстар

Мектепшілік бақылау жоспарына «Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланылатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 615 бұйрығы басшылыққа алынып, сәйкес қатаң есептегі мектеп құжаттарын бақылау жоспар бойынша жыл бойы жұмыстар жүргізілді.

Электронды «BilimClass.kz» журналдың толтырылуын бақылау

Сынып журналдарының толтырылу жағдайын тексеру барысында анықтама дайындау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының «Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланылатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 615 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі және жалпы орта мектептің сынып журналдарын жүргізуге арналған нұсқаулықты басшылыққа ала отырып 1-11 сыныптардың журналы тексерілді. Сынып журналы мектептің әрбір мұғалімі және сынып жетекшісі үшін жүргізуге міндетті мемлекеттік құжат болып табылады.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері электрондық нәтижелерді тіркеу журналында тіркелген. Барлық балдар, бағалардың есебі электрондық журналда автоматты түрде жүзеге асырылады. Білім алушылардың бөлім/ортақ тақырыптар бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерін қою электрондық журналда жүзеге асырылып отыр.

Электронды журналға қосылған сынып саны -11, мектеп әкімшілері мен мұғалімдерінің саны -31, оқушылар саны-245.

I. «Есептілік» кезеңі бойынша мектептің ІҮ оқу тоқсаны мен жылдық «білім сапасы» қаралды

/19 кесте/

Кезең	Барлық журнал саны	Оның ішінде	Оқушылар саны	Оқу озаты	екпінділер	үлгерушілер	үлгемеушілер	Аттестатталған жоқ	Уақытша аттестатталған жоқ	Бір пән бойынш «4»	Бір пән бойынш «3»	Білім сапасы	Үлгерім сапасы	Орташа балл
1-тоқсан	11	1 (ү/0)	220	21	68	131	0	0	0	2	13	40,4	100	3,73
2-тоқсан	11	1 (ү/0)	220	21	80	113	0	0	0	0	2	45,9	100	3,75
3-тоқсан	12	2 (ү/0)	221	27	88	106	0	0	0	0	3	52	100	3,81
4-тоқсан	12	2(ү/0)	223	28	91	104	0	0	0	0	3	53,3	100	3,83
Оқу жылы	12	2 (ү/0)	223	27	92	104	0	0	0	0	3	53,3	100	3,83

«Сынып бойынша үлгерім» бойынша оқушылар толық бағаланған.

«Пән бойынша үлгерім» бойынша ,пәндерден барлық оқу кезеңдеріне бағалар қойылған, білім сапасы мен үлгерім сапасы шығарылды.

«Бұйрықтарды тіркеу кітабы» бойынша оқу жылы бойынша барлық кеткен-келген оқушылар бұйрықтарымен тіркеліп, шығарылған, барлығы 43 бұйрық тіркелген.

«БЖБ/ТЖБ талдауы» бойынша 2-11 сыныптардың және 2,6 сынып үйден оқыту бойынша 1-3 оқу тоқсандарында пәндерден қойылған, кестелері журналда көрсетілген, пән мұғалімдері әдістемелік бөлімге есептерін тапсырып, талдауы мектеп бойынша жасалынған.

II. «Мониторинг» кезеңі.

«Пәндердің қорытылуы» 1-кезең, 2-кезең бойынша 2-11 сыныптардың және 2,6 сынып үйден оқыту пәндері жеке тексерілді, барлық оқу пәндерінен бағалар шығарылған.

«Мектепті басқару» бөлімінде:

«Алфавиттік кітап» бойынша 27 бет ашылған, мектепте – 245 оқушы тіркелген, барлығының алфавиттік номері қойылған.

«Оқу бағдарламалары» бойынша 1-11 сыныптардың пәндері бойынша оқу бағдарламаларының орындауы көрсетілген, оқу жылы бойынша оқу бағдарламалары толық орындалған, сағат сандары сәйкес келеді.

«Сыныптардың кестесі» бойынша I, II жарты жылдық бекітілген кестеге сәйкес келеді.

«Қосымша білім беру» бойынша оқу-далалық жиын жаттығуы-10 сынып, қозғалмалы ойындар – 1-4 сынып, футбол – 5,6,8 сынып, баскетбол-7 сынып, волейбол- 9 сынып журналдары ашылып, толтырылды..

Қорытынды: Мектеп бойынша журнал толық қаралды. Барлық оқу пәндерінен тоқсандық, жылдық бағалар шығарылды. ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрығының 16-19 тармақтары бойынша инварианты, вариативті компонент және қысқартылған оқу жүктемесі бар ҮОЖ – на сәйкес бағаланбайтын пәндерден «есептелінді» жүргізілген. 1-4 сынып журналдары жабылды. Журналдардың толтырылу деңгейі қанағаттанарлық, нормативтік құжаттарды басшылыққа алынып жүргізілген. Маусым айында, 5-8,10 сыныптардың аралық емтихан, 9,11 сыныптардың мемлекеттік емтихан бағалары қойылып, оқушылардың оқу үлгерімі табелі жүктеліп, журналдар кезек-кезеңімен толық жабылды.

Аттестаттарды тіркеу кітаптары

2023-2024 оқу жылында негізгі орта білімін алған оқушыларға 19 оқушыға «Негізгі орта мектепті бітіргендігі туралы аттестат» беріліп, тіркеу журналына номерлері, бағалары түсірілді.

"Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 7 маусымдағы № 277 бұйрығын негізге ала отырып №125 бұйрықтың 48-тармағына сәйкес 5-9 сыныптардағы оқу кезеңінде барлық пәндер бойынша жылдық, емтихан және қорытынды бағалары «5» болған, №39 бұйрықпен бекітілген нысанның 1-қосымшасына сәйкес Мұхтарова Ұлжанай Ерлановна негізгі орта білім туралы **үздік аттестат беріліп**, тіркелді.

Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 7 маусымдағы № 277 бұйрықпен бекітілген нысанның 1-қосымшасына сәйкес және жылдық, емтихан, қорытынды бағалары негізінде **жалпы орта білім туралы аттестат беріліп**, тіркелді.

Қорытынды: Аттестатқа түсірілген бағалардың сәйкестігі тексерілді. ҚББ –нен алынған негізгі орта білім туралы аттестаты мен жалпы орта білім туралы аттестаты тіркеліп, шығысталды. Журналдың жүргізілуі талапқа сай, өз деңгейінде.

Оқушылардың жеке іс қағаздары және алфавиттік кітаптың жүргізілуі оқу жылы барысында жеке іс қағаздары бірнеше рет тексерілді. Сынып жетекшілер сынып журналына жеке істердің нөмірін алфавиттік кітаптағы нөмірлерімен сәйкес жазылған, оқушылардың кету, келу туралы мәлімет уақытында белгіленген. Оқушылардың оқу үлгерімі табеліне 2023-2024 оқу жылында педагогикалық кеңестің шешімі жазылып, толтырылып, қолдары қойылып, мектептің мөрі басылды. Оқушылардың жеке іс қағаздарының жүргізілуі талапқа сай, қанағаттанарлық.

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес жүргізілуі бойынша қаралды:

I. Білім алушылар жазылатын алфавиттік кітапқа (бұдан әрі - Алфавиттік кітап) орта білім беру ұйымының барлық білім алушылары жазылады. Бақылау нәтижесі төмендегідей: мектеп бойынша **4 алфавиттік кітап** бар. Алфавиттің әрбір әрпіне жеке бет арналып, әр әріпке реттік нөмір қойылған. 1-11 сыныптардың бекітілген тізімі мен алфавиттік номері бойынша, барлығы-**245 оқушы** тіркелген. Қаңтар-мамыр айлары бойынша келген – **11 оқушы** тіркелді, кеткен- **5 оқушы** шығарылды, барлық мәліметтер толық жазылып көрсетіліп, сыныбы көрсетілді. Алфавиттік кітап қабылданған оқушылармен

толықтырылып, басқа мектепке ауысқан оқушылар шығарылды. Кітаптардың жүргізілу деңгейі-қанағаттанарлық.

II. Жеке іс-қағаздары сынып жетекшілері тарапынан талапқа сай толтырып, уақытылы жұмыстар жүргізілген. Оқушылар жеке іс-қағаздарында бастауыш, негізгі, жалпы орта білім беру деңгейлеріне байланысты суреттері толық, қабылданған бұйрықтары жазылған, алфавиттік номерлері тіркелген, қабылданған өтініштері мен заңды тұлғаларының мектеппен келісім-шарты жасалған, оқушылардың оқу үлгерімі табельдері толық жинақталған. Сыныптар бойынша ескертулер жоқ.

Мектепшілік бақылау жұмысының орындалуы туралы

Мектепшілік бақылау мектепшілік бақылау ережесі бойынша және 2022-2023 оқу жылының талдау қорытындысында берілген ұсыныстар бойынша жасалынған.

2023-2024 оқу жылындағы мектепшілік бақылау келесі бөлімдерден құрылды:

- нормативті құжаттарды басшылыққа ала отырып, орындалуын бақылау;
- мектеп құжаттарын жүргізуді бақылау;
- бағдарламалық білімді меңгеруімен оқу-тәрбие үрдісінің сапасын бақылау;
- оқу пәндерінің берілу жағдайын бақылау;
- қорытынды аттестаттауға дайындық жұмысын бақылау;

Осы бағыттар бойынша оқу-тәрбие үрдісін бақылауда төмендегі тақырыптар бойынша бақылау жұмыстары жүргізілді:

- оқушылардың білімі мен үлгерімі;
- оқушылардың қозғалысы;
- мектептегі қатаң есептіліктегі құжаттарының жүргізілу жағдайы;
- оқу бағдарламаның және жазба, практикалық жұмыстарының орындалуы, дәптерлердің жүргізілу жағдайы;
- қорытынды аттестацияға дайындық жұмыстары және нәтижесі;
- жекеленген пәндердің берілу деңгейі;
- оқу машығының стандартты деңгейінің орындалуы;
- мемлекеттік қызметтердің ұйымдастырылуы;
- электронды журналдың тексерілуі;
- ҰБТ, ББМЖ дайындық жұмыстарының ұйымдастырылуы;
- жаңартылған білім мазмұнына сәйкес сабақтарда кері байланыстың ұйымдастырылуы;

Әр ай сайын мектептің оқу-тәрбие жұмысын үйлестіру жоспарына сәйкес және былтырғы оқу жылында мектепшілік бақылауда болған пәндердің кемшіліктеріне байланысты пәндердің мемлекеттік стандартқа сәйкес орындалуын бақылау, кластың бөлінуіне байланысты кластың тәрбие деңгейін бақылау, мектеп құжаттарын тексеру, көрсеткіші төмен тереңдетілген пәндердің берілуін бақылау, жыл бойы толықтырылмаған оқу кабинеттерін толықтыруына бақылау жүргізілді. Осы мектепшілік бақылаулардың қорытындысы педагогикалық кеңесте, әкімшілік жанындағы кеңесте, директор жанындағы жиналыста, әдістемелік отырыста, бірлестік отырыстарында қаралып, талқыланды, хаттамаларында жазылып, қаулылары шығарылды.

Әрбір бірлестік бойынша жеке пәндердің берілу сапасы және әрбір пән мұғалімінің сабақ беретін сыныптарындағы жалпы білім сапасы тоқсан сайын салыстырмалы түрде бақыланып келеді. Әр тоқсан соңында бірлестіктер бойынша пән мұғалімдерінің салыстырмалы көрсеткіші шығарылды. Ол көрсеткіш әрбір мұғалімнің кәсіби шеберлігінің жеке дамуын айқындау мақсатында мектеп мониторингіне енгізілді. Әрбір бірлестіктер өз мұғалімдерінің даму деңгейі үнемі бақыланып отырды. Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес мәселелер хаттамаланып, анықтамалары бірінші және екінші жарты жылыда бойынша жасалып, жинақталды.

«Жазғы мектеп-2024» жұмысының ұйымдастырылуы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі орта білім беру комитетінің 2024 жылғы 10 мамырдағы №20-1-20-6/3159-И хаты, «Ақтөбе облысы білім басқармасы» ММ-нің 2024 жылғы 14 мамырдағы №247 бұйрығына», «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 2024 жылғы 20 мамырдағы №267 бұйрығына сәйкес білім сапасын арттыру, қыс мезгілінде ауа райы және көктемгі су тасқыны салдарынан сабақтар тоқтатылуына байланысты орын алған олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 2024 жылдың 23 мамыры күні мектепшілік №122 бұйрығы негізінде «Жазғы мектеп» жұмыстары 27-31 мамыр арағында ата-аналарының өтініштері негізінде 1-4, 5-8, 10-сынып оқушыларына ұйымдастырылды. Жазғы мектепке мектеп бойынша жалпы- 42 оқушы қатысты.

Мақсаты: оқыту сапасын арттыру, білім алушылардың, оның ішінде үлгерімі төмен білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру.

Міндеті: білім алушылардың оқу қызметіне деген ынтасын арттыру;

оқушыларда оқу жүктемесін тиімді орындау үшін қажетті өзін-өзі реттеу жүйесін қалыптастыру;

білім алушыларды тұлғалық дамуды және өзін-өзі анықтауды қамтамасыз ететін коммуникацияның, ойлаудың және қызметтің заманауи нысандарына қосу.

Жазғы мектепті ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар басшылыққа алынды. Сабақ кестесі бекітіліп, бастауыш сыныптарда сабақтар 30 минуттан, 5-10 сыныптарда 40 минуттан жүргізілді. Білімдегі

1	Ақтөбе облыстық әдістеме орталығы	«Қазақстан тарихы пәнін оқытуда қолданылатын кестелер мен сызбалар» әдістемелік құрал-16.01.2024	Садық И.Ә Тарих пәні
2	Ақтөбе облыстық әдістеме орталығы	«Тарихта орын алған жазбалар»-электронды орта-16.01.2024	Садық И.Ә Тарих пәні
3	Ақтөбе облыстық әдістеме орталығы	"Үздік сабақ үлгілері" тақырыбындағы электронды орта-29.04.2024	Коппагамбетова А.Ғ
4	Ақтөбе облыстық әдістеме орталығы	"Әліппе сабақтарында деңгей, дамытушылық тапсырмаларды қолданудың жолдары»1-сыныптың Әліппе пәніне арналған әдістемелік көмекші құрал	Коппагамбетова А.Ғ
5	Ақтөбе облыстық әдістеме орталығы	"Оқушылардың математикалық сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалары" (PISA халықаралық зерттеулері бойынша)-электронды орта-18.04.2024 ж	Тұрсынғалиева П.Қ

Ғылыми-практикалық конференцияға қатысқандар

№	Конференция деңгейі	Конференция тақырыбы	Баяндама тақырыбы	Пән мұғалімі
1	Өңірлік ғылыми-практикалық конференция	«Есет пен Махамбеттің саяси көшбасшылық келбеті»	«Батыр бабамыздың бейнесі ұрпақтар	Садық И.Ә

			санасына елдік пен ерліктің символы»	
--	--	--	--------------------------------------	--

Облыстық семинарға қатысым

№	Ұйымдастырушы	Семинар тақырыбы	Пән мұғалімі
1	Ақтөбе облыстық білім басқармасы Қазақстан математика пәні мұғалімдері қауымдастығы	«Математика және физика пәні мұғалімдерінің ІІІ облыстық шығармашылық байқауы-сертификат	Тұрсынғалиева П.Қ
2	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы	«Математика, физика пәндерін оқытудағы тәжірибе мен ізденіс» облыстық семинар-сертификат	Сағын Н.Н
3	Ақтөбе-Дарын Ғ/Т қосымша білім беру орталығы	«Modern lesson resourcer english as a language» облыстық семинар-сертификат	Сайлыбайқызы Г
4	Әдістемелік кабинет және «Ақтөбе облыстық жастар мен балалар ұйымы қауымдастығы»	«Әлеуметтік желідегі парақшалармен жұмыс жасайтын СММ мамандарына арналған оқыту семинары-сертификат	Шанық А.Р
5	Ақтөбе-Дарын Ғ/Т қосымша білім беру орталығы	«Нормативтік құқықтық модуль» облыстық практикалық семинар-сертификат	Төреғалиев Б.Б
6	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы	«XXI ғасыр дағдыларына бағытталған бизнес білім; тәжірибе және болашаққа бағдар» облыстық семинар-сертификат	Мангибаева Б.Т
7	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы	«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда белсенді мұғалімнің ролі»-облыстық семинар-сертификат	Садық И.Ә
8	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы	«Бөлім бойынша жиынтық бағалау тапсырмасын әзірлеу әдістемесі»-облыстық семинар-сертификат, алғыс хат	Садық И.Ә
9	Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы	«Ізінен аңыз ерген Ілияс Есенберлин»-облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция -сертификат	Есенова Г.Ж
10	Қ.Жұбанов университеті	«Ақтөбе өңіріндегі кеңестік қуғын-сүргін: тың деректер және зерттеу нәтижелері» өңірлік ғылыми конференция-сертификат	Садық И.Ә

Республикалық семинарға қатысым

№	Ұйымдастырушы	Семинар тақырыбы	Пәні
1	Ақтөбе қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі»ММ	«Ұлт тілі-мемлекеттік негізі»республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция -сертификат	Есенова Г.Ж
2	ҚР Президенті жанындағы отбасылық демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия	«Салауатты ұрпақ- ұлт байлығы»-II Халықаралық форум-сертификат	Абуова К.К
3	«Өрлеу» БАҰО» АҚ	"Teaching English Effectively through Express Publishing Materials"-респуб.семинар- Express Publishing баспасы-сертификат	Ахат Г.Е

Қорытынды:

Пән мұғалімдерінің біліктілігін арттыру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілді, алған білімдерін сабақ беру барысында қолданылуы қадағаланды және тәжірибелерін тарату мақсатында өзара сабаққа кіру, семинар мен дөңгелек үстелдер өткізу ұйымдастырылды.

Ұсыныс:

- Мұғалімдер өз біліктіліктерін арттыру мақсатында жүйелі және тұрақты түрде жұмыстану қажет.
- Пән мұғалімдер кәсіби деңгейлерін шыңдау және өз тәжірибелерін насихаттау мақсатында байқаулар мен педагогикалық олимпиадаларға жиі қатысуы, әдістемелік құралдарды шығару қажет;
- Педагог-мамандарға үздіксіз білім беру және алу жұмыстарын жалғастыру, қажетті оқу ресурстарымен қамтамасыз ету;

5. Пәндік әдістемелік бірлестіктердің жұмысы.

2023-2024 оқу жылында мектепте 4- пән әдістемелік бірлестігі жұмыс жасады. Бірлестік жетекшілері жылдық жоспарларын бекітіп, жұмыстарын толық атқарып шықты.

Бастауыш кластар бойынша әдістемелік бірлестіктің жұмысы:

«Педагогикалық және ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың сауатын ашу, білім-білік дағдыларын қалыптастырып, заман талабына сай білім беру».

Мақсаты: Бастауыш сынып пәндері бойынша білім беруді жаңарту және критериялды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан педагогтардың жауапкершілікті түсіну мен олардың кәсіби деңгейіне, педагогикалық шеберлігін жетілдіруде және білім беру үдерісіндегі көптеген мәселелерді шешу.

Әдістемелік жұмыс міндеттері:

- ❖ бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;
- ❖ бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету;
- ❖ бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериялды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету;
- ❖ мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында бастауыш сынып пәндері бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру.

Бірлестіктің өзекті мәселесі 2021-2024 оқу жылдарына үш жылға алынған. Биыл үшінші жыл жұмыс жасалуда.

2023-2024 оқу жылында бастауыш бірлестігінде 4 бастауыш сынып комплектісі бар. 1-класс-біреу, 2-класс -біреу, 3-класс- біреу, 4-класс – біреу. Жалпы бірлестікте 4 ұстаз қызмет етеді.

Мұғалімдердің кәсіби деңгейі

р/с	Мұғалімнің аты-жөні	пәні	сынып	Пед.өтілі	санаты
1	Жайжигитова Назгуль Жунысовна	бастауыш	1	18	Педагог-сарапшы
2	Коппагамбетова Ардак Галымжановна	бастауыш	2	30	Педагог -зерттеуші
3	Калманова Жадыра Елубаевна	бастауыш	3	22	Педагог-сарапшы
4	Есмұханова Тоғжан Даулетқалиқызы	бастауыш	4	7	Педагог-модератор

Мұғалімдердің кәсіби деңгейі

Жоғары білімді	Арнаулы орта білімді
Есмұханова Т.Д С.Баишев АУ 2017	Жайжигитова Н.Ж АГК-2004
Калманова Ж.Е. АПИ-1994	
Коппагамбетова А.Г. АПИ-1993	

Педагогикалық өтілі

Мұғалімнің аты-жөні	жалпы	жалпы пед.	осы мектептегі
Жайжигитова Назгуль Жунысовна	18	18	18
Коппагамбетова Ардак Галымжановна	35 ж, 6 ай	30 ж	21 ж
Калманова Жадыра Елубаевна	22	22	10
Есмұханова Тоғжан Даулетқалиқызы	7	7	7

Педагогикалық өтілі бойынша:

1-5 жыл-0 5-10 жыл- 1 10-15жыл-0 15-25 жыл-2 30-дан жоғары-1

Санаты бойынша

Жоғары біліктілік	Арнаулы орта	Жоғары біліктілік	Жоғары біліктілік
Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор
Коппагамбетова А.Г. 2019 ж	Жайжигитова Н.Ж 2021ж	Калманова Ж.Е. 2021ж	Есмұханова Т.Д 2021ж

Білім жетілдіру курсы

Жаңартылған білім	жылы	Базалық	жылы	Класс жетекшілік	жылы
Жайжигитова Н.Ж	2019 сәуір	Жайжигитова Н.Ж	2024 сәуір	Жайжигитова Н.Ж	-
Есмұханова Т.Д	2020 тамыз	Есмұханова Т.Д	2021 қаңтар	Есмұханова Т.Д	-
Коппагамбетова А.Г.	2018 мамыр	Коппагамбетова А.Г.	2024 наурыз	Коппагамбетова А.Г.	2019
Калманова Ж.Е.	2019 шілде	Калманова Ж.Е.	2024 мамыр	Калманова Ж.Е.	2019

Мұғалімнің аты-жөні	Туған ж.а.к	Мекен-жайы	Электронды поштасы
Жайжигитова Назгуль Жунысовна	18.05.1985	Санкибай батыр 159/1,41	zhayzhigitova@mail.ru
Коппагамбетова Ардак Галымжановна	09.06.1970	Д.Пожарский 34-69	koppagambetova.ardak.70@mail.ru
Калманова Жадыра Елубаевна	22.10.1974	Д.Пожарский 36/3-94	zhadyrakalmanova@mail.ru
Есмұханова Тоғжан Даулетқалиқызы	14.12.1990	Батыс-2, 338А, кв 12	Togzhan_e@bk.ru

Өзекті мәселесі

Мұғалімнің аты-жөні	Өзекті мәселесі
Жайжигитова Н.Ж	Бастауыш сынып оқытуда жаңа технология элементтерін пайдалана отырып, ойлау қабілетін дамытып, шығармашылық қиялын жүйелеу, таным қабілеттерін дамыту
Коппагамбетова А.Г.	Оқытудың жаңа инновациялық технологияларын пайдалана отырып, оқушылардың сапалы білім алуына жағдай туғызу, бәсекеге қабілетті, Отансүйгіш, мәдениетті тұлғаны қалыптастыру.
Калманова Ж.Е.	Жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқытудың белсенді әдістерін тұрақты қолданысқа енгізу.
Есмұханова Т.Д	Бастауыш сыныпта заманауи әдіс – тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру

Бастауыш сыныптардың жалпы сапа көрсеткіші

I тоқсан 2023-2024		II тоқсан 2023-2024		III тоқсан 2023-2024		IV тоқсан 2023-2024		Жылдық	
сапа	үлгерім	сапа	үлгерім	сапа	үлгерім	сапа	үлгерім	сапа	үлгерім
50 %	100 %	57%	100 %	59%	100 %	59 %	100 %	58 %	100 %

Жалпы бастауыш бойынша IV тоқсанда сапа көрсеткіш 59 %, жылдық сапа 58%, салыстырғанда -1 %-ға төмендеген.

IV тоқсан қорытындысы бойынша сыныптардың білім сапасының көрсеткіші

Кл	Мұғалімі	I тоқсан 2023-2024	II тоқсан 2023-2024	III тоқсан 2023-2024	IV тоқсан 2023-2024	Жылдық
2	Коппагамбетова А.Г.	54 %	55 %	55 %	55 %	55 %
3	Калманова Ж.Е	45%	59 %	60 %	63 %	63 %
4	Есмұханова Т.Д	52 %	56 %	62 %	59%	59%

Сыныптардың білім сапасының көрсеткіші ең жоғарғы пайыз 3 сыныпта 63 %, 4 сыныпта 59 %, 2 сыныпта қалыпты екенін көруге болады.

4 тоқсан бойынша пәндер көрсеткіші

Пән аты	2 класс	3 класс	4 класс
қазақ тілі	55 %	63 %	67 %
әдебиеттік оқу	55 %	76 %	59 %
математика	55 %	63 %	63 %
орыс тілі	66 %	73 %	67 %
шетел тілі	-	70%	59%
жаратылыстану	55 %	73 %	81%
дүниетану	55 %	63 %	74 %

Жылдық бойынша пәндер көрсеткіші

Пән аты	2 класс	3 класс	4 класс
қазақ тілі	55 %	66%	67 %
әдебиеттік оқу	55 %	73%	59 %
математика	55 %	66 %	63%
орыс тілі	66 %	73 %	63%
шетел тілі	-	70%	59%
жаратылыстану	55 %	70 %	81 %
дүниетану	55 %	73 %	74%

Сыныптар бойынша жоғары пайызды 4 сыныпта жаратылыстану пәнінен 81 пайыз, 3 сыныпта орыс тілі және жаратылыстану, дүниетану пәндерінен 73 пайыз көрсетсе, 2 сыныпта барлық пәннен 55 % көрсеткіште, тек орыс тілі пәнінен 66 пайызды көрсетіп тұр.

Пәндер бойынша білім сапасының салыстырмалы сапа көрсеткіштері

Пәні	I тоқсан 2023-2024	II тоқсан 2023-2024	III тоқсан 2023-2024	IV тоқсан 2023-2024	Жылдық
Қазақ тілі	64 %	61 %	62 %	62%	62%
Әдебиеттік оқу	65%	59%	59%	63%	62%
Математика	61 %	63 %	62 %	60%	61%
Жаратылыстану	67 %	65 %	73 %	69%	68%
Дүниетану	-	70 %	-	64%	67%
Орыс тілі	67 %	64 %	68%	68%	67%
Ағылшын тілі	59 %	63 %	64%	64%	64%

Пәндер бойынша жылдық білім сапасынан жоғары 68 % жаратылыстану пәні көрсетсе, төменгі 61 % математика пәні көрсетіп отыр.

1 сынып. Сынып жетекшісі: Жайжигитова Назгуль Жунысовна

2023-2024 оқу жылындағы I тоқсанда 20 оқушымен аяқтады. II тоқсанда 19 оқушы. Оның ішінде 11 ұл, 8 қыз. Ұлты- қазақ. №22 орта мектепке Ильясов Санжар ауысты. III тоқсанды 19 оқушымен бастады, 20 оқушымен аяқтады. 19.02.24ж. күні №11 бұйрықпен №14 орта мектептен Аманкулова Қазына ауысып келді. VI тоқсанды 20 оқушымен бастады, 22 оқушымен аяқтады. 15.04.24ж. күні №14, №15 бұйрықпен Ермек Бақыт пен Ермек Дәулет су тасқынына байланысты №36 қазақ орта мектебінен ауысып келді..

Сыныпта 11 көпбалалы отбасы. 1 оқушы атаулы әлеуметтік көмек алады. (АСП) Сауытбаева Х.Сәтсіз отбасы 2 оқушы, ол Салық Ст және Аманкулова Қ

Көпбалалы отбасы: Бауыржанова А, Қалдыбаева А, Қалтаева Н, Мұхтар А, Нұрмағанбет Ә, Сауытбаева Х, Сейдаллы Д, Шарафат І, Шарафат А, Ермек Б, Ермек Д. Өгей әкесімен тұратын 1 оқушы. Аманкулова Қ жалдамалы пәтерде тұрады.

Оқушылардың жалпы бейімделу деңгейі қалыпты, өзара бір-бірімен қарым-қатынасы тұрақты қалыптасқан. 17 оқушы балабақшада болған. 3 оқушы үйден келіп отыр. Олар: Сауытбаева Х, Көбеген Р, Қалтаева Н. Тіл мүкестігі бар балалар бар. Олар: Базарғали Н, Қалтаева Н, Нұрмағанбет Ә, Туғамбай А. р, л, д дыбыстарына тілдері келмейді.

1 сынып оқушыларының арасында өте жақсы деңгейде оқып отырған оқушылар:

1. Наурызов Аблай әріптерді таниды. Сөздерді, сөйлемдерді тұтастай оқиды. Диктант жазады. Дыбыстық талдау жасай біледі. 10-ға дейінгі сандарды қосып, азайтады, сандарды салыстыра біледі. Әріптерді байланыстырып жазады, әліде әдемі, көркем жазуға үйрету керек. Мәтіннен түсінгенін мазмұндай алады.

2. Салық Самрат сөздерді, сөйлемдерді тұтастай оқиды. Диктант жазады. Дыбыстық талдау жасай біледі. 10-ға дейінгі сандарды қосып, азайтады, сандарды салыстыра біледі. Сандарды, әріптерді байланыстырып жазады. Жазу каллиграфиясын әлі де дұрыстау керек.

3. Шарафат Іңкәр өтілген әріптерді меңгеріп, дыбыстық талдау жасап, буынға бөлуді, сөзден сөйлем құрауды, диктант сауатты жазады. Сандарды, әріптерді байланыстырып, әдемі, таза жазады. Жеке тапсырманы өз бетінше орындай біледі. Теңдеу, теңдік, теңсіздікті, салыстыру берілген есептерді жақсы шығарады.

4. Сауытбаева Ханифа өтілген әріптерді меңгеріп, дыбыстық талдау жасап, буынға бөлуді, сөзден сөйлем құрауды, сөздік диктант жазып, 10-ға дейінгі сандарды қосып азайтуды меңгеріп отыр. Сан құрамын өте жақсы біледі. Сандарды, әріптерді байланыстырып, көркем, әдемі, таза жазады. Жеке тапсырманы өз бетінше орындай біледі. Сөз есептердің шартын құра біледі және кері есептер шығара алады.

5. Базарбай Нұрдаулет өтілген әріптерді меңгеріп, дыбыстық талдауды жасайды, сөздерді буындап жылдам оқиды. Сандарды қосып, азайтады, диктантты жаза алады. Бала сұрақтарға еркін жауап береді. Сөзден сөйлем құрайды. Жазуын әліде дұрыстау керек. Теңдеу, сөз есептерді шығара біледі.

6. Мұхтар Айназым өтілген әріптерді біледі. Мәтінді тұтас оқиды. Есептерді өз бетінше орындайды. Теңдеу, сөз есептерді өте жақсы шығарады. Жазу каллиграфиясы жақсы. Сөз есептердің шартын құра біледі, кері есептер шығара алады.

Жақсы деңгейде меңгеріп отырған оқушылар:

7. Тұрсынбек Заңғар әріптерді таниды, буындап оқиды, диктант жазғанда қате жібереді. Жазу каллиграфиясы өте жақсы, әріптерді байланыстырып жазады. Математикаға өте жақсы, 10-ға дейінгі сандарды жылдам қосып, азайтады. Теңдеуге берілген есептерді шығарғанда шатастырады. Бірақ жеке тапсырма бергенде бала түсініп болмайды. Жәй қабылдайды.

8. Шарафат Аңсар әріптерді таниды, қосып оқиды. Диктант жазғанда қате жібереді. Дыбыстық талдауды жақсы біледі, жазу каллиграфиясын әліде дұрыстау керек. 10-ға дейінгі сандарды қосып, азайтады, сан құрамын жақсы біледі. Теңдеу, сөз есептерді жақсы шығарады. Мәтінді тұтас оқиды.

9.Нұрсайын Нұрәли әріптерді таниды, мәтінді тұтас оқиды,диктант жазғанда қате жібереді.Дыбыстық талдау жасайды. Жазу каллиграфиясын дұрыстау керек. Бірақ математикаға өте жақсы. Жеке берілген тапсырманы өз бетінше орындайды.

Орташа деңгейде меңгеріп отырған оқушылар:

10.Қалдыбаева Аяжан өтілген әріптерді таниды, дыбыстық талдауда шатасады.Сөздік диктант жазғанда кейбір әріптерді тастап кетеді, о,ұ,ы дыбыстарын шатастырады диктант жазғанда.10-ға дейінгі сандарды таниды, қосып,азайтқанда қате жібереді. Мәтінді тұтас оқиды. Теңдеу, сөз есептерді шығарғанда әлі де қателер жібереді.

11.Лепесов Ибраһим әріптерді таниды. Тұтас оқиды мәтінді, түсінігін өте жақсы айтады. Диктанттан қате жібереді.10-ға дейінгі сандарды таниды, қосып, азайтқанда жәй орындайды, қате жібереді.Теңдеу, сөз есептер шығарғанда әлі де шатастырады.

12.Бауыржанова Адия өтілген әріптерді таниды, буындап оқиды. Диктант жазғанда әріптерді шатастырады.10-ға дейінгі сандарды таниды. Қосып ,азайтуда саусақпен қосады Әріптерді байланыстырып жазады, әліде әдемі жазуға үйрету керек.

13. Елеуів Асқар өтілген әріптерді таниды. Тұтас оқиды сөздерді. дыбыстық талдауды жасай біледі,диктант жазғанда әріптердің жазылуын ұмытып қалады. Бірақ математикаға өте күшті 10-ға дейінгі сандарды жылдам қосып ,азайтады.

14.Досмухамбетова Улжан өтілген әріптерді таниды. Буындап оқиды, дыбыстық талдау жасағанда шатасады.диктант жазғанда қатемен жазады. 10-ға дейінгі сандарды таяқшамен қосып ,азайтады. Әріптерді байланыстырып жаза алмайды, жазуы нашар , әліде жұмыс жасау керек.

15. Нұрмағамбет Әлихан өтілген әріптерді таниды, буындап оқиды. Тапсырмаларды жәй орындайды. 10-ға дейінгі сандарды таниды, қосып ,азайтады. Жазу каллиграфиясын әліде дұрыстау керек.

16. Туғамбай Абдурахман өтілген әріптерді таниды, буындап оқиды. Тапсырмаларды жәй орындайды. 10-ға дейінгі сандарды таниды, қосып ,азайтуда қате жібереді. Диктант жазғанда әріптерді тастап кетеді.жазу каллиграфиясын әліде дұрыстау керек.

Орташадан төмен деңгейде меңгеріп отырған оқушылар

17.Сейдаллы Даурен әріптерді таниды, Әлі тұтастай оқи алады.Диктант жазғанда қате жібереді, жылдам оқуға үйрену керек. Сандарды таниды, 10-ға дейінгі сандарды қосып, азайтады.

18. Көбеген Райяна әріптерді шатастырады.Әріптеп оқиды. 10-ға дейінгі сандарды таниды. Қосып ,азайтуда қате жібереді. Диктант жазуда қате жібереді, себебі әріптерді толық білмейді.

19. Калтаева Назира әріптерді толық таниды.Әріптерді қосып оқи алмайды.10-дейігі сандарды таниды, қосып азайта алмайды.

20. Аманқұлова Қазына әріптерді таниды, буындап оқиды, 10-ға дейінгі сандарды таниды, қосып азайтуы нашар. Диктант жаза алмайды.

21. Ермек Дәулет әріптерді таниды, буындап оқи аламайды.Сандарды таниды, қосып ,азайта алмайды, саусақпен қосып, азайтады.Мәтін бойынша жұмыс жасай алмайды.Жаттығуды көшіре алмайды. Жазу жолдарын әлі білмейді.Өз бетінше жұмыс жасай алмайды. Мәтін бойынша мазмұндай алмайды.

22. Ермек Бақыт әріптерді таниды, буындап оқи аламайды.Сандарды таниды, қосып ,азайта алмайды, саусақпен қосып, азайтады.Мәтін бойынша жұмыс жасай алмайды.Жаттығуды көшіре алмайды. Жазу жолдарын әлі білмейді.Өз бетінше жұмыс жасай алмайды. Мәтін бойынша мазмұндай алмайды.

VI тоқсан бойынша жылдық қорытынды бойынша Калтаева Назира ,Көбеген Райяна сабақтан көп қалуына байланысты бағдарламаны толық игере алмай отыр.Ермек Дәулет,Ермек Бақыт №36 қазақ орта мектебінен келгеннен бағдарламаны игермеген,балалар төмен деңгейде отыр.

Аманқұлова Қазына отбасы жағдайына байланысты VI тоқсанды «Аяла» үйінде оқыды.

Оқушылар жетістігі:

1. I Республикалық «**Kids Start**» 1-4 сынып оқушыларына арналған пәндік олимпиадасын жеңімпаздары Базарғали Нұрдаулет,Лепесов Ибраһим,Шарафат Іңкәр,Салық Самрат,Шарафат Аңсар,Тұрсынбек Заңғар,Туғамбай Абдурахман I дәрежелі дипломмен марапатталды.

2. 1-4 сынып оқушыларына арналған облыстық "**Smart оқушы**" интеллектуалды олимпиадасында үздік нәтиже көрсеткені үшін I,II,III дәрежелі дипломмен Туғамбай Абдурахман,Салық Самрат,Нұрсайын Нұрәли,Нұрмағамбет Нұрәли,Бауыржанов Адия,Лепесов Ибраһим,Базарғали Нұрдаулет,Мұхтар Айназым,Шарафат Аңсар, Тұрсынбек Заңғар марапатталды.

3. "**АҚ БОТА**" зияткерлік олимпиадасының жүлдегерлері сертификат пен және I, II, III дәрежелі дипломменШарафат Аңсар,Шарафат Іңкәр,Лепесов Ибраһим,Нұрмағамбет Әлихан,Мұхтар Айназым,Базарғали Нұрдаулет марапатталды.

Мұғалім жетістігі:

1. I Республикалық "**TeachStart-2024**" атты педагогикалық Олимпиадасында бастауыш сынып мұғалімі лауазымы бойынша II орын ;

2."Өрлеу"БАҰО" АҚ филиалы "Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби даму институтының " қолдауымен, "Білім педагогикалық шығармашылық"орталығының ұйымдастыруымен өткен "**Білікті ұстаз-2023**" педагогтердің республикалық олимпиадасында III орын ;

3. "ӨРЛЕУ" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша кәсіби даму институты "ЦИФРЛЫҚ САБАҚ" әдістеме және құралдар" атты облыстық олимпиада нәтижесі бойынша III дәрежелі диплом
4. Жоғары оқу орындары мен колледждер оқытушыларына, мұғалімдер мен тәрбиешілерге арналған "PedOlimp" атты III Республикалық пәндік педагогикалық олимпиадасының I дәрежелі диплом
5. Колледждер мен жоғары оқу орындарының оқытушылары, тәрбиешілер мен мұғалімдерге арналған "PedOlimp" атты I Республикалық пәндік педагогикалық олимпиадасының II дәрежелі диплом
6. "ӨРЛЕУ" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша кәсіби даму институты "Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту PIRLS тапсырмаларымен жұмыс түрлерін ұйымдастыру" тақырыбындағы облыстық ғылыми-әдістемелік семинар тақырыбы бойынша "Бастауыш сынып оқушыларының мәтінді оқу және түсіну сапасын зерттеу тәсілдері" тақырыбында облыстық семинар өткізіп, алғыс хатпен марапатталды.
7. "ӨРЛЕУ" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша кәсіби даму институты "Ұлттық құндылыққа негізделген сабақ түрлері тақырыбындағы облыстық ғылыми-әдістемелік семинар тақырыбы бойынша "Сабақ барысында ұлттық құндылыққа бағытталған әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану" тақырыбында облыстық семинар өткізіп, алғыс хат
8. "Құндылыққа бағдарланған білім: педагогтің кәсіби құзіреттілігі" Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" акционерлік қоғамының филиалы Ақтөбе облысы бойынша кәсіби даму институты "Құндылыққа бағдарланған білім: педагогтің кәсіби құзіреттілігі" тақырыбы бойынша 8 сағаттық курс
9. "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" акционерлік қоғамының филиалы Ақтөбе облысы бойынша кәсіби даму институты "Табысты оқыту; міндеттер мен мәселелер" тақырыбы бойынша 8 сағаттық курс.
10. "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" акционерлік қоғамының филиалы Ақтөбе облысы бойынша кәсіби даму институты «Цифрлық сабақ: әдістеме және құралдар» тақырыбы бойынша 8 сағаттық курс
11. "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" акционерлік қоғамының филиалы Ақтөбе облысы бойынша кәсіби даму институты «Бастауыш мектепте құндылыққа бағдарланған тәсілді жүзеге асыру» тақырыбы бойынша 80 сағаттық курс

Қорытынды: Оқушылардың жалпы бейімделу деңгейі қалыпты, өзара бір-бірімен қарым қатынасы тұрақты қалыптасқан. Жылдық қорытындысы бойынша сабақ үлгерімі төмен, бағдарламаны меңгере алмай отырған, яғни әріптерді танымай немесе шатастырып, буындап оқи алмай, дыбыстық талдау жасай алмай отырған, 10 көлеміндегі сандарды қосып азайту, салыстыруда қиналатын оқушылармен жұмысты жандандыру. Қосымша жұмыс жүргізу.

2 сынып. Сынып жетекшісі: Коппагамбетова Ардак Галымжановна

2023 - 2024 оқу жылы №48 жалпы білім беретін орта мектебінің 2 сыныбында ІҮ тоқсан басында бала саны – 29, тоқсан соңында – 29 оқушымен аяқтады.

Оның ұлы – 17, қызы – 12. 29 оқушының ұлты- қазақ. Сыныпта дінге бейім оқушылар жоқ. Дене шынықтыру сабағынан босатылған оқушы жоқ. Сыныптағы 29 оқушының үздігі – 6 оқушы, екпінді оқушы – 10 оқушы, 13 оқушы – орташа оқитындар. Қуанышғали Айназ үйден оқитын оқушы.

Үздіктер:	Екпінділер:	
« 5»- ке үлгерушілер	« 4 » және «5»- ке үлгерушілер	
1. Аманжан Музафар	1. Аманжол Қасым	7. Махатов Султан
2. Бактыбаева Сымбат	2. Боранбай Дайана	8. Мұхамбетов Ернұр
3. Баубекқызы Майя	3. Досмухамбетова Аягөз	9. Нұрпейіс Нұрасхан
4. Мажитов Арнат	4. Жұмабекова Айлин	10. Үмбет Сабыр
5. Нұрболат Айым	5. Кеңес Санжар	
6. Туғамбай Абдуллах	6. Құрманбеков Дамир	

Оқу жылының басында жүргізілген жұмыстар нәтижесінде дарынды және үлгерімі төмен оқушылар анықталды.

Дарынды оқушылар: Аманжол Қасым, Бактыбаева Сымбат, Баубекқызы Майя, Кеңес Санжар, Мажитов Арнат, Махатов Султан, Нұрболат Айым, Туғамбай Абдуллах.

Аталған оқушылармен сабақтан тыс уақытта тест жұмыстары, олимпиадаға дайындық жұмыстары жүргізілді. Олар түрлі конкурстар мен олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындар иеленді.

Үлгерімі төмен оқушылар: Айсұлтан Азиза, Байназаров Ақтемір, Бауыржанов Ерхан, Бисенғалиева Амина, Жумамуратова Мейрлен, Қадыржан Изет, Мақсұт Диас, Кәдірбек Арсен, Қуандық Ринат, Тлегенов Мерхан, Шайхысламов Амирхан. Олар: Оқу шапшаңдығы төмен, баяу, жай оқиды. Диктант жазу барысында әріп тастап, түсініксіз етіп жазады, емлелік қателер жібереді. Аталған оқушылармен жоспарлар бойынша жұмыстар үздіксіз жүргізілді. Нәтижесінде Айсұлтан Азиза, Бауыржанов Ерхан, Бисенғалиева Амина, Жумамуратова Мейрлен, Қуандық Ринат, Тлегенов Мерхан, Шайхысламов Амирхан сынды оқушылардың оқу машығында ілгерілеу болды. Ал Айсұлтан Азиза, Бисенғалиева Амина, Жумамуратова

Мейрленде сауаты жағынан жоғарылау болды. Сонымен қатар математикадан сәл де болса ілгерілеу Бауыржанов Ерхан, Жумамуратова Мейрлен, Қуандық Ринат, Тлегенов Мерхан, Шайхысламов Амирханда болды. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстану жазғы каникул кезінде ата-аналарына жүктелді.

Оқу тоқсанындағы білім сапасы және үлгерімінің көрсеткіші

I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	Жылдық
54 %	55 %	55%	55%	55%

Пәндік сапа көрсеткіші

Пәні	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	Жылдық
қазақ тілі	62%	55%	55%	55%	55%
әдебиеттік оқу	62%	55%	55%	55%	55%
математика	54%	55%	55%	55%	55%
орыс тілі	54%	55%	69%	66%	66%
Жаратылыстану	-	55%	-	55%	55%
дүниетану	-	55%	-	55%	55%

Пәндік сапа көрсеткіштері қазақ тілі мен әдебиеттік оқу, математика, жаратылыстану, дүниетану пәндерінде қалыпты, ал орыс тілінде -3 % төмендеу бар да жылдық сапа қалыпты болып тұр.

Оқу машығы

2 сынып оқушысы оқу жылы соңында оқу нормасына сәйкес минутына 65 сөз оқуы қажет.

Оқу түрі	II тоқсан	III тоқсан	Динамика	IV тоқсан	Динамика
Барлығы	28 оқушы	28 оқушы	28 оқушы	28 оқушы	28 оқушы
Нормадан жоғары	5	7	+2	8	+1
Нормаға сай	9	8	-1	10	+2
Нормадан төмен	14	14	-	10	-4
Сапа	50 %	50 %	-	64 %	+14
Үлгерім	64 %	64 %	-	64 %	-

Соның ішінде Бисенғалиева Амина, Жумамуратова Мейрлен, Шайхысламов Амирханда оқуда кішкене де болса да ілгерілеу бар, ал Қадыржан Изет, Мақсұт Диас, Кәдірбек Арсен өте төмен деңгейде оқитын оқушылар, оқу машығы әлі де көтерілмей жатыр. Жазғы каникул кезінде де жұмыстану ата-аналар тарапынан қолға алыну тағы да жүктелді.

Үйден оқитын оқушы туралы мәлімет

2023-2024 оқу жылының IV оқу тоқсанын үйден оқитын оқушы Қуанышғали Айназ оқып, 2 сыныпты аяқтады. Оқушының диагнозы - психикалық ауытқуы бар. Сабақ барысында Айназдың денсаулығы сабаққа әсер етпеді. Тек оқушы сабақтан тез жалығады да шаршадым деп тұрып кетеді. Айназ өзін еркін ұстайды, тек сабақ оқып отырып мұғалім бетіне қадалып қарап қалуы, күлуі қайталана береді.

Айназбен өткізілген сабақ барысында оқушының есте сақтау қабілеті әлі де нашар. Оқушы тек үш әріп «а, ә, о» әріптерін ғана таниды. Әріп танымағасын буындап оқи алмай отыр, дыбыстарды түріне қарай ажырата алмауы, буынға бөлуге келетін болсақ сөздерді кейде дұрыс, кейде шатасып бөледі. Тек ауызша сурет бойынша қанағаттанарлық деңгейде толық кейде толық емес сөйлем құрауы, жалаң әңгімелей алуы, сурет атауларын көбіне орысша атауын айтады. Тек қана көшіріп жазады. Жазба түрде жазуға қиналады. Жазба түрде жазып үйрене алмай келеді. Әріптерді ауызша айта алады, бірақ жеке көрсетілгенде қиналады. Барлық жазба тапсырмаларын орындау барысында пәндерден сәйкестендіру тапсырмасы кезінде айтып көрсетілген сөздер мен сандар не өрнектер мен сөздерді есте сақтап айтуға тырысады. Дыбыс түрлері мен апта атауларын есте сақтау үшін көрнекілік ретінде шығарып, іліп қойылды. Ал математика пәні бойынша оқушы ауызша 1-16 ға дейін ғана дұрыс санай алады да әрі қарай дұрыс санай алмайды. Айназ 1-20 ға дейінгі цифрлардың бәрін есте сақтап атай алмайды, тез ұмытады. Цифрларды жазу барысында торкөзден шығарып жазады. Қосу мен азайтуды, салыстыруды он саны көлемінде тек саусақпен және санау таяқшасымен ғана мұғалім көмегімен әзер орындайды. Онда да келесі жолы тағы да ұмытып қалады. Оқушы көбейту мен бөлуді, есеп шығаруды еш түсінбейді. Шаршап кеттім деп бірден бас тартады. Бұрынғыша математика пәнінен оқушы қабылдауында еш өзгеріс жоқ. Оқушы әдебиеттік оқу, дүниетану мен жаратылыстану пәндері бойынша сол бұрынғыша түсіндірген тақырып бойынша қайталап әңгімелей алмайды. Тақырыпты қайта сұрасаң, «ұмытып қалдым» деп отыруы сол күйінде қалды. Тек кейбір сұрақтарға ғана жауап бере алады. Бірақ суреттерді әдемі салады, тек бояғанда кейде дұрыс, әдемі боямайды. 2 сынып бағдарламасы бойынша түсіндірілген тақырыптар мазмұнын ұмытып қалады, есте сақтамайды. Осы оқу тоқсанында да оқушы білімі бағаланды. Айназ білімі мұғалім көмегімен 4 ұпайлармен бағаланып отырылды. Бұл тоқсанда БЖБ, ТЖБ алынбағандықтан, тест тапсырмалары жеңілдетілген түрде алынып, 4 ұпаймен бағаланды. Бұл жұмыстарды орындаудың өзі әлі де ол үшін қиын, себебі ол мағынасын түсінбейді, тек жобамен ғана орындай салады. Айназ берілген тапсырманың тек өте жеңілін ғана мұғалім көмегімен орындап, қанағаттанарлық деп бағаланды.

Қосымша үйірме сабақтар бойынша да қабылдауы орташа. Айналадағы әлем сабағында тек суреттері бар тапсырмаларды ғана қызығып орындайды, басқасына мән бермейді. Бейнелеу үйде сабағы ғана ол үшін өте қызық, себебі ол сурет салуды жақсы көреді.

Қорытындылай келе, Айназдың оқуы нашар, қанағаттанарлық. Бұған оқушының денсаулығы әсер етіп отыр. Айназдың оқуда ілгерілеуіне анасы көмектесіп, оқытып, жаздыртып еш әрекет етпеуі сол күйінде қалды және оқытып, жаздыртуға да әрекет етпейді. Тоқсан барысында Айназға 2 сынып ата-аналары тарапынан ақшалай да, азық-түлік түрінде де қайырымдылық көмегі берілді.

Қуанышғали Айназдың отбасы жағдайы нашар. Отбасы мүшелері Айназ, анасы мен әпкесі. Осы тоқсан аяғында олар жатақханадан жер үйге Ағайынды Жұбановтар 73 үйге пәтер жалдап көшіп кетті. Көшу барысында 2 сынып ата-аналары Шаубаева Нурзия, Абжапбаров Ардақ, Шакбитов Асылхан үлкен көмектерін берді.

Қорытынды: Қуанышғали Айназдың ІІІ тоқсандағы білімі деңгейі тест тапсырмаларын орындауы мұғалім көмегімен ғана қанағаттанарлық деп бағаланды.

Ұсыныс: Оқушының есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту деңгейін дамыту барысында жұмыс түрлерін жандандыру. Жазғы каникул кезінде анасына жүктелді.

Оқушылар жетістігі

Облыстық	Облыстық «Smart оқушы» интеллектуалдық олимпиадасы І орын Аманжол Қасым,Мажитов Арнат, ІІ орынМахатов Султан, Құрманбеков Дамир,Туғамбай Абдуллах , Үмбет Сабыр
Республикалық	1.«АҚ БОТА» зияткерлік олимпиадасыІІІ орын Айсұлтан Азиза,Баубекқызы Майя,Батырбек Инаят,Досмухамбетова Аягөз,Жумамуратова Мейрлен,Нұрболат Айым,Тлегенов Мерхан,Туғамбай Абдуллах,Үмбет Сабыр 2.І Республикалық «Kids Старт» 1-4 сынып оқушыларына арналған пәндік олимпиадасы І орын Аманжан Музафар ,Бауыржанов Ерхан ,Боранбай Дайана ,Құрманбеков Дамир ,Мажитов Арнат ,Нұрболат Айым Нұрпейіс Нұрасхан,Тлегенов Мерхан ,Туғамбай Абдуллах ІІ орын Аманжол Қасым,Баубекқызы Майя,Жумамуратова Мейрлен ІІІ орын Досмухамбетова Аягөз Сертификат Қадыржан Ізет

Баспа жұмыстарының жариялануы

1.Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы әдістемелік көмекші құрал - 1-сыныптың Әліппе пәніне арналған "Әліппе сабақтарында

оқушы. Оның 13-ы ұл бала,17-і қыз бала.

30 оқушының ұлты- қазақ. Сыныпта дінге бейім оқушылар жоқ. Сыныптағы 1 оқушы Киманов Мансур денсаулығына байланысты деңгей, дамытушылық тапсырмаларды қолданудың жолдары.

2.Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы "Үздік сабақ үлгілері" тақырыбындағы электронды орта.

Семинарға қатысымы

1.«Оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуда PIRLS тапсырмаларымен жұмыс түрлерін ұйымдастыру» тақырыбындағы облыстық семинар-практикумда іс-тәжірибелерімен бөлісті

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»

2.«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»ұйымдастырған«Ұлттық құндылыққа негізделген сабақ түрлері» тақырыбындағы облыстық семинар

Қорытынды: 2023 - 2024 оқу жылының жылдық қорытындысы бойынша 2 сынып оқушыларының білім сапасы «қанағаттанарлық» деңгейде деп айтуға болады.

3 сынып.Сынып жетекшісі: Калманова ЖадыраЕлубаевна

ІV оқу тоқсанының басындасыныпта – 30 дәрігерлердің медициналық комиссиясының шешімімен дене шынықтыру сабағынан босатылған.

3 класс оқушыларының қозғалысы

І тоқсан	ІІ тоқсан	ІІІ тоқсан	ІV тоқсан	Жылдық
29	29	30	30	30

ІV оқу тоқсанның бойынша үздік және екпінділер:

ІV оқу тоқсанныңоқу үздігі -6, оқу екпіндісі-13, үлгерімі орташа -11 оқушы.

Үздіктер:	Екпінділер:	
« 5»- ке үлгерушілер	« 4 » және «5»- ке үлгерушілер	
1.Аманжан Сағадат	1. Абилова Медина	7. Көбеген Сезім
2.Киманов Мансур	2.Аманжан Тамерлан	8. Мұхтар Жаннұр
3.Құрманбеков Даулет	3.Елубаева Айжұлдыз	9. Орынғали Наргиза
4.Махатова Мадина	4.Елубай Айсұлу	10.Баскешов Айбек
5.Наурызова Айару	5.Кәнісбек Аңсар	11.Сағынбаев Әміржан
6. Рашид Мағжан	6.Курманова Айлин	12. Туғамбай Амина

	13.Тулибаева Е
--	----------------

Орташа оқитын оқушылар: Берікбай Нұрай, Жайлыбаева Томирис, Изтлеуов Нұртас, Жеңіс Бекарыс, Жумамуратова Айзере, Минуаров Ерзат, Жұмағалиева А,Тлегенов Алпамыс, Утеғалиева Алина, Тулибаев Б, Хибадуллина А

Жылдық бойынша үздік және екпінділер:

Жылдық бойынша оқу үздігі -5, оқу екпіндісі-14, үлгерімі орташа -11 оқушы

Үздіктер: « 5»- ке үлгерушілер	Екпінділер: « 4 » және «5»- ке үлгерушілер	
1.Аманжан Сағадат	1. Абилова Медина	8. Мұхтар Жаннұр
2.Киманов Мансур	2.Аманжан Тамерлан	9. Бакешов Айбек
3.Құрманбеков Даулет	3.Елубаева Айжұлдыз	10. Орынғали Наргиза
4.Махатова Мадина	4.Елубай Айсұлу	11.Рашид Мағжан
5.Наурызова Айару	5.Кәнісбек Аңсар	12.Сағынбаев Әміржан
	6.Курманова Айлин	13. Тұғамбай Амина
	7. Көбеген Сезім	14.Тулибаева Е

Орташа оқитын оқушылар: Берікбай Нұрай, Жайлыбаева Томирис, Изтлеуов Нұртас, Жеңіс Бекарыс, Жумамуратова Айзере, Минуаров Ерзат, Жұмағалиева А,Тлегенов Алпамыс, Утеғалиева Алина, Тулибаев Б, Хибадуллина А

Оқу тоқсанындағы білім сапасы және үлгерімінің көрсеткіші

I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан	Жылдық
45 %	59 %	60%	63%	63%

IV оқу тоқсанындағы пәндерден білім сапасының көрсеткіші

Пәні	Әдебиеттік оқу	Қазақ тілі	Математика	Жаратылыстану	Дүние тану	Орыс тілі	Шетел тілі
4 тоқсан	63 %	63 %	63 %	73 %	63 %	73 %	70%
Жылдық	73 %	66 %	66 %	70 %	73 %	73 %	70 %

4 оқу тоқсанындағы оқу машығы қорытындысы:3 сыныптың оқу жылдамдығының 2 жарты жылдықта оқу нормасына сәйкес минутына 70 - 80 сөз оқуы қажет.

Барлығы : 30 оқушы

Қатысқаны: 27 оқушы

Қатыспаған: 3 оқушы (Рашид М, Орынғали Н, Хибадуллина А,)

Нормадан жоғары - 9 оқушы

Нормаға сай - 9 оқушы

Нормадан төмен – 12 оқушы

Сапа - 67 %

Нормадан жоғары оқитын оқушылар: Аманжан С-82, Аманжан Т-84, Елубаева А-84,Елубай А-114,Курманова А-85,Киманов М-109,Құрманбеков Д-102, Наурызова А-86, Махатова М-82

Нормаға сай оқитын оқушылар: Абилова М-70,Кәнісбек А-71, Көбеген С-75, Мұхтар Ж-71, Сағынбаев Ә -77, Тұғамбай А-74,Утеғалиева А-46

Нормадан төмен оқып отырған оқушылар: Бакешов А-42, Берікбай Н-31, Жайлыбаева Т-48, Жеңіс Б-29, Жумамуратова А-39, Жұмағалиева А-31,Минуаров Е-22, , Тлегенов А-25,Тулебаев Бекзат-23, Тулебаева Еркеназ-30, Изтлеуов Нұртас-29.

Қорытынды: IV оқу тоқсаны бойынша 3 сынып оқушыларының оқу шапшаңдығының қорытындысы қанағаттанарлық деңгейде екені анықталды.

Дарынды оқушылармен жұмыс

Қыркүйек айында оқушылардың ой-өрісін зерттеу арқылы дарынды оқушыларды анықтадық.

Олар:Махатова Мадина, Аманжан Сағадат, Мұхтар Жаннұр, Наурызова Айару,Хибадуллина Айбиби.

Педагогикалық ұжым дарынды және қабілетті оқушылармен жұмыс жасауда тұлға қалыптастыруда психикалық дамудың әлеуеті ретінде қарастыра отырып, түрлі пәндік интеллектуалдық сайыстарға қатысуды назарда ұстадық.

Интеллектуалды сайыстарға оқушылардың қатысуы және нәтижесі:

№	Сайыс атауы	Оқушы аты-жөні	Қатысушы саны	Жұлделер орны
1	Математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасының қалалық кезеңі	Аманжан Т	1	I дәрежелі Диплом
2	Республикалық «Самұрық» математикалық зияткерлік олимпиадасы	Құрманбеков Д Хибадуллина А	2	II орын Диплом
3	Республикалық «Зейінді бала» балалар журналының ұйымдастыруымен «М.Мақатаев оқулары» атты байқауында мәнерлеп оқу бағыты	Кәнісбек Аңсар	1	I дәрежелі Диплом

4	Республикалық «Кенгуру» математика-лық ойын-конкурсы 26-30.09.2023ж	Хибадуллина А Тұғамбай Амина	4	I орын Диплом
		Құрманбеков Д Жеңіс Бекарыс		сертификат
5	Республикалық «Кенгуру» математика-лық ойын-конкурсы 25-30.04.2024ж	Тлегенов А Махатова М Орынғали Н	3	I орын Диплом II дәрежелі Диплом
6	1-4 сынып оқушыларына арналған облыстық «SMART оқушы» интеллектуалды олимпиадасында үздік нәтиже көрсеткені	Киманов М, Құрманбеков Д, Аманжан С, Мұхтар Ж, Жұмамуратова А Тлегенов А Махатова М, Хибадуллина А Орынғали Н Наурызова А Утеғалиева А	11	I дәрежелі диплом, II дәрежелі диплом III дәрежелі Диплом сертификаттар
7	“Өрлеу” БАҰО Ақтөбе қаласы филиалы, “Білім педагогикалық шығармашылық орталығы”, “Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби даму институты” бірлесуімен ұйымдастырылған I Республикалық “Kids Start” 1 - 4 сынып оқушыларына арналған пәндік олимпиададан	Наурызова А Кәнісбек А Аманжан С Рашид М Наурызова А Аманжан Т Киманов М Құрманбеков Д Тлегенов А Мұхтар Ж Хибадуллина А Жұмамуратова А	12	I орын Диплом II орын диплом

Мектепшілік іс-шараларға белсене қатысып, өзінің дарындылығын көрсетіп жүрген, жақсы қырларынан танылып қашықтық олимпиадалардан көш бастап жүргендері қаншама.

Үлгерімі төмен оқушылар: 2023-2024 оқу жылының оқу тоқсандары бойынша үлгерімі төмен оқушы санатында жұмыс жүргізілуде. Олар: Берікбай Нұрай, Жеңіс Бекарыс, Утеғалиева А, Тлегенов А, Минуаров Ерзат, Жұмағалиева Айша.

Осы аталған үлгерімі төмен және орташа деңгейдегі оқушылармен қосымша жұмыс жүргізілуде.

2023-2024 оқу жылында 3 сынып оқушыларының тоқсандар бойынша сабаққа қатысымының анықтамасында сабақтан еш себепсіз, дәлелсіз қалған оқушылар кездескен жоқ.

Бір жыл ішінде дәлелсіз себептермен сабаққа келмегендер аз болды. Сабаққа келмеудің негізгі бөлігінің себебі – суық тию, ауруханаға бару.

Оқушылар жетістігі

Мектепшілік	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мектепшілік 3 - 4 класс оқушылары арасында өткізілген «Алтын сақа» олимпиадасынан Аманжан Тамерлан I орын, Аманжан Сағадат II орын, Құрманбеков Даулет III орын иеленіп, қалалық кезеңге жолдама алды. 2. Мектепшілік «Зерде» ғылыми жобаға Наурызова Айару және Махатова Мадина қатысып, I орын иеленіп, қалалық кезеңге қатысып келді. 13.10.2023ж 3. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің "Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы" бағдарламасы барысында өткізілген "Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз" атты іс-шарасына қатысқаны үшін 3 сынып оқушылары Көбеген Сезім, Сағынбаев Әміржан, Мұхтар Жаннұр, Жидебай Айдай, Бакешов Айбек марапатталды. 4. 1-4 сынып оқушылары арасында өткізілген мектепшілік "Мерекелі, берекелі Алтын күз!" байқауына белсене қатысқаны үшін 3 сынып оқушылары Көбеген Сезім, Аманжан Тамерлан, Хибадуллина Айбиби, Бакешов Айбек марапатталды. 5. «Оқуға құштар мектеп» жоба аясында ұйымдастырылған «Кітап оқып, рухани бай бол!» байқауында үздік нәтиже көрсеткен оқушылар Наурызова А, Махатова МУтеғалиева А, Киманов М, Абилова М, Құрманбеков Д марапатталды. 6. 25 қазан Қазақстан Республикасы күніне орай ұйымдастырылған Ұлттық ойындар және сурет салу байқауына Сағынбаев Әміржан қатысып, жоғары деңгейде белсенділік танытқаны үшін Алғыс хат 7. «Тіл мен тарих – асыл мұра» атты гуманитарлық және тарих әдістемелік
--------------------	---

	<p>бірлестігінің онкүндік апталығында белсенділік танытып қатысқан оқушылар Аманжан С, Махатова М, Наурызова А, Тұғамбай А, Курманова А, Тлегенов А марапатталды.</p> <p>8.«Жаңа білімге – жаңа көзқарас» атты «Бастауыш сыныптар» әдістемелік бірлестігінің апталығы 29.01 – 02.02.2024 аралығында апталықта әр кезеңге балалар белсенділікпен қатысып, шегі жоқ марапаттарға ие болды</p>
Қалалық	Математика пәнінен « Алтын сақа » олимпиадасының қалалық кезеңінен Аманжан Тамерлан I дәрежелі Диплом
Облыстық	1-4 сынып оқушыларына арналған облыстық « SMART оқушы » интеллектуалды олимпиадасында үздік нәтиже көрсеткені үшін Киманов Мансур, Құрманбеков Д, Аманжан С, Мұхтар Ж, Жумамуратова А I дәрежелі диплом, Махатова М, Хибадуллина А II дәрежелі диплом, Орынғали Наргиза III дәрежелі Диплом, Наурызова А және Утегалиева А сертификаттар иеленді. 26.03.2024ж
Республикалық	<p>1 “Өрлеу” БАҰО Ақтөбе қаласы филиалы, “Білім педагогикалық шығармашылық орталығы”, “Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби даму институты” бірлесуімен ұйымдастырылған I Республикалық “Kids Старт” 1 - 4 сынып оқушыларына арналған пәндік олимпиададан Наурызова А, Кәнісбек А, Аманжан С, Рашид М, Аманжан Т, Киманов М, Құрманбеков Д, Тлегенов Алпамыс I орын, Мұхтар Жаннұр, Хибадуллина Айбиби, Жумамуратова Айзере II орын дипломдармен марапатталды.</p> <p>2. «Зейінді бала» балалар журналының ұйымдастыруымен «М.Мақатаев оқулары» атты байқауында мәнерлеп оқу бағыты бойынша Кәнісбек Аңсар I дәрежелі Диплом</p> <p>3. «Самұрық» математикалық зияткерлік олимпиадасынан Құрманбеков Д, Хибадуллина Айбиби II орын Диплом</p> <p>4. «Кенгуру» математика барлығы үшін халықаралық ойын конкурсынан Тұғамбай Амина және Хибадуллина Айбиби I дәрежелі Диплом және сертификаттармен, Құрманбеков Даулет, Жумамуратова Айзере және Жеңіс Бекарыс қатысқаны үшін сертификатпен марапатталды. 26-30.09.2023ж</p> <p>5.«Кенгуру» математикалық ойын-конкурсынан Махатова Мадина, Орынғали Наргиза, Тлегенов Алпамыс I дәрежелі Диплом 25-30.04.2024ж</p>
	5. « Ақ бота » зияткерлік олимпиадасынан Наурызова А, Киманов М, Құрманбеков Д, Жумамуратова А, Тлегенов А, Хибадуллина А II дәрежелі диплом

Қорытынды: IV тоқсан қорытындысы бойынша 3 сыныптың білім сапасы жақсы деңгейде.

Ұсыныс:

1. Үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыс жүргізу.
2. Үлгерімі төмен оқушылардың ата-анасымен байланысты жандандыру
3. Математика, қазақ тілі пәндерінен оқушылармен қосымша сабақтар өткізу.

4 сынып. Сынып жетекшісі: Есмұханова Тоғжан Даулетқалиқызы

2023 - 2024 оқу жылы №48 жалпы білім беретін орта мектебінің 4 сыныбында оқу жылы басында бала саны – 25, жыл соңында – 27 оқушымен аяқтады. 24.01.2024 ж күні №54 НМ (негізгі мектептен) Ермек Аяулым ауысып келді. ІУ оқу тоқсанында 15.04.2024 ж күні № 36ОМ – нен су тасқынынан зардап шеккен отбасы баласы Ермек Айша ауысып келді. Қазіргі уақытта барлығы 27 оқушы. Оның ұлы – 16, қызы – 11. 27 оқушының ұлтты- қазақ Сыныпта дінге бейім оқушылар жоқ. Дене шынықтыру сабағынан босатылған оқушы жоқ. Сыныптағы 27 оқушының үздігі – 7, екпінді оқушы – 9, 11 оқушы – орташа оқитын оқушылар.

Оқу кабинетінің жабдықталуы: Оқушылар 1 – 4 сыныптар арасында бір кабинетте оқыды. 4 сыныпқа 2023 – 2024 оқу жылында №12 бастауыш класс кабинеті бекітілді. Оқу кабинеті талапқа сай жабдықталған.

Сыныпта үздік оқитын оқушылар: Аққали Инабат, Бисен Санжар, Ералы Ернар, Қыдыржанұлы Ерасыл, Мұрат Әділхан, Өтеген Ералхан, Тлес Әлімбек. Оқу екпінділері: Амангельдиев Азамат, Исмагулова Сұлу, Мамышев Нұрсұлтан, Мәлік Айсана, Сағынғали Азиз, Сәрсенбаева Ақдана, Сәрсенбаева Нұрдана, Смайлова Азиза, Шәкіржан Кенесары. Орташа оқитын оқушылар: Аманжан Айдос, Аманжол Абылай, Бозшин Арнұр, Жолдыбаева Гүлім, Кубентаев Қуаныш, Мақсұт Мирас, Мұратқызы Аружан, Серікбай Аружан, Султамурат Нұржан, Ермек Айша.

Оқу жылының басында жүргізілген жұмыстар нәтижесінде дарынды және үлгерімі төмен оқушылар анықталды.

Дарынды оқушылар: Аққали Инабат, Бисен Санжар, Ералы Ернар, Қыдыржанұлы Ерасыл, Мұрат Әділхан, Өтеген Ералхан, Тлес Әлімбек. Аталған оқушылармен сабақтан тыс уақытта тест жұмыстары, мектепшілік, қалалық, облыстық олимпиадаларға дайындық жұмыстары жүргізілді.

Үлгерімі төмен оқушылар: Аманжан Айдос, Аманжол Абылай, Кубентаев Қуаныш, Мақсұт Мирас, Мұратқызы Аружан, Султамурат Нұржан. Оқу шапшандығы төмен, баяу, жай оқиды. Диктант жазу барысында әріп тастап, түсініксіз етіп жазады, емлелік қателер жібереді. Аталған оқушылармен жоспарлар бойынша жұмыстар жүргізілуде.

4 сынып оқушысы ІІ оқу жартыжылдығында оқу нормасына сәйкес минуттына 80 – 90 сөз оқуы қажет.

Нормадан жоғары оқитын оқушылар: Аққали Инабат, Бисен Санжар, Ералы Ернар, Қыдыржанұлы Ерасыл, Өтеген Ералхан, Сәрсенбаева Нұрдана, Тлес Әлімбек.

Нормаға сай оқитын оқушылар: Амангельдиев Азамат, Аманжан Айдос, Исмагулова Сұлу, Мамышев Нұрсұлтан, Мәлік Айсана, Мұрат Әділхан, Сағынғали Азиз, Сәрсенбаева Ақдана, Смайлова Азиза.

Нормадан төмен оқып отырған оқушылар: Аманжол Абылай, Бозшин Арнұр, Ермек Аяулым, Жолдыбаева Гүлім, Кубентаев Қуаныш, Мақсұт Мирас, Мұратқызы Аружан, Серікбай Аружан, Султамурат Нұржан, Шәкіржан Кенесары

Мектепшілік: 1. Мектепшілік 4 класс оқушылары арасында өткізілген “Кішкентай білгірлер” сайысынан “Болашақ” тобы І - орын, “Жалын” тобы ІІ орын алды.

2. Мектепшілік 3 - 4 класс оқушылары арасында өткізілген “Алтын сақа” олимпиадасынан Тлес Әлімбек І орын, Ералы Ернар ІІ орын, Бисен Санжар ІІІ орын иеленді.

3. 24.01 – 31.01.24 ж күндері арасында өткізілген «Жаңа білімге – жаңа көзқарас» атты бастауыш сыныптар бірлестігі апталығы аясында өткізілген интеллектуалды сайыс, қолөнер, сурет, көркем жазу, сахналық қойылым іс шараларына 4 сынып оқушылары белсене қатысып І, ІІ, ІІІ дәрежелі дипломдар және алғыс хаттармен марапатталды.

Қалалық: 1. Қалалық әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен өткен "Мен және өрт қауіпсіздігі" атты қалалық жас суретшілер байқауында үздік нәтиже көрсеткені үшін Аққали Инабат І дәрежелі диплом иеленді.

2. Қалалық әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен өткен "Мен және өрт қауіпсіздігі" атты қалалық жас суретшілер байқауында үздік нәтиже көрсеткені Аққали Инабат ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Ақтөбе қаласының Төтенше жағдайлар басқармасының алғыс хатымен марапатталды.

3. Қалалық әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен өткен "Мен және өрт қауіпсіздігі" атты қалалық жас суретшілер байқауына белсене қатысқаны үшін Мақсұт Мирас сертификат иеленді.

4. Қалалық әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен өткен "Мен және өрт қауіпсіздігі" атты қалалық жас суретшілер байқауында үздік нәтиже көрсеткені үшін Сәрсенбаева Нұрдана ІІІ дәрежелі диплом иеленді.

5. Математика пәнінен "Алтын сақа" олимпиадасының аудандық кезеңінде ІІІ орын иеленгені үшін Тлес Әлімбек марапатталды.

6. Қалалық «BestIQ» олимпиадасында белсенділік танытып, Аққали Инабат сертификат иеленді.

Республикалық:

1. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті "Халықаралық педагогикалық шығармашылық пен ғылымның дамуын қолдау қоры" Қоғамдық қоры, "International academy" Халықаралық ғылыми - әдістемелік академиясының ұйымдастыруымен өткен ІҮ Республикалық "Алтын күз - 2023 " атты сурет, қолдан жасалған бұйымдар мен фотосурет байқауының жеңімпаздары Аққали Инабат І дәрежелі диплом, Аманжол Абылай І дәрежелі дипломдармен марапатталды.

2. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті "Халықаралық педагогикалық шығармашылық пен ғылымның дамуын қолдау қоры" Қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен ІІІ Республикалық жылдамдыққа оқу байқауының жеңімпаздары Мұрат Әділхан І дәрежелі диплом, Тлес Әлімбек І дәрежелі дипломдармен марапатталды.

3. "Өрлеу" БАҰО Ақтөбе қаласы филиалы, "Білім педагогикалық шығармашылық орталығы", "Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби даму институты" бірлесуімен ұйымдастырылған І Республикалық "Kids Start" 1 - 4 сынып оқушыларына арналған пәндік олимпиададан

Аманжол А І орын, Қыдыржанұлы Е ІІ орын, Мәлік А І орын, Мұрат Ә І орын, Мұратқызы Аружан ІІ орын алып, дипломдармен марапатталды.

4. Республикалық "Менің поизиям" байқауында "Үздік бейнеролик" номинациясы бойынша ІІІ дәрежелі дипломмен Мәлік Айсана марапатталды

Пән мұғалімдерінің 4-сыныпқа сабақтастық негізінде жүргізген жұмыстары

Жоғары буынның 4 сыныптармен сабақтастығының қорытынды талдауы

Мектеп-психологы Мырзаханова.Б.Қ сөз алды. 4 сынып оқушылары зерттеу барысында Э. Ф. Замбацявичене әдістемесі алынды. Қолдану саласы: Зияткерлік даму деңгейін анықтау, оқушылардың ақыл-ой дамуын түзету бойынша жалпы және жеке ұсыныстар әзірлеу.

Сәуір айында мектепшілік жоспар негізінде 4 сынып оқушыларының 5-сыныпқа дайындығы бақылау мақсатында пән мұғалімдерімен сабақтастық жұмыстары жүргізілді және бақылау жұмыстары алынды. Оқушылар сабаққа белсене қатысып, пән мұғалімдерімен танысты. Пән мұғалімдері берілген

Министр мұғалімдер енді біліктілікті арттыру курстарынан үш жылда бір рет өтетінін атап өтті. Мұғалім маманы кәсіби дәрежесін көтеріп, білімдерін үздіксіз жетілдіруде оқыту семинарлар, вебинарлар, дөңгелек-үстелдер, тренингтер, онлайн түрде арнайы семинарлар, әріптестерімен алмасу алаңы және біліктілікті арттыру курстарының әсері мол. Біліктілікті арттыру курстары арқылы мұғалімдерді оқытуда оқытушы жетекшілік, бағыт берушілік, ұйымдастырушылық, түзетушілік әрекеттерді атқаруы керек.

Тәрбие жұмысының 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бойынша жүргізілді. Жоспар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына сәйкес құрылды.

– Өскеген ұрпақты жоғары рухани адамгершілікке тәрбиелейтін тиімді және елдің барлық оқушыларына қажетті біріңғай әлеуметтік - тәрбие жүйесі.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Мақсаты:

Тәрбие үдерісіне жаңашыл бағытты енгізу арқылы, оқушы бойына патриотизмді, азаматтық сананы, жоғары мәдениеттілікті қалыптастыра отырып, салауатты өмір салтына тәрбиелеу

Сынып жетекшілердің 11-і жоғары білімді, 1-еуі орта білімді. Бірлестік бекітілген жоспар бойынша жұмыстарды толық атқарды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;

- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадырлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білуі;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»

6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және елбірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу

№48 мектебінде 2023-2024 оқу жылының басталуына арналған 1 қыркүйек – «**Мектебім мейірім мекені**» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді.

Салтанатты жиынға зейнеткерлік жасқа жеткен ардагер ұстаз аналарымыз және ата-аналар қатынасты.

https://www.instagram.com/p/Ch_QIonomUy/

Мерекенің II бөлімі 1-11 сыныптарда «**Мектебім-мейірім мекені!**» тақырыбында 1-11 сыныптарға бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

1 қыркүйек Білім күніне байланысты атқарылған шаралар туралы мәлімет инстаграмм желілеріне жүктелінді.

Әлеуметтік желілерде әр сынып төмендегі тақырыпта 1-2 минуттық бейнеролик орналастыру жоспарланды.

1 қыркүйек - Білім күні мектебіміздің 8-11 сынып оқушылары арасында Ақтөбе қаласы ПБ Астана аудандық #1 ҚІП ТБ тергеушісі полиция капитаны Дүйсенов Исабек Ақылбекұлы және Ақтөбе облысы Полиция департаменті Әкімшілік полиция басқармасының инспекторы, полиция лейтенанты Ажғали Еркебулан Едилұлы құқықтық сауаттылық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

https://www.instagram.com/p/Ch_X-vCDR7L/

2 қыркүйек күні мектеп оқушыларына "Әділетті мемлекет, біртұтас ұлт. берекелі қоғам" атты 2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың жолдауы таныстырылды

https://www.instagram.com/p/Ch_yKrq50n5/

Мектебімізде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда «Қоғамдық тәртіп негіздері» тақырыбында адалдық сағаты өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/CiRzGDfs8fz/>

27 қыркүйек күніне жоспарланған Мектеп Президентіне үміткер оқушыларға дауыс беру өткізіліп, мектеп президенті болып Минуарова Диана сайланды. <https://www.instagram.com/p/Cij5TvsbPy/>

1-2 сыныптарда «Жол ережесін білейік- аман-есен жүрейік!» сынып сағаттары өткізілді

«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды.

25 қазан - Қазақстан Республикасы күні қарсаңында 5 – 11 класс оқушыларына «Менің арманымдағы Қазақстан» эссе байқауы өткізілді. Мақсаты: мемлекеттің құндылықтары мен қағидаттарына құрметпен қарау, ұлттық бірлікті қалыптастыру және қоғамдық келісімді нығайту; отанға деген сүйіспеншілік пен патриотизм сезімін тәрбиелеу; мемлекеттік тілді білуге қызығушылығын арттырып, қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру, қоғамдық келісім мен ел бірлігін нығайту.

<https://www.instagram.com/p/Cj5CfjuE5m/>

21 қазан күні "Қыран елім—Қазақстаным" Республикалық патриоттық акциясы аясында №48 жалпы білім беретін орта мектебінде оқушылар мен мұғалімдердің қатысуымен жаппай Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні орындалды. <https://www.instagram.com/p/Cj9usKNv480/>

Акцияның мақсаты:

✓ Оқушыларды азаматтық пен патриоттыққа, өз Отаны—Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу;

✓ Мемлекеттік Гимннің жаппай орындалуын насихаттау;

✓ Оқушылардың басын біріктіретін жалпыұлттық ынтымақ пен бірлік актісіне айналдыру.

25 қазан- Республика күніне орай «Өркендей бер, Қазақстан!» атты салтанатты жиын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнімен басталып, мектеп басшысы Абуова Қарлыға Қоғабайқызының құттықтауы және қалалық, республикалық деңгейдегі байқауларға белсене қатысқан оқушылары мен жетекшілерінің марапаттауынан соң, шара мерекелік концертке ұласты.

<https://www.instagram.com/p/Cj-d9eSDJ2l/>

25 қазан - Республика күніне орай "Тәуелсіздік тәңір берген тәтті сый" атты ашық тәрбие сағаттары, Тәуелсіз тұғырым" атты сахналық қойылым, "Менің Қазақстаным, менің жерім" Патриоттық мәнерлеп оқу байқаулары өткізіліп, 1-11 сынып оқушылары белсене атсалысты.

"9 желтоқсан - Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күн" аясында 7-8 сынып оқушылары арасында «Сыбайлас жемқорлық қауіпті қадам» тақырыбында 8-сынып оқушыларымен дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

«Адал ұрпақ» клубының жетекшісі А.Р Шанықтың ұйымдастыруымен жоспарға сәйкес отырыс өткізілді. Мақсаты: Клуб мүшелеріне «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының қызметін ұйымдастыру, мақсаты-міндетін, ережелерін таныстыру. Оқушылар жылдық жоспарға сай жұмыстармен және атқаратын міндеттерімен танысты. <https://www.instagram.com/p/CinoZk2MSt2/>

20 қараша-Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы-адам құқығы» және «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты республикалық акция аясында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Т Мангибаева мен мектеп психологы Б.Қ.Мырзаханова мектеп оқушыларымен «Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында дәріс өткізді. Мақсаты: Оқушыларға зорлық -зомбылық туралы қысқаша ақпарат беру, адамның ең жаман қасиеттерінің бірі екенін айту. Оқушыларға адамның құқықтары мен бас бостандықтарын қорғауы туралы қысқаша мағлұмат беру, пікір алмасу. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.

9-11 сынып оқушыларынан "БАЛА ҚҰҚЫҒЫ - АДАМ ҚҰҚЫҒЫ" Республикалық онкүндік жоспары аясында

"Қатігездіксіз әлемді қалай орнатуға болады?" тақырыбында эссе алынды.

"Біздің құқығымыз бен міндеттеріміз" тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушының құқықтары мен міндеттері туралы білімдерін толықтыру. Оқушыларды адам құқықтарына оқыта отырып, түсініктерін қалыптастыру. Өз міндеттері мен құқықтарын білуге үйрету. Қазақстанның болашағына үлесін қоса білетін білімді де, ізденімпаз ұрпақ етіп тәрбиелеу. Оқушылар сабақ тақырыбына сәйкес суреттер салып, постер қорғады, өз ойларымен бөлісті. <https://www.instagram.com/p/CIWcZThMkMy/>

Мектебімізде тәуелсіздік күніне орай "Тәуелсіздік Тәңір берген тәтті сый" атты іс-шара ұйымдастырылды, 1-11 сынып оқушылары белсене атсалысты.

<https://www.instagram.com/p/CI8YtlvNHUg/> <https://www.instagram.com/p/CI-iMyMD0w7/>

АӨТД пәні бойынша қалалық семинар өткізілді. Семинарға қала мектептерінің АӨТД қатысып тәжірибе алмасты. <https://www.instagram.com/p/CkdBZ3bMXj0/>

10-11 сынып оқушылары арасында "Біз болашақ Ұланбыз" атты әскери-патриоттық сайысы болып өтті.

Пән мұғалімі: Бисенов Б ✓Мақсаты: Патриоттық тәрбие бере отырып, оқушылар арасындағы салауатты өмір салтын насихаттау және оқушылардың әскерде қызмет етуге деген ынталарын арттыру.

«Жол ережесін білу – бәріне міндет» және «Абайлаңыз, балалар» деген тақырыпта жолда жүру ережесін, жол белгілерін толық үйрету мақсатында мектеп инспекторы Д.Женисова түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

<https://www.instagram.com/p/CkvFcTssdR7/>

«Кәмелетке толмағандардың әкімшілік жауапкершілігі» тақырыбында мектеп инспекторы мектеп оқушыларына дәріс оқып, оқушылардың сұрақтарына жауап берді.

Мектебімізде 1 мамыр - Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесіне орай "Бірлік сабақтары", эссе, сурет байқауы өткізілді. <https://www.instagram.com/p/Crk0Nb4sEpE/> <https://www.instagram.com/p/Crk0ezWsGSt/>

<https://www.instagram.com/p/Crk0n-xskQw/>

<https://www.instagram.com/p/CrIIW2VsJBv/>

<https://www.instagram.com/p/CrIKJ77sDv1/>

<https://www.instagram.com/p/CrIRJ9yJij2/>

<https://www.instagram.com/p/CrntVK9rFEv/>

<https://www.instagram.com/p/Crr4BiCoUqy/>

<https://www.instagram.com/p/CrIJo7MZI6/>

<https://www.instagram.com/p/CrIQtr7s4Zr/>

<https://www.instagram.com/p/CrI4YyOsAnQ/>

<https://www.instagram.com/p/CrGpOgsYe8/>

№48 жалпы білім беретін орта мектеп” коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 4 мамыр күні “ЕРКІН ЕЛ ҰРПАҒЫ” атты жалпыұлттық патриоттық диктант өткізілді.

✓Мақсаты:Еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін дәріптеу, ұлттық құндылықтар мен ұлттық мұраттарды бойына сіңірген патриоттық рухтағы ұрпақ тәрбиелеу.

✓Міндеттері:Қазақстандықтардың мемлекеттік тілді білу деңгейлерін анықтау, мемлекеттік тілде сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру, диктант мәтіні арқылы ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу.

<https://www.instagram.com/p/Crz40TnMsOS/>

9 мамыр - Ұлы Жеңіс мерекесіне арналған «Патриот» апталығы ұйымдастырылып, сынып жетекшілер сынып сағаттары өткізді. Ал «Жас Ұлан» оқушылар ұйымы оқушылары 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр – Ұлы жеңіс күніне орай тыл ардагері атамыздың үйінде болып, қайырымдылық шараларын ұйымдастырды. Қарт атамыз мектеп оқушыларына қиын-қыстау жылдар туралы айтып, еліміздегі бейбіт өмір мен тыныштықты бағалау керек екенін айта келе, жылы лебізін білдіріп, алғысын айтты.

25.05.2024 күні «Мектебім,саған мың алғыс!» атты салтанатты жиын болып өтті. Салтанатты жиында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы енгізіліп,Әнұранымыз шырқалды. Жиын барысында оқушыларымыз мектепке деген ыстық сезімдерін әсем ән, жалынды өлең жолдарымен

жеткізді. Оқу жылының аяқталуына орай, мектеп директоры К.К.Абуова құттықтау сөзін айтып, жыл қорытындысы бойынша ең үздік білім алушы, ең үздік сынып номинацияларымен марапаттады.

<https://www.instagram.com/p/Cs-RGpoInV4/>

4 маусым –ҚР Мемлекеттік Рәміздер күніне орай оқушыларымен сурет байқауы ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/CtOqFOeMNlf/>

Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтармен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттерімен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы «Рухани жаңғыру» құндылықтары негізіндерінің, оның ішінде «Құндылықтарға негізделген білім беру», «Қоғамға қызмет» жобаларын іске асыру арқылы терең түсінігін қалыптастыру.

«Мектепке жол» акциясы барысында мектеп ұжымы және ата-аналар қауымы, сонымен қатар жеке кәсіпкерлер, үкіметтік емес ұйымдар, мемлекеттік органдар акцияның өтіп жатқандығы туралы хабардар етіліп, хаттар жолданды.

Мектеп әкімшілігі, класс жетекшілер және әлеуметтік педагог жағдайы төмен, тұрмысы нашар оқушылардың тізімі жасақтап акция барысында көмек көрсетуге ұсынды.

Акция аясында қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен екі оқушыға «Нексия клуб» мүшелері демеушілік жасап сабаққа қажетті оқу-құралдары мен сумка алынып берілді.

Астана ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында 3-оқушыға 40000 теңге көлемінде сертефикат табыс етті.

2023-2024 оқу жылында жоспарланған жұмыстар толығымен орындалуда. Шағын аудан бойынша жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтер толығымен жасақталып есебі қалалық білім бөліміне тапсырылды. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасы оқушыларымен тұрақты түрде жұмыс жасалып, мектепшілік бақылау кезінде тексеріліп педагогикалық және өндірістік кеңесте анықтамалары оқылды. Осы аталған категориядағы балалардың құжаттарын жинау кезінде қиындықтар туындаған жоқ.

«Мектепке жол» және «Қайырымдылық» акциясында 20 оқушыға қаржылай көмек көрсетілді.

Барлық мектеп оқушыларымен қатар аз қамтылған оқушылар мектеп тарапынан оқулықпен қамтамасыз етілді.

Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайы алдағы уақытта зерделеніп қажетті көмектер мүмкіндігінше көрсетіліп отырады.

Жыл бойы 1-11 сыныптар бойынша айына 1 рет адалдық сағаттары өткізіліп тұрды.

https://www.instagram.com/p/CjU_jlUsVYK/

Қыркүйек айында 1-4 сыныптарда «Әлемде жақсылық бар дейді», 9-сыныптарда «Мейірімділіктің жасампаз күш. Бәрін жақсыға қарай өзгертеміз» тақырыптарында әңгімелесу сағаттары өткізілді.

Қарттар күні мен ұстаздар мерекесіне орай мектебіміздің ардагер ұстаздарына мектеп басшысы Абуова Қарлыға Қоғабайқызы бастаған ұжым атынан тілектер айтылып, сый-құрмет көрсетіліп, кездесу мерекелік концертке ұласты. <https://www.instagram.com/p/CjK5O13M0Bx/>

Және 1-11 сынып оқушылары ұстаздарды мерекелерімен құттықтау бейнероликтерін жолдады.

<https://www.instagram.com/p/CjKv71tubXD/>

https://www.instagram.com/p/CjKwifutB_N/

<https://www.instagram.com/p/CjKxcTkscAR/>

<https://www.instagram.com/p/CjK5qppJ32O/>

<https://www.instagram.com/p/CjK57euuk1y/>

<https://www.instagram.com/p/CjLDbeaPLIM/>

<https://www.instagram.com/p/CjLIMqsvduD/>

<https://www.instagram.com/p/CjLKMsBsu3c/>

<https://www.instagram.com/p/CjLVRWZJyhJ/>

<https://www.instagram.com/p/CjNKYIyJxRB/>

<https://www.instagram.com/p/CjNLMkqsuKg/>

1 қазан – Қарттар күніне арнап «Дария кеуде тау мүсін, қарттарым аман саумысың» мерекелік іс-шара өткізілді.

«Балалар жылы» аясында қазан айының алғашқы жексенбісінде аталып өтетін «Ұстаздарз болу-жүректің батырлығы» тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, мектебімізде "Дублер күні" ұйымдастырылды.

Дублер күнінің мақсаты: мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру, білім алушылардың көпшілік алдында сөйлеу тәжірибесін дамыту.

✍білім алушыларды белсенді қоғамдық өмірге және мектепті басқаруға тарту;

✍білім алушылардың қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәжірибесін қалыптастыру;

✍барлық параллельдердің білім алушылары арасындағы достастықты нығайту;

✍білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін, коммуникативтік қарым-қатынас дағдыларын дамыту;

✍білім алушыларда жауапкершілік сезімін, бір-біріне дұрыс қарым-қатынасты, өзара қарым-қатынастың іскерлік стилін тәрбиелеу;

білім алушылардың көпшілік алдында сөйлеу тәжірибесін дамыту;
білім беру процесіндегі кері байланыстың жаңа нысандарын ұйымдастыру, білім алушылар мен педагогтердің мектептегі білім беру процесінің жай-күйін кешенді бағалауы.

<https://www.instagram.com/p/CjSKRPCMEBQ/>

Қыз – өмірдің гүлі, барлық адамзаттың қадірлеп, аялайтын асыл аруы десек те артық емес. Қыз баланы қазақта кішкентайынан мәпелеп, аялап, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірген. Жалғандағы нәзіктік пен пәктікті, инабаттылықты әрбір қазақ қызының бойына сіңіріп өсірген. Қазақ қызының бойындағы асыл қасиеттерімен бірге сыр-сымбаты да өзге ұлттан дараланып тұруы тиіс. Осы орайда мектепте жаңа оқу жылының басталуымен қатар тәрбиеге қатысты ұйым жетекшілері тағайындалып, "Қызғалдақ" қыздар ұйымының төрайымы А.Р Шанық 5-11 сынып қыздары арасында жиналыс жасады. Жиынға мектеп басшысы К.К.Абуова мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Мангибаева қатысып, жиын басында ағымдағы мәселерге тоқталып, қыздарға қатысты ақыл-кеңес пен тәрбиелік мәні бар өнегелік ойларымен бөлісті. Және де мектеп психологы Б.Мырзаханова «Қыз қылығымен көрікті» тақырыбында психологиялық кеңес берді. Жыл бойына жоспар бойынша жиналыстар өткізіліп, қыз балаларға ақыл-кеңестер беріліп отырылды.

<https://www.instagram.com/p/CjDtOQ2MfVN/>

18 қазан-Рухани келісім күніне арналған саптық жиын өткізіліп, АӘДТ пәнінің мұғалімі Б.Бисенов «Терроризм кезіндегі қауіпсіздік әрекеттері» тақырыбында оқушыларға дәріс өткізді.

«Қыздар жиналысы өткізіліп, «Қыз тәрбиесі-ұт тәрбиесі» тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді.

Мектебімізде ай сайын ұлдар жиналысы өткізіліп тұрады. "Ұлдар әдебі" атты жиналыс өтіп, жиналысқа 5-11 сынып оқушылары мен Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Тлесов Күмісбек Сейтенұлы қатысты.

Мектебіміздің аға тәлімгері А.Р Шанық бастаған «Адал ұрпақ» еріктілер клубының оқушылары қарт адамдарға көмек көрсету ісін жалғастырып келеді. Оқушылардың бұл қызметінің маңызы зор. Еріктілер клубының қызметі оқушыларды азаматтылыққа, ізеттілікке, үлкендерге қамқор болуға тәрбиелейді. Облыстық жастар мен балалар ұйымдарының қауымдастығы ЗТБ бастамасымен облыс деңгейінде өткізілетін «Қарттарымыз-асыл қазынамыз» атты акцияға мектебіміздегі «Адал ұрпақ» еріктілер клубының оқушылары қала тұрғыны И.Бердалина жалғызбасты әженің үйіне барып, ауласын қардан тазалады. 8-сынып оқушыларынан құралған.«Маған көмектесуге келген №48 мектептің оқушылары мен ұжымына алғысым шексіз. «Біз мұндай шараларды жиі өткіземіз. Еріктілермен бірге қарттарға көмектесуді әлі де жалғастырамыз. Ал қала мектептерінің оқушылары қарт адамдарға қыста аулаларының қарын тазалап, үй шаруаларына қосымша көмек көрсетуді жалғастырады» – дейді Ақтөбе облыстық жастар мен балалар ұйымдарының қауымдастығы ЗТБ төрағасы Ж.Табылғанов. Осы клуб жұмысы арқылы балаларды адамгершілігі мол, намысты азамат болуға, мемлекеттік мүлікті бүлдірмеуге, намысты азамат болуға, кісі ақысын жемеуге, ешкімнің ала жібін аттамауға тәрбиелейміз. Мемлекетіміздің болашағы саналатын мектебіміздің осындай белсенді оқушыларынан үлкен үміт күтеміз. Өз заңын құрметтеп-қастерлейтін, еліне шын берілген адал ұрпақ - Мәңгілік Елдің кепілі.

<https://www.instagram.com/p/CjZ723VjvrY/>

"Күзгі серуен,күзгі демалыс,күзгі ғажап!"атты балалардың күзгі демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектеп оқушылары кинотеатр мен өлкетану мұражайларына барып қайтты.

<https://www.instagram.com/p/CkkU2CLjCYE/> <https://www.instagram.com/p/CklBOEmM7mY/>

10 желтоқсан күні "Қысқы серуен,қысқы демалыс, қысқы ғажап!" атты оқушылардың демалыс күндерін және бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында,4,6- сынып оқушылары сынып жетекшілерімен бірге "Кино әлеміне" барды. https://www.instagram.com/p/C1_4bTKMLY8/

<https://www.instagram.com/p/CmBxT7xMYmW/>

Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында "ЖАС ҰЛАН","ЖАС ҚЫРАН" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты қабылдау жиыны өткізілді. Салтанатты қабылдау жиынында 27 оқушы "Жас қыран" қатарына және 21 оқушы "Жас ұлан" қатарына қабылданды. Жиын барысында мектеп директоры К.К.Абуова ұйымға қабылданған оқушыларды құттықтап,өз елінің патриоты болуға шақырды.

<https://www.instagram.com/p/CmHAKCIPLJq/>

16 желтоқсан –Тәуелсіздік күніне орай атқарылатын іс-шаралар жоспарына сәйкес 1-11 сыныптарда сынып сағаттары өткізілді және "Тәуелсіздік елімнің ерлік жолы" атты диктант пен эссе жазылды.

https://www.instagram.com/p/CmPNfstS_AX/

<https://www.instagram.com/p/CmPOaXjMtoo/>

<https://www.instagram.com/p/CmPPOu1sYKV/>

<https://www.instagram.com/p/CmRrkUBs8Qu/>

<https://www.instagram.com/p/CmSw2jiIpfb/>

«Ер ел үшін туады – ел үшін өледі» тақырыбында Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу ұйымдастырылды.«Үлкендер жолы – ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып» тақырыбында Ақтөбе облысының Таулы Қарабах ардагерлерімен кездесу, ерлік сабағы өткізілді.

Шараның мақсаты: Өскелең ұрпаққа ауған соғысы жайлы толық мәлімет беру, ардагер ағамен ашық әңгімелесу, сұхбаттасу. Оқушыларға Отанды қорғау жауапкершілігінің қаншалықты маңыздылығын жете түсіндіріп, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Кездесу басында мектеп басшысы Абуова Қарлыға Қоғабайқызы сөз алып, «Ауған соғысы – жүректе жазылмайтын, тарихта орын алатын ерекше беттер, оқ пен оттың ортасынан оралған ардагерлер үшін Ауғанстан жазылмас жан жарасына айналды. Ауған соғысы он екіде бір гүлі ашылмаған боздақтардың қанымен жазылған тарих деп біледі кейінгі жас буын өкілдері. Жылдар жылжып өткенімен, ерлікпен қаза тапқан ержүрек жауынгерлеріміздің ерлігі ел есінде мәңгі сақталады. Сондықтан да жас буынға ауған ардагерлерінің өжеттігін үлгі ету, ауған соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу әрқайсымыздың қасиетті борышымыз» дей келе, алтын уақытын бөііп, мектеп шәкірттерімен кездесуге келіп отырған ардагер қонағымызға алғысын білдірді. Ауған соғысының ардагерлері Ауғанстандағы әскери қызметі туралы естеліктермен бөлісті. Сондай-ақ оқушылар ардагерден өздерін толғандырған түрлі сұрақтарына жауап алып, қонаққа өз өнерлерін көрсетті.

<https://www.instagram.com/p/CopLPfkonb7/>

27 ақпанда “ТӘУЕЛСІЗДІК - ЕЛ ТІЛЕГІ” атты әдеби-тарихи кеш өткізді. Мақсаты: Тәуелсіздік туралы терең мағлұмат беру. Ата-бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі ете отырып, өз Отанын сүйуге, еліне, халқына қызмет етуге тәрбиелеу. Танымдық кеште мектеп оқушылары қазақ билерінің, батырларының, хандарының тарихтағы жүріп өткен жолдары туралы тереңінен баяндап, көрініс көрсетті. Күмбірлеге күй де төгілді, би де биледі. Жас ұрпақ үлгі-өнеге алатындай тамаша кеш болды. <https://www.instagram.com/p/CpK0S4LMg2-/>

Мектебімізде «Дін мәселері және қоғаммен байланыс орталығы» КММ мекемесінің теолог маманы Қадирханова Жұлдыз Замирқызы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Кездесуді ұйымдастырудағы мақсат - жастарды жалған діни ағымдардың арбауынан сақтандыру. Яғни, жалған діни ағымдарды дәстүрлі діндерден қалай ажыратуға болатындығы жөнінде буыны бекіп, бұғанасы қатпаған оқушыларға жан-жақты түсіндіру.

1-наурыз Алғыс айту күніне арналған "" атты мерекелік шара болып өтті. Аталған шараға мектептің ардагер ұстаздары Қонақта болып, оқушылардың дайындаған мерекелік концерттік бағдарламаларын тамашалады. Мектеп басшымыз К.К.Абуова барша қонақтарды, ұжымды, оқушыларды көктемнің алғашқы мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдіріп алғысын айтты.

<https://www.instagram.com/p/CpRnIoYDS8g/>

1-наурыз Алғыс айту мерекесіне орай іс-шаралар ұйымдастырылды.

8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай «Ана мен қыз, ай мен жұлдыз» тақырыбында байқау өтіп, 8-сынып оқушысы Қарабалақова Аяулым мен анасы Бас жұлде жеңіп алды.

8-наурыз мерекесіне орай мектеп президенті мен «Жас ұлан» ұйымының оқушылары 20 автобуска отырып, жолаушы нәзік жандыларға әндерін арнап, мерекемен құттықтады.

Кеңес Одағының Батыры, қазақ халқының қаһарман қызы Әлия Молдағұлованың Ақтөбе қаласындағы мемориалдық мұражайынан мамандар келіп, мектеп оқушыларымен ғылыми-танымдық сағат өткізді. Бұл шара ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесінің жоспарына орайластырылды. Оқушылар Әлия Молдағұлованың ерлігін, қаһармандығын еске ала отырып, көкейдегі сұрақтарын қойып, пікірлерімен бөлісті. Шәкірттер бойында елге, жерге деген патриоттық сезімдері оянды.

<https://www.instagram.com/p/Cp0bW1yuZWB/>

1 маусым – Балалар құқығын қорғау күніне орай мектебімізде "Бала деген- бір бақыт" атты мерекелік бағдарламада оқушылар ән салып, би билеп, асфальтқа сурет салып және де спорттық эстафета ойындарына белсенділікпен қатысты. Ұйымдастырушылар бағдарлама соңында оқушыларды мақтау қағаздарымен марапаттай отыра, балаларға балмұздақтар таратты.

<https://www.instagram.com/p/CtOpvwwNfWr/> .

«№48 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-і бойынша «Бала еңбегін қанауға жол жоқ!» ақпараттық науқанын өткізу бойынша жоспар құрылып, іс-шаралар жүзе асты.

«Рәміздер-тәуелсіздік белгісі» атты сырттай сурет байқауы өткізіліп, талапқа сай суреттер әлеуметтік желіге жарияланды. <https://www.instagram.com/p/CtOqFOeMNI/?hl=en>

«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП ЖОБАСЫ» бойынша біршама жұмыстар атқарылды. «Оқушыларды кітап оқуға қызықтырудың жолдары» тақырыбында жас мамандармен дөңгелек үстел өткізілді. Мектеп кітапханашысы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясындағы әдебиеттер тізімі, шетелдік әлем әдебиеттері және қазіргі ақын-жазушылардың кітаптары туралы таныстырды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 2023-2024 жаңа оқу жылы мектептің кітапханасы балалар әдебиетімен, көркем әдебиетпен толықтыруына байланысты виртуалдық көрме ұсынылды. Мақсаты: Жаңа түскен кітаптармен оқушыларды таныстырып, кітап оқуға баулу. Оқушыларды жан-жақты балуға ықпал ету. <https://www.instagram.com/p/Ciwkc3UuxTR/> Үлкен үзіліс кезінде «Ж.Жабаеттың өлеңдерін оқимыз», «Мен оқыған бір кітап», «Үздік оқырман» сайысы т.б өткізіп, оқушылардың кітапқа деген қызығушылықтарын арттыруға зор үлес қосуда.

Сондай-ақ мектебімізде «Оқуға құштар мектеп» бұрышы жасақталып, өз оқырмандарына қызмет етуде. “Мектепке кітап сыйла” акциясы өткізілді. Бұл акция барысында мектебімізге кітап сыйлап және оқушыларымыз қазіргі сәтте оқып жатқан әдеби кітаптарының оқиғасын баяндап талқылау пікір алмасу болды. “Өзге тілдің бәрін біл, Өз тілінді құрметте” оқушыларымыз еліміздің ұлы тұлғаларының шығармасын және шетел елінің ұлы тұлғаларының шығармасын баяндады, оқушыларымыздың әдеби оқулықтарға қызғушылығын таныту үлкен жетістік. <https://www.instagram.com/p/Cj6L1yEuTDx/>

Мектеп кітапханасының күзгі демалыс кезінде “Оқуға құштар” жобасы аясында “Әдеби шығармаларды экрандау” іс-шарасы өткізілді. Мақсаты: Әдеби шығармаларды түсіндіру және талқылау барысында оқушыларымыздың демалыс уақыттындарын тиімді пайдалану. Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы №48 Жалпы білім беретін орта мектебімен бірлесіп “Бір ел-бір кітап” республикалық акциясы аясында мемлекет қайраткері, ғалым ақын, публицист, ағартушы және реформатор Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми және әдеби шығармашылығын насихаттау мақсатында әдеби кеш ұйымдастырды. “Ұлт ұстазы-Ахмет” Шараның мақсаты: XX ғасырдың біртуар азаматы, өз халқының айнасы болған ұлы қоғам қайраткері, ақын, ұстаз, ағартушы-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы жайлы оқушыларды сусындата отырып, оның туған халқы үшін аянбай еткен еңбегін дәріптеу, ұрпаққа үлгі ету. <https://www.instagram.com/p/Cl30YQTLFpt/>

Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностарымен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау.

"Тілім-теңдігім, туым-айбарым" тақырыбында 1-4 сыныптарда сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: білім алушыларға мемлекеттік тілдің өркендеп, оянуына, мемлекеттік тілімізді сүйеуге, мемлекеттік тілді аяққа баспай, мәртебесін биік ұстауға, құрметтеуге үйрету.

Күзгі демалыс кезінде сынып жетекшілер оқушыларды облыстық тарихи және өнер мұражайларына саяхат жасатты.

Мектебімізде ұлдар және қыздар жиналысы өткізіліп, ұлттық салт-дәстүрді ұстап, тәрбиелі, білімді, өнерлі болуға насихаттау жұмыстары жүргізіліп отырды.

Үлкен үзіліс уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында оқушыларға ұлттық аспабымызбен 5-сынып оқушысы Тлес Құрманбектің орындауында әсем күй орындалды.

<https://www.instagram.com/p/CmEqhqRrirW/>

"Қалдықтарды табысқа айналдырайық" тақырыбында 7-сынып қыздары қалдық заттардан пайдалы бұйымдар жасады.

Мектебімізде 6-8 сынып қыз балалары арасында "Ана мен қыз- ай мен жұлдыз" байқауы өтті. Мақсаты: қыздарды халқымыздың ізгі қасиеттері имандылық, инабаттылық, ісмерлік негізінде тәрбиелеп, жан-жақты білімді болуға, әсемдік, сұлулық әлемін түсінуге үйрету. Байқауға оқушылар үлкен дайындықпен келген. Қызықты әрі тартымды болды. Байқау соңы қыз балаларға сыйлықтар табыстаумен жалғасты. <https://www.instagram.com/p/CphpeY6vcqM/>

Наурыз айында «Ұлттық ойын-асыл мұрамыз» тақырыбында дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен сайыс өткізіліп, оқушылар белсене атсалысты.

"№48 жалпы білім беретін орта мектебі" КММ мектепшілік наурыз жоспарына сәйкес “Бауырсақ PARTY” өтті. Іс-шараның мақсаты: ұлттық дәстүрімізді, қонақжайлық пен мейірімділікті дәріптеу, айналадағыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлай отырып, ыстық бауырсақ арқылы ыстық ықылас, жылы лебіздерін сезіндіру. Мектеп басшысы Абуова Қарлыға Қоғабайқызы ұстаздарды, оқушыларды амал күнімен құттықтап, ұлттық тағамдарымызды дәріптеп молшылық пен тоқшылық болсын деп тілектерін айтты. 1-11 сынып білім алушылары бауырсақтың бірнеше түрінен дәм татып, мектеп оқушылары мен ұстаздар келіп жеткен амал мерекесімен бір-бірін құттықтады.

<https://www.instagram.com/p/Cpw2vXkOUTw/>

<<Домбырашылар челленджі>> балалар мен жастардың, мұғалімдер мен ата-аналардың музыкалық өнер саласындағы шығармашылық жетістіктерін көрсету және домбыраны дәріптеу.

<https://www.instagram.com/p/Cp4bomnuDKD/>

Отбасылық тәрбие

Мақсаты: ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

Қыркүйек айында отбасы күніне орай ұйымдастырылған апталықтың жоспарына сәйкес сынып сағаттары өткізіліп, “Отбасы - шағын мемлекет” тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды.

Отбасы күніне орай арнайы жоспар құрылып, жоспар бойынша іс-шаралар өткізілді. Отбасы күніне орай 1-4 сынып оқушыларының “Менің отбасым” атты бейнероликтері жарияланды

<https://www.instagram.com/p/CihC89ys1-V/>

<https://www.instagram.com/p/CihEjt3Ms-G/>

<https://www.instagram.com/p/CihFZWtMaDe/>

<https://www.instagram.com/p/CiicjgHse-P/>

<https://www.instagram.com/p/Ciii4VNsVJ/>

<https://www.instagram.com/p/CiijswKsodk/>

<https://www.instagram.com/p/CiimOdoMfEr/> <https://www.instagram.com/p/CiijRA7spwP/> Отбасы күніне орай ұйымдастырылған "Менің отбасым" членджі ұйымдастырылды. <https://www.instagram.com/p/CiZE1-bDyb8/>

«Ата-анамның жұмыс орнындағы бір күн» тақырыбында 4-сынып оқушылары ата-аналарының жұмыс орындарына барып қайтты.

Мектебімізде 1-3 сыныптар аралығында «Менің әкем ең жақсы адам» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды, әкелер өздерінің белсенділіктерін таныта білді.

Мақсаты - отбасылық құндылықтарды дәріптеу, әкелердің отбасындағы бала тәрбиесіндегі ролін арттыру, ұстаз, ата-ана және оқушы арасындағы байланысты нығайту.

Отбасы күніне орай арнайы жоспар құрылып, жоспар бойынша іс-шаралар өткізілді. Отбасы күніне орай 1-4 сынып оқушыларының "Менің отбасым" атты бейнероликтері жарияланды <https://www.instagram.com/p/CihC89ys1-V/> <https://www.instagram.com/p/CihEjt3Ms-G/> <https://www.instagram.com/p/CihFZWtMaDe/> <https://www.instagram.com/p/CiicjgHse-P/> <https://www.instagram.com/p/Ciii4VNsVJ/> <https://www.instagram.com/p/CiijswKsodk/> <https://www.instagram.com/p/CiimOdoMfEr/> <https://www.instagram.com/p/CiijRA7spwP/>

Отбасы күніне орай ұйымдастырылған "Менің отбасым" членджі ұйымдастырылды. <https://www.instagram.com/p/CiZE1-bDyb8/>

Мектебімізде мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізіліп, өнерлі оқушыларымыз Берденов Бақтыбай мен Жұмаберген Әсемей ән-шашуын арнап, жұмыстан шаршап келіп отырған ата-аналардың көңілдерін жадырата білді. Содан соң мектеп директоры К.К.Абуова жиналысқа қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып, жиынды ашты. Мектеп директоры К.К.Абуова ата-аналарды 2021-2022 оқу жылының қорытындысы мен жаңа оқу жылының мақсат-міндеттері туралы айта келе, бала тәрбиесінде мектеп-ата-ана-оқушы арасындағы байланыстың күшейтілуі нәтижесінде сапалы жұмыстардың арта түсетіндігі туралы баса айтты. Жиналыс барысында әлеуметтік педагог Е.С.Удин, мектеп медбикесі А.К.Жумағалиева, Ақтобе қаласы ПБ Астана ауданы 1 ҚПБ ЖПҚБ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты Н.Ж.Қиубек сөз алды және ата-аналар комитетінің мүшелері сайланды. Жиын соңында педагог-психолог Б.Қ.Мырзаханова «Менің отбасым-бақытты отбасы» атты ата-аналарға арналған тренинг өткізіп, ата-аналар белсене атсалысты.

Жиналыс соңына қарай, мектеп директоры Абуова Қарлыға Қоғабайқызы ата-аналардың жиналыс соңындағы кері байланыста қойылған сауалдарына жауап берді.

<https://www.instagram.com/p/CinnIzAsD4k/>

Отбасы күніне орай "Бақытты балалық шақ" тақырыбында 1-11 сынып оқушыларының арасында сурет байқауы ұйымдастырылып, оқушылар белсене қатысты. Үздік жұмыстар мектеп директорының атынан диплом, алғыс хаттармен марапатталды.

20 қараша-Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы-адам құқығы» және «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты республикалық акция аясында 1-11 сынып ата-аналарымен "Бала құқығы-адам құқығы" тақырыбында жиналыс өтті. Жиналыста ата-аналар керемет көңіл-күймен атсалысып, өз ой пікірлерімен бөлісті.

<https://www.instagram.com/p/CILbX4bMooI/>

<https://www.instagram.com/p/CILZwLBL2S3/>

<https://www.instagram.com/p/CIWQu8BMWyr/>

<https://www.instagram.com/p/CIWj4JbMJ1Z/>

<https://www.instagram.com/p/CIYPRhfuBdp/>

<https://www.instagram.com/p/CIWxWrmMqGi/>

<https://www.instagram.com/p/CIgNz8uDM0i/>

1-11 сынып оқушыларының ата-аналар жиналысы өтті.

Күн тәртібінде «Бала тәрбиесіндегі жазалау мен мадақтау» 1-4 сыныптар. «Әр баланың өмір сүру ортасының әлемі» 5-8 сыныптар. «Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуы» 9-11 сыныптар. «2-тоқсан қорытындысымен таныстыру» (1-11 сыныптар), салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша отбасы мен мектептің бірлескен жұмысы, оқу барысындағы қауіпсіздік мәселелері, жолда жүру ережелерінің сақталуы, тәрбие процесі және жасөспірімдердің әлеуметтік желілердегі қарым-қатынасының алдын алу жайлы мәселелер енгізілді. Мектеп директоры Абуова Қарлыға Қоғабайқызы ата-аналар жиналысына қатысып, оқушылардың өмір қауіпсіздігі, білім сапасы туралы айтты. 1-11 сынып жетекшілері ата-аналар жиналысын дәстүрлі емес (арт-терапия, ата-ананың және баланың мінез-құлқын модельдеу нұсқалары, педагогикалық жағдайды бірлесіп талдау, психологиялық тренинг, шай үстінде әңгіме) сияқты практикалық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып өткізді. Мұндай тәсілдер ата-аналардың назарын белсендіруге, сенім мен ізгі ниет атмосферасын құруға, ата-аналарды мәселелерді бірлесіп шешуге ынталандыруға мүмкіндік берді. Ата-аналар жиналысын өткізудің практикалық формалары ата-аналар тарапынан мектептегі оқу-тәрбие үдерістерінің мазмұнына үлкен қызығушылық тудырды. <https://www.instagram.com/p/CnpU5UQs9hS/>

2 сыныпта Көктемнің шырайлы, шуақты мерекесі 8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне байланысты "Ана мен қыз-ай мен жұлдыз!" атты тақырыбында ана мен бала отбасылық мерекелік сайысы өткізілді. Мақсаты: Отбасы, мектеп, мұғалім арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Үш команда құрылып, 5 турдан тұратын сайыс ұйымдастырылды. Сайыста ата-аналарда, балаларда өте қызығушылықпен атсалысты.

<https://www.instagram.com/p/CphVkl1M3gQ/>

15 мамыр Отбасы күніне орай 1-8 сынып оқушылары арасында "Біз бақытты Отбасымыз" атты фото коллаж сайысы өтті.

<https://www.instagram.com/p/CsP33oyIqMj/>

<https://www.instagram.com/p/CsP7E0cle5f/>

<https://www.instagram.com/p/CsP8K00IcVr/>

<https://www.instagram.com/p/CsSg0UxIcFG/>

<https://www.instagram.com/p/CsP3pDjIGMq/>

<https://www.instagram.com/p/CsP4U4RILkC/>

<https://www.instagram.com/p/CsP8K00IcVr/>

https://www.instagram.com/p/CsSeg9_o-DD/

22.05.2024ж күні мектебімізде "Мектеп пен отбасы ынтымақтастығы" тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Қаралған мәселелер: 2023-2024 оқу жылының қорытынды есебі.

Жазғы демалыс кезіндегі сауықтыру лагері т.б. <https://www.instagram.com/p/CsvdoRm01ei/>

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту.

2023 – 2024 оқу жылының басында еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие, кәсіби бағдар беру бағытында жұмыстар жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар кәсіптік бағдар беруде үнемі жүргізілетін жұмыстар және мектепшілік жүргізілетін іс - шаралар бойынша жасалды.

Қыркүйек айында түлектердің орналасуы бойынша ҚББ- не есебі тапсырылды.

Жаңа ғасырдың ұлы көшінде егемендігі еңселене түскен Тәуелсіз Қазақстанда тұрып тәрбиеленіп жатқан жастарымыздың рухын көтеріп, эстетикалық талғамын арттыру арқылы өнерге, сезімталдыққа, сыпайылыққа, мейірбандылыққа, адалдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу мақсатында мектебімізде 8-11 сыныптар аралығында «Күз ханзадасы мен күз ханшайымы» атты сайысы болып өтті. Оған 8-11-сыныптар өте жоғары дайындықпен қатысып, 6 кезең бойынша бақтарын сынап, Мектебімізде «Мерекелі берекелі алтын күз» көрмесі ұйымдастырылды. 1-7 сынып оқушылары аралығында ұйымдастырылған көрмеге жеміс – жидектерден жасалған түрлі бейнелер қойылды. Мектептің 1- қабатында жасалған көрмені оқушылар мен ұстаздар тамашалады.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі “Электр энергетикасы туралы” Заңның 9-1-бабы 1-тармағына сәйкес, электр жабдықтарын, электр және жылу желілерін, тұтынушылар қондырғыларды пайдалану кезіндегі ұйымдастырушылық іс-шаралары адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тиіс. Электр тогының қауіптілігі - бұл түссіз және иіссіз оны көруге де, естуге де болмайды. Арнайы құрылғыларсыз электр тогын анықтау мүмкін емес. Статистикаға сәйкес, электр жарақаттары негізінен бастауыш мектеп жасындағы балаларда кездеседі. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, оқушылардың электр тогымен зақымдануының алдын-алу мақсатында сыныптар арасында сыныптан тыс түсіндірме сабақтар өткізілді.

Оқушыларға оттың адам өміріндегі маңызын, пайдасын, пайда болу жолдарын ұғындыру, сонымен қатар оттың тілсіз жау екендігін ұқтыру. Өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы толық мағлұмат беру. Және де оттан сақтанудың жолдарын, өрттің табиғатқа, адамға әкелетін зардабын түсіндіре отырып, сіріңке, оттық т.б. қатерлі нәрселерден аулақ болуға тәрбиелеу мақсатында мектеп оқушыларына «Өрт қауіпсіздігі» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. <https://www.instagram.com/p/CjsVo2iv0zg/>

1-7 сыныптар арасында «Күзгі жәрмеңке» ұйымдастырылды. Жәрмеңке ұйымдастырудағы мақсат: оқушыларды еңбекке, ұйымшылдыққа, бастамашылыққа, ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелеу болды. Жәрмеңкені Әлеуметтік педагог Д.А Мукаева ашып, сыныптарға сәттілік тіледі. Атаулы іс-шарадан ата-аналар да тыс қалмады. Өз тараптарынан демеушілік жасап, ақыл-кеңес беріп, жәрмеңкенің жоғары дәрежеде өтуіне ықпал етті. Оқушылардың еңбектерімен жасалған тағам түрлері, жеміс-жидектер мен сусындар сатылымнан өз орындарын тапты. Еңбектің пайдасы – тәрбиелейді, күш береді, қуантады, бақытты етеді, өмір сүруге үйретеді, үнемшіл болуға баулиды, жігерлендіреді, шынықтырады демекші, жәрмеңке соңында оқушылар ұйымдастырылған іс-шарадан үлкен әсер алғандарын білдіріп жатты. Қандай әрекет, қандай іс істесек те, содан рахмет табу, соның рахатын көру біздің мақсатымыз болып табылады.

<https://www.instagram.com/p/Cj6K8rhJYyA/>

"Біз әлемді тазартамыз" акциясы аясында мектепшілік "Таза бейсенбі" шарасы өткізіліп, мектеп алаңы қоқыстан тазартылды. <https://www.instagram.com/p/Cj7hHz9sEzR/>

Күзгі каникул кезінде «Күз бояулары» тақырыбындағы суреттер байқауы ұйымдастырылды. Мақсаты: Табиғаттың әсем мезгілдерінде құбылған бояу реңдерін көре білуге баулу. Табиғаттың байлықтарын бағалай білуге қорғауға, аялауға, әдемілікке, сұлулыққа тәрбиелеу. 1-6 сынып оқушылары белсене қатысып, өз шеберліктерін көрсете білді.

<https://www.instagram.com/p/CkwoUXsQb9/>

<https://www.instagram.com/p/CkaxDlvMWh0/>

<https://www.instagram.com/p/CkbCwx8jdJJ/>

1-4 сынып оқушылары арасында «Күз қызықтары» тақырыбындағы жапырақтар мен дән-дақылдардан қолөнер байқауы ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың ұсақ заттардың көмегімен моторикасын дамыту және табиғаттың байлықтарын бағалай білуге қорғауға, аялауға, әдемілікке, сұлулыққа тәрбиелеу.

<https://www.instagram.com/p/Ckd1JGfuugy/>

Мектеп оқушылары Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының облыстық Төтенше жағдайлар департаментімен бірлескен «Қысқы кезеңдегі өрттің себептері және өрт қауіпсіздігі шаралары» тақырыбындағы интерактивті сабағына қатысып, маңызды мәліметтер ала алды.

<https://www.instagram.com/p/CkqvRSbM6hs/>

ТОО «Órt Sóndirushi KZ» аға инструкторлары Калдыбаев Темірбай Темірханұлы мен Ильясов Асхат Қоразұлы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, бала өмірі мен денсаулығына қауіп тудыратын күтпеген оқиғалардың алдын алуға бағытталған үгіт - насихат жұмыстарын жүргізді. «Улы газдан сақтан!», «Мектептегі өрт қауіпсіздігі» тақырыптарында ұйымдастырылған түсіндірме жұмыстарынан соң, ТОО «Órt Sóndirushi KZ» қызметкерлері оқушыларға өрт шыққан жағдайдағы іс-қимылдар, қорғану, балалардың жарақат алуында көрсетілетін алғашқы көмек бойынша оқу-машықтану сабақтарын үйретті. Үгіт насихат жұмыстарының соңында өрт адам өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекетке зиянын тигізетін, қоршаған ортаға үлкен материалдық зақым келтіретін тілсіз жау екені, туындаған шұғыл жағдайға білім беру мекемелері басшылығының жедел мектепте қауіпсіздікті қамтамасыз етуі және өрт қауіпсіздігі ережелері туралы толық мәліметтер берді.

<https://www.instagram.com/p/CkvXjnxOBWm/>

"№48 орта мектебі" КММ 13.05.2023ж күні ұстаздар мен ата-аналардың қолдауымен Республикалық "Жасыл мекен" акциясы ұйымдастырылды. Мақсаты: Білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және еңбекқорлыққа баулу. <https://www.instagram.com/p/CsLO5tzvqfP/>

ЖШС "Энергосистема" еңбекті қорғау және қауіпсіздік қызметінің басшысы Минбаев Тимур Абдыкаримович оқушыларға "Тоқ қауіпті" тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

<https://www.instagram.com/p/Csqx9P7MaKv/>

«Еңбек-елдің мұраты» жобасы аясында кәсіптік бағдар беру жұмысы аясында 9-11 сынып оқушыларына көптеген жоғары оқу орындары мен колледждерден кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен бірге 9-сынып оқушылары оқу орындарындағы ашық есік күніне қатысып, көптеген мәліметтермен танысып қайтты.

Кәсіптік бағдар беру бойынша

2023-2024 оқу жылында №48 орта мектебі бойынша 11 сыныптан 19 оқушы, негізгі орта мектепті бір 9 сынып оқушымен аяқтап отыр. 9 – 11 сынып оқушыларына оқу жылы бойы мамандық таңдауға байланысты жылдық жұмыс жоспарына сәйкес іс – шаралар, мамандықтар туралы тренингтер өткізілді. Сынып сағаттары, психологиялық көмек көрсету жұмыстары жүргізілді.

9 класс бойынша 27 оқушының 6-уы арнаулы орта білім беретін оқу орындарына тапсыруды жоспарлап отыр, қалған 21-і мектепте 10-шы сыныпты жалғастырып оқиды.

9 сынып бойынша					
Оқу жылдары	Барлық оқушы саны	10 класқа	Колледжге	Грант	Ақылы
2021 - 2022				-	-
2022-2023	27	21	6	-	-
2023-2024	20	13(шамамен)	7(шамамен)		

Оқушыларға оқу орындарының мамандықтар туралы ақпарат парақшалары таратылды. Мектеп психологы Б.Қ.Мырзаханова кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша өзінің қабілетін, белгілі бір кәсіптік салаға бейімділігін анықтауына, соның негізінде жоғары буында оқу бағдарын дұрыс таңдауына көмек беру және қолдау көрсету мақсатында оқушылармен диагностикалық жұмыстар жүргізді: Голланд әдістемесі арқылы тест, жеке оқушыларме жеке әңгімелесулер, «Сенің кәсіби ой - ниетің» сауалнамасы, «Емтихан», «Ұйқыдағы қала» тренингтерін жүргізді.

15 сәуір күні 9-сынып ата-аналарына жиналыс өткізіліп, оқушылардың мамандық таңдауда қателеспеуіне бағыт-бағдар берілді.

Ақпанның 1-і күні мектебіміздің жоғары сынып оқушылары Ақтөбе облыстық полиция департаментінің базасында Ішкі Істер министрлігінің оқу орындарына қабылдау ережелері және оқу кезіндегі қарастырылған жеңілдіктер туралы, кәсіби бағдар беру жиынына қатысты. Аталған шараға Ақтөбе қаласындағы Заң институтының және Қарағанды қаласындағы ПИМ академиясының қызметкерлері қатысып, мектеп оқушылары толық мағлұмат алып қайтты. <https://www.instagram.com/p/CoIIRCCsnu8/>

Мектебіміздің 9-сынып оқушылары "Ақтөбе Сервис" колледжіне ашық есік күніне барып, өздеріне керекті мағлұмат алды. <https://www.instagram.com/p/CrAOE9XlZSM/>

19 сәуірде Ашық есік күніне орай мектеп оқушылары әскери бөлімдерге экскурсияға барды. Аталған шара жастардың бойында патриоттық сезімді ұялатып, азаматтық белсенділікті арттыруға бағытталды. Шара барысында оқушылар әскери бөлімдер базасымен, оның құрылымымен танысып, қызметкерлермен сұхбаттасты. Естелік суретке түсіп, сұрақтарына жауап алды.

<https://www.instagram.com/p/CrOiK9DmRWV/>

4 мамыр күні Ақтөбе қаласының №48 орта мектебінің 9-11 сынып оқушылары кәсіби бағдар бойынша "Автожол колледжіне" ашық есік күніне барды. Кәсіби бағдар беру жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы таңдап алуға дайындауға бағытталған іс-әрекет. Оқу орындарының мамандары кәсіби бағдар беру арқылы оқушыларды мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттерімен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық салаларының даму міндеттерімен таныстырды. Мамандықты саналы таңдауда адамның қабілеттілігінің қалыптасуының да үлкен маңызы бар. <https://www.instagram.com/p/Cr03Ny3sIZa/>

Көпмәдениеттілік және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде «Ұшқыр ой алаңы» мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы жалпыұлттық мәдени – білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарына полимәдени орта құру.

9-сыныптарда «Кешіре білу-мықты адамдардың қаруы. Әлсіз адамдар ешқашан кешірмейді» атты шарасы өткізілді.

Мектебімізде «Қызғалдақ» қыздар клубының ұйымдастыруымен "Қыз тәрбиесі - ұлт тәрбиесі" тақырыбында қыздар жиналысы өткізіліп, мектеп басшысы К.К.Абуова « Әрбір баланың өмір жолы, тәрбиесі отбасынан, одан соң мектеп қабырғасынан бастау алары сөзсіз. Сондықтан да мектепте оқып жүрген қыз бала, ол – үйдегі ата-ананың көз қуанышы, мектепте ұстаздарының мақтанышы бола білуі тиіс. Қыз бала үйден шыққанда тап-таза киініп, шашын таранып, әсем күлкісімен айналаға нұрын шашып жүруімен қатар сабағын да жақсы оқиды. Қыз баланы тәрбиелей отырып, отбасындағы одан кейінгі ұлдарға үлгі етеміз, яғни бұл жерде ұлт тәрбиелеу – бұл қазақтың ежелден келе жатқан философиялық даналығы деп білемін» дей отыра, тақырып мазмұнын ашып өтті. Жиналыс қонағы «Мерейлі отбасы» байқауының гран при иегері, Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы, «Патриоттық белсенділер», «Елеулі еңбек», Бауыржан Момышұлының «Батыр шапағаты» медальдарының иегері Әбілдаева Бибігүл Әбдішүкірқызы қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс- қимыл, жүріс - тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбат туралы жан - жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани - адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, имандылық қасиеттерін дамыту мақсатында ұлағатты әңгімелерін айтып, оқушыларды адамгершілікке шақырды. <https://www.instagram.com/p/CoM2zJnOHCT/>

1-2 сыныптар арасында “Зерек балалар!” интеллектуалдық ойыны ұйымдастырылды. Мақсаты: Балалардың алған білімдерін тиянақтау, өткен оқу іс - әрекеттердегі тақырыптарды еске түсіру. Барлық білім беру салаларын қамту арқылы балалардың сөздік қорларын байыту, ой - өрістерін кеңейту, логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ұйымшылдыққа, шапшаңдылыққа, отансүйгіштікке, тілін құрметтеуге тәрбиелеу.

Оқушылардың үлкен үзілісте бос уақытын тиімді өткізу мақсатында оқушыларға ұлттық аспабымызды дәріптеп, халық әндерін бойларына сіңіріп өссін деген оймен 10-сынып оқушысы Абдоллаев Бекарыс оқушымыз "Бипыл" және "16 қыз" әнін оқушыларға орындады. <https://www.instagram.com/p/Clz5FicokXN/> Мектебімізде ақиық ақын М.Мақатаевтың туған күніне орай "Жырлайды жүрек" тақырыбында поэзия кеші өтті. Оқушылар мен мұғалімдер ақынның өлеңдерін оқып, әндерін орындады. Мектеп басшымыз К.К.Абуова ақындардың әрбір өлеңінен энергия, ләззат алатынын, өз өмірінің кейбір сәттерін өлеңдерден іздейтінін және М.Мақатаевтың өлеңдерінің ерекшелігін айта келе "Шәмілге хат" өлеңін оқып берді. Ұлт тарихында әдебиет, музыка мәдениет саласында мәңгілік ғұмыр М.Мақатаев ақынның өміршең өлеңдеріне арналған бір елдік мұрасындай болған шығармашылығына арналған адам жанын жақсылыққа, ізгілікке, сұлулыққа тәрбиелейтін әсерлі кеш болды. <https://www.instagram.com/p/CoeJbKmjKB0/>

«Екі жұлдыз» ән байқауы өтті. Өнер додасына төрт жұлпы қатысты. Өнерпаздардың арасында мектеп оқушысы, ұстаздар

катысты
- Байқауды өткізудегі мақсатымыз мектеп оқушыларына эстетикалық тәрбие беруді арттыру, мұғалім, ата-ана, оқушы арасында тығыз байланыс орнату. Бірлікке, ұйымдастырушылыққа, патриоттыққа, өнерді бағалай білуге тәрбиелеу болып табылады.

- Байқауға қатысушыларды марапаттау сәтінде мектеп директоры Абуова Қарлыға Қоғабайқызы «Бүгінгі өткізіліп отырған ән байқауымыз Халық қаһарманы Р. Бағланованың 100 жылдығына құрмет, арнау, еске алу, өнерге тағзым! Мұғалім, оқушы, ата-ана үштік одақтың ынтымағын арттыру. Балаларына қолдау көрсетіп, өнерлерін ортаға салып отырған ата-аналарымызға мың да бір алғыс білдіремін. Біздің мақсат – бірін төрден, енді бірін өрден көрсету емес, осындай өнерпаздарымыздың өнерлерін мына сіздерге паш ету. Керемет өнер көрсеттіңіздер. Өнерлеріңіз өрге жүзсін!»- дей келе, байқауға қатысқан әр баланың

талабына қолдау білдірген ата-аналар, ұстаздарға алғыс айтты. 22 ақпанда мектебімізде «Бала және театр» жобасы негізінде 1-4 сынып оқушылары «Бал бала» куыршақ театры «Мауглидің жаңа оқиғалары» музыкалық шоуы желісінде «Байқа жолда, балақай!» тақырыбында мультфильм кейіпкерлері қатысатын қойылымын тамашалады. Мақсаты: Балаларды жолда жүру ережесімен және бағдаршамның қызметімен таныстыру. Жолда жүру ережесімен таныстыра отырып, бағдаршам сигналдарын меңгерту, көшеде дұрыс жүруге үйрету. Жол белгілерін айыра білу дағдысын қалыптастыру, көше жағдайындағы кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын, көшедегі мінез - құлығын, өзін - өзі ұстауын, жол ережесіне байланысты сана - сезімін дамыту. Балаларды мейірімділікке, зейінді болуға, өзін - өзі қорғай білуге тәрбиелеу. <https://www.instagram.com/p/Co92uNIAZ->

Зияткерлік тәрбие

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, оның ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Жас Ұлан ұйымының 2023-2024 оқу жылының Ұланбасы сайлауы өткізілді. Сайлауға 8 – 10 сынып оқушылары «Егер мен Ұланбасы болсам...» өз бағдарламаларын ұсынып, мектеп инстапарақшасына жариялады. Мектеп ұстаздары мен оқушылардың дауыс беруі арқылы сайлау нәтижесі шығарылды. Мектеп Ұланбасы болып 10 сынып оқушысы Минуарова Диана сайланды.

«Жас Ұлан» ұйымының белсенділерімен «Мектеп Ұланбасына кім лайық?» тақырыбында зияткерлік тренинг өткізілді. Белсенділер жан – жақты қамтылған тапсырмалар орындап, пікірлесті.

Мектеп психологы Б.Мырзахановамен бірге «Буллинг және кибербуллинг» тақырыбында пікірталас өткізіліп, оқушылар өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Мектебімізде шахматтан республикалық челлендж өтті. Шахмат – оқушылардың зейінін, сыни - тұрғысынан және логикалық ойлау, шешім қабылдау, стратегиялық жоспарлау. Челлендждің мақсаты – шахмат арқылы - балалардың зияткерлік және ақыл-ой қабілеттерін дамыту. шығармашылық талдау, қабылдау және бағалау сияқты ақыл-ой қабілеттерін дамытатын ойын.

<https://www.instagram.com/p/Cq7VXesM1ZZ/>

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін, факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құру, басқа бағыттар.

5-10 қыркүйек аралығында мектебімізде “Халықаралық денсаулық күніне орай” денсаулық апталығы аталып өтілді.

Оқушылардың денсаулығы мен жан-жақты дамуының кепілдігі - денсаулықты сақтау, спортпен шұғылдану және дұрыс тамақтану болып табылады.

Осы мақсатта мектебіміздің медбикесі “Мен өз денсаулығымды сақтаймын”, “Дұрыс тамақтану - ұзақ өмір сүрудің кепілі” тақырыбында оқушыларға дәріс оқып, денсаулық сабақтарын өткізді.

Және дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Смағұл Қуанның ұйымдастыруымен 6-класс оқушыларының арасында “Белсенді өмір - ұзақ ғұмыр” атты таза ауада жаттығу, көңілді ойындар өткізілді. Шараның негізі мақсаты - оқушылардың дене шынықтыру пәніне деген қызығушылығын ояту арқылы белсенді өмірге, шымырлыққа, мықтылыққа баулу.

Ақтөбе қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының тапсырмасы бойынша, мектеп оқушылары арасында “Құтырма ауруының алдын алу” тақырыбында диктант жазылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. <https://www.instagram.com/p/CiMe7TdsfTu/>

9,10,11 сынып оқушыларымен “Салауатты өмір салтын насихаттау” мамандарымен Г.Т.Сидалиева, А.А.Айтқулова, Л.Х.Жанторина және мектеп медбикесі А.К.Жумағалиевамен “Тұмаудан сақтанайық” және “Дұрыс тамақтану” тақырыптарына семинар жүргізді. <https://www.instagram.com/p/CisI1eGss6j/>

Өскелең ұрпаққа салауатты өмір салтын насихаттап, жастардың спортпен шұғылдану дағдысын қалыптастыру мақсатында

қыркүйек айының 17 күні №48 орта мектебінде Денсаулық күні ұйымдастырылды. Денсаулық күніне 1-11 сынып оқушылары қатыстырылды. <https://www.instagram.com/p/CiuACKksVfh/>

-Республика күні қарсаңында мектебіміздің 5-6 сынып оқушылары арасында “Ұлттық ойындар” спорттық сайысы өткізілді. Мақсаты: салауатты өмір салтын насихаттай отырып, эстафета спорттық ойынын дамыту және оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту. Жетекшілері: Төреғалиев Б., Прмагамбетова А <https://www.instagram.com/p/Cj5WAGkPSk4/>

№1 қалалық емханасының психологы Кешубаева Л.Н кездесу өткізілді. Кездесуде мамандар жасөспірімдер арасындағы жұкпалы аурулардың алдын-алу, ерте жастағы жүктілік пен жеке гигиенаны сақтаудың маңыздылығын ерекше атап өтті. Дәріс соңында оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, мазмұнды бейнематериалдар көрсетілді. <https://www.instagram.com/p/CkNwXR8sJh6/>

Қараша айында мектебімізде "Нашақорлыққа жол жоқ!" тақырыбында тәрбие сағаттары өтті. <https://www.instagram.com/p/CksjHLIs4zi/> <https://www.instagram.com/p/CkvDALqAOiN/>

https://www.instagram.com/p/CkwIn_msZnY/

9 қараша күні №1 қалалық емханасының Салауатты Өмір Салтын қалыптастыру маманы Жанторина Лениниана Хабижановна «Жасөспірімдердің арасындағы нашақорлықтың алдын алу» тақырыбында кездесу болып өтті. Кездесудің мақсаты - АИТВ/ЖИТС–тің және нашақорлықтың алдын алу және салауатты өмір салтын ұстанып жастарды спортқа баулу. Шара аясында СӨС маманы кәмелетке толмағандар жастар арасында нашақорлық, АИТВ/ЖИТС–тің алдын алу мәселелері жайында толыққанды мағлұмат берді. Сонымен қатар сала маманы жаман әдеттерден аулақ болып, салауатты өмір салтын ұстанып, бос уақытында кітап оқуға шақырды.Сөз соңында оқушылар көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, кеңінен жауап алып, өзара еркін пікір алмасты. <https://www.instagram.com/p/CkvbBOvsGCw/>

9 қараша күні мектебімізде жыныстық тиіспеушілік, ерте жүктіліктің алдын-алу мақсатында, 9-11 сынып қыздары арасында кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында жүктіліктің алдын алу және отбасын жоспарлау туралы репродуктивті сауаттылықты жоғарылату жөнінде санитарлық-ағарту жұмысын жүргізу мақсатында «Репродуктивтік денсаулық. Ерте жүктіліктің алдын алу» атты №1 қалалық ауруханасының Салауатты өмір салтын қалыптастыру маманы Жанторина Лениниана Хабижановнамен кездесу болып өтті.Л.Жанторина жастықтың дәмін татпай жатып, зарын тартатын жас буын өкілдеріне керек емес жүктіліктің болашағына, денсаулығына тигізер кері әсері туралы толыққанды мәлімет берді.Физикалық, биологиялық, әлеуметтік тұрғыда жетіліп үлгермеген нәзік жандылардың дүниеге дені сау ұрпақ әкелуі де екіталай дүние. Ал жасанды түсік болашақта бала сүю мүмкіндігін төмендетеді, яғни бедеулікке апарып соқтырады. Жасанды түсік жасататын қыздардың 30%-ы онкологиялық, гинекологиялық ауруларға шалдығып жатады. Арақ-шарапқа, темекіге әуес бақылаусыз жеткіншектер осы қадамға біртабан жақындау боп келеді. Ата-анасы шектеу қоймаған соң, бала да өз тағдырына алаңдай қоймасы анық. Сол себепті де, бөйжетіп келетін қыз баланың қылығы түзде болғанымен тәрбиесі үйден болуы тиіс дейді.Қыздарды сөзге тартып, өздерін ойландырып жүрген сұрақтарын ортаға салуға мүмкіндік бере отырып, Лениниана Хабижановна кәмелет жасына толмаған жастардың аяғын андап басудың басты алғы шарттарымен таныстырды. Ерте жастағы жүктіліктің ең алдымен денсаулығына кесірін тигізсе, болашағына балта шабатыны турасында ұғынықты етіп түсіндірді.Сонымен бірге, жұқпалы инфекциялардың түрлері, оларды жұқтырудың жолдары, салдары да тереңнен қозғалды. Қарапайым сөзбен айтқанда, бақытты да дені сау, әдемі болу үшін, тазалық гигиенасын сақтап, жыныстық қатынастан отбасын құрғанға дейін бас тартуға шақырды. Қатысушы оқушылар мазалаған сұрақтарына тұшымды жауап ала алды.Дәрігерге уақытында қаралғанның өзі көптеген проблемалардың алдын алуға болатындығы да айтылды.

24 ақпанда мектебіміздің 7-8 сынып қыз балаларына №1 қалалық емхананың психологтары Кешубаева Ляззат Нурполатовна, Краутаева Жанагул Муратовна және гинеколог Рыспаева Жансая Умирзаковна «Қыз балалардың гигиенасы» туралы семинар өткізді.Мақсаты: оқушылар арасында гигиеналық білім мен дағдыларды қалыптастыру. <https://www.instagram.com/p/CpCCm1lDuYj/>

2023 жылғы 7 сәуір - Дүниежүзілік денсаулық күнін атап өту, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында мектебімізде оқушылармен сергіту жаттығулары мен спорттық ойындар өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/Cqu0okmsvu8/>

5-6 сынып оқушыларынан құрылған қалалық микро топтар арасында футболдан "Мектеп ЛИГАСЫ" өтті. №48 орта мектеп оқушылары 2-орын алды. Жетекшісі: Прмаганбетова А.Б

Мектепшілік есепте тұрған оқушылармен жүргізілген жұмыстар

Мектепшілік бақылауда тұрған оқушылармен жұмыстар жүргізілді. 2022-2023 оқу жылының сәуір айында 2 оқушы мектепшілік есепте тұрды. Ол: 8-сынып оқушылары – Жалдыбай Рамазан мен Кононов Юрий Аталған оқушылармен мектеп инспекторы және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен бірлесе отырып ағартушылық-түзетушілік жұмыстары жүргізілді.

Мектепшілік есепте тұрған оқушылардың 3 жылдық салыстырмалы көрсеткіші

2021-2022 жылында	2022-2023 жылында	2023-2024
1.Утепбергенов Бақтияр	-	-

Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру жұмысы

2022 жылдың 1 қыркүйек күні Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI «Педагог мәртебесі туралы» заңын негізге ала отырып, 2023-2024 оқу жылында мектеп оқушыларының арасында бұқаралық спорт түрлерін дамыту және оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында №122 бұйрық негізінде төмендегі кесте бойынша үйірмелер мен секция жұмыстары жұмысын жасады. Атап айтқанда мектебімізде оқу - тәрбие беруде тұлғалық танымдық белсенділікті дамыту мақсатында 5 спорттық секция мен 5 үйірме жұмыс жасады.

Әрбір үйірменің жұмыс кестесі, уақыты белгіленген. Осы кесте бойынша спорттық секциялар мен үйірмелердің уақытылы өтуі апта сайын қаралды. Тексеру барысында үйірме оқушыларын тізім бойынша

түгел келуіне ескерту айтылды. Үйірме жұмыстарын тексеру барысында оқушылардың қызығушылықпен келетіндігі байқалды. Атап айтқанда, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, қабілеттерін ашу мақсатында спорттық - үстел теннисі, футбол, баскетбол секциясы жұмыс жасайды. Жетекшісі Төреғалиев Бекнұр -педагогикалық өтілі- 4 ай. Үстел теннисің жоғары қабатқа құрғанмен де, толық орнатылмады, яғни жұмыс жүргізілмеді. Себебі теннис сеткасы мен добы жоқтығын, енді алатындығын. Оның орнына 10-11 сынып ер балаларына волейбол, баскетбол ойының жүргізіп жүргендігін айтты. Ескерту берілді. Футбол, баскетбол үйірмелерін уақытында өткізіп тұрады. Волейбол (ер, қыз балалар), бес асық спорт секциясының жетекшісі – Прмаганбетова Айгул Бисекешқызы. Педагогикалық еңбек өтілі -20 жыл, санаты жоқ. Бұл мұғалім секция жұмыстарын уақытында әрі тыңғылықты өткізіп отырады. Айгул Бисекешқызының басшылығымен X микротоп мектеп лигасында 8-11 сынып қыз балалар арасындағы «Бес асық сайысына 9 сынып оқушылары Төлеген Ардана, Мақсұт Ақерке, Мухамбеталиева Перизат катысы, 1-орынға ие болып, финалдық кезеңге жолдама алды.

Би өнері балаларға денсаулықпен қатар, дене бітімінің жақсы жетілуіне көмек етеді.

Бос уақыттарын тиімді қолданады, жүріс-тұрыстарын түзейді, өз - өздерін еркін ұстауға дағдыланады, үкитылыққа, зейінділікке, шапшандыққа, икемділікке үйренеді.

Осы мақсаттағы спорттық би үйірмесінің жетекшісі Сейтжанова Гаухар Маралқызы - педагогикалық өтілі - 20 жыл. Үірмелерін уақытында өткізіп, оқушы ғана емес, ата-анамен тырыз байланыс жасап отырған шығармашыл ұстаздың бірі.

Бұл үйірме әзірге мектепшілік шараларда әр уақытта да өз енерлерін ортаға салып жүр.

Мектеп оқушылары бұдан басқа мектептен тыс спорттық секциялар мен үйірмелерге катысады. Жалпы 2023-2024 оқу жылының I жарты жылдытында үйірме-секцияларға 1-11 сынып оқушыларының үйірме-секцияға катысым бойнша мектілішілік үйірме-секцияларға катысым 65% құрайды, ал мектептен тыс үйірме, секцияларға катысым 35% құрайды.

Дінге бейім оқушылармен жұмыстар бойынша

Мектеп оқушыларының арасында деструктивті діни ағымдардың алдын алу мақсатында 2022-2023 жылдың қазан және ақпан айларында 5-11 кластар арасында және 1-11 класс ата-аналарынан «Дінге көзқарасың қандай?» сауалнамасы алынды. Сауалнама қорытындысы бойынша деструктивті діни ағымдарға бейім оқушылар мен ата-аналар анықталған жоқ. Деструктивті діни ағымдарға теріс пікірде.

Дінге бейім оқушылардың 3 жылдық салыстырмалы көрсеткіші:

2020-2021 жылында	2021-2022 жылында	2022-2023 жылында
-	-	-

Құқық бұзушылықтың алдын-алу және құқықтық кеңесінің есебі

Құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында оқу жылының басынан бері біздің мектепте атқарылып жатқан жұмыстарға келсек, оқу жылының басында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында жүргізілетін іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілген болатын. Жоспарға сәйкес бекітілген іс-шаралар өткізіліп отырады. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында мектепте құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде құқықтық кеңес жұмыс жасайды. Әр ай сайын кеңес отырысы болып өтеді. Кеңес құрамында 10 адам бар. Кеңес төрағасы мектеп директоры және мектеп ұстаздарынан құралған.

Және де мөлтекаудан бойынша жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын – алу, кәмелетке толмағандарға темекі және алкоголь өнімдерін сату деректерін анықтау, жасөспірімдердің кешкі мезгілде сағат 22:00 – ден кейін заңды өкілінсіз жүрмеуін қадағалау мақсатында «Тәртіп сақшылары» жасағы жасақталып, жасақ жетекшісі дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі Б.Бисенов тағайындалып, мұғалімдерден және жоғары сынып оқушыларынан «Тәртіп сақшылары» жасағының құрамы бекітілді.

Оқу жылының басында 1-11 сынып жетекшілері оқушыларды кәмелетке толмағандардың заңға бағынушылық мінез-құлқын қалыптастыруға, құқық бұзушылық немесе қоғамға қарсы іс-әрекеттер фактілерін анықтауға және алдын алуға ықпал ету мақсатында «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, пайдаланылу үшін шектелген бұйымдар мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 25 мамырдағы №235 бұйрығымен таныстырып өтті.

Қазан айында "Қауіпсіз интернет"тақырыбында оқушылардың интернет желісіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ата-аналар мен оқушыларға чат арқылы бейнероликтер, ақпараттық жадынамалар таратылып, интернет жүйесіндегі қауіптің алдын алу, балалардың интернеттегі жұмысын пайдалы ету үшін ата-аналарға ақыл-кеңестер берілді.

Қазіргі таңда мектебіміз бойынша қалалық ішкі істер бөлімінде тіркеуде тұрған бала жоқ. Дегенмен тәртібі мен сабаққа катысымына байланысты 8- сынып оқушылары Жалдыбай Рамазан мен Кононов Юрий қыркүйек айынан бастап қатаң бақылауда . Бұл оқушылармен сынып жетекшісі іГ.Ахат, мектеп психологы Б.Мырзаханова мен тәрбие орынбасары Б.Мангибаева жеке жұмыс жасауда. Сонымен бірге бұл оқушыны икеміне қарай қоғамдық жұмыстарға катыстырып отырамыз. Оның сурет салуға деген бейімділігін байқап, мектепшілік шаралар кезінде көрнекіліктерді салу, бояу жұмыстарына

араластырды, Рамазан мен Юрий түстен кейінгі бос уақытында келіп, қоғамдық жұмысқа деген өз белсенділігін көрсете білді. Бұл оқушы мектептегі футбол театр үйірмесіне және мектептен тыс футбол үйірмесіне қатысты.

Мектеп оқушыларының күнделікті сабаққа қатысы тексеріліп, сынып жетекшілер ата-аналарымен тығыз байланыс жасап отырады. Еш себепсіз жиі сабақ жіберетін оқушы жоқ.

Сынып жетекшілер құқық бұзушылықтың алдын алу туралы ата-аналар жиналысында айтып отырды. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында Ақтөбе қаласы ПБ Астана ауданы 1 ҚПБ ЖПҚБ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты Н.Ж.Қиюбек 5-11 сынып оқушылары арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

10 қараша күні мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Мангибаева мен мектеп психологы Б.Мырзаханованың ұйымдастыруымен 9-11 сынып оқушыларына "Кибербуллингтің алдын алу, интернеттегі бала қауіпсіздігі" тақырыбында кездесу өткізді. Кездесу барысында қазіргі кезде жасөспірімдер арасындағы өзара қысым көрсету, бопсалау, виртуалды қарым-қатынас және қорғану қауіпсіздігі туралы айтылды.

<https://www.instagram.com/p/CkykpNgMNhY/>

2022 жылдың 23 қараша күні Ақтөбе қаласы, Астана ауданы №1 ҚПБ ЖПҚ КТІЖ УПИ полиция аға лейтенанты Д.Женисова 5-11 сынып оқушыларына "Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, қылмыстылыққа жол бермеу. Бопсалау. Зорлық-зомбылықтың алдын - алу. Суық қаруларды ұстамау, нашақорлық есірткі заттарына, электрондық темекіге және шылым шегуге жол бермеу" тақырыптарында дәріс өткізіп, профилактикалық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

<https://www.instagram.com/p/CIT760msddy/>

№48 жалпы білім беретін орта мектебінде мектеп инспекторы Ақтөбе қаласы, Астана ауданы №1 ҚПБ ЖПҚ КТІЖ УПИ полиция аға лейтенанты Д.Женисованың қатысуымен "Әкімшілік және қылмыстық құқықбұзушылық" тақырыбында 5-11 сынып ер балаларымен кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында мектеп инспекторы және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тарапынан мектептің ішкі тәртібі, жасөспірімдерге қатысты құқықбұзушылық заңдары, қауіпсіз интернет, буллинг-кибербуллинг туралы, жасөспірімдер арасындағы қылмыс, бопсалау, күш көрсету және кешкі мезгілде көшеде жүрмеу жайында оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

<https://www.instagram.com/p/ClI0kIBsAB-/>

Ағымдағы жылдың 26 қаңтарында 8-11 сыныптар арасында мектеп инспекторы Д.К.Женисова, ДТІЖО Б.Мангибаева мен мектеп психологы Б.Қ.Мырзаханова бірлесіп "Қауіпсіз интернет" және «Буллинг, Кибербуллинг» туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Буллингтің күш көрсету арқылы жүретін түрі адамның тәніне зиянын тигізеді, оның дүние-мүлкіне зардап әкеледі. Әдетте буллинг басқалай басталып, ақыр соңында күш көрсетуге алып келетіні туралы түсініктерін арттыру. Сонымен қатар, кездесу барысында кәмелетке толмағандар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, оқушыларға электронды темекі туралы түсінік беру, вейпингке теріс көзқарастың қалыптасуына ықпал ету мақсатында түсіндірме жұмысы жүргізілді. Вейп - көптеген улы заттар ерітілген бу генераторы. Никотиннен басқа сұйықтықта басқа улы заттар: формальдегид, глицерин ериді. Мұның бәрі қызады және өкпеге жетеді: бронх демікпесіне әкеледі және қатерлі ісіктің даму қаупін арттыратыны туралы ақпарат берілді.

<https://www.instagram.com/p/Cn4xY1VMksd/>

26 қаңтарда кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау мақсатында Ақтөбе қаласы ПБ Астана ауданы №1 ҚПБ ЖПҚ КТІЖ УПИ полиция лейтенанты Д.К.Женисовамен бірге жоспар бойынша кездесу ұйымдастырылып өткізілді. ДТІЖО Б.Т Мангибаева мектеп инспекторын оқушылармен таныстырып, мектеп ережесін, өмір қауіпсіздік ережелерін түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мектеп инспекторы Д.К.Женисова кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау, құқықтық сауаттылықты арттыру, заңсыз іс-әрекеттер жасаудан қорғау, жас ұрпаққа заңға бағынушы азамат ретінде тәлім-тәрбие беру мақсатында дәріс өткізді. Кездесу барысында кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта үй-жайдан тыс жерде ата-анасыз немесе заңды өкілдерінсіз жүруге болмайтындығы, жолда жүру барысында жол қауіпсіздігін сақтау, ұсақ бұзақылық үшін қолданылатын жазалар жөнінде оқушылармен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу туралы айтып өтті. Сонымен қатар оқушыларға ең алдымен жолда жүру ережелері туралы, мектепке ұялы телефонға тыйым салынғаны туралы, кешкі мезгілде көшеде жүрмеу, кәмелетке толмағандарға түнгі уақытты көңіл көтеру орындарына баруға тыйым салу, сондай-ақ, кәмелетке толмағандарға спирттік ішімдіктері мен темекі тауарларын сатуға тыйым салу туралы айтты.

<https://www.instagram.com/p/Cn4xhPXselt/>

Қазіргі уақыттағы өзекті мәселе болып отырған оқушылар арасындағы буллингтің алдын—алу мақсатына 10 сынып оқушыларына "Буллингке жол жоқ!" тақырыбында алдын—алу мен психологиялық кеңес беру жұмысы ұйымдастырылды. Оқушыларға сұрақтар қойылып, талдау жүргізіліп, кеңестер берілді.

<https://www.instagram.com/p/CrTThLsMgrb/>

«Біздің мектеп буллингке қарсы» жалпы республикалық флешмобына мектеп оқушылары қатыстырылды. Флешмоб мақсаты: қоғам назарын балалардың қауіпсіздік мәселелеріне деген саналы көзқарасын аудару.

Оқушылардың, педагогтердің буллингке қарсы санасы менойлауын қалыптастыру; тұруға белсенді қатысуға жәрдемдесу. <https://www.instagram.com/p/CsaXgOPAvB3/>
<https://www.instagram.com/p/CsulNUoogAn/>

Оқу жылы бойы құқық кеңесінің мүшелері ай сайын отырысқа қатысып отырды. Кеңесте мектеп оқушыларының тәртіптері, қиын оқушылармен жұмыс нәтижелері, дін жолында жүрген, діни сауаттылыққа байланысты жүргізілген жұмыстар туралы, сонымен қатар өмір қауіпсіздігі мен жол қауіпсіздігі, мереке және каникул күндері жүргізілген рейдтердің қорытындылары тыңдалып отырды.

Қаралған мәселелер бойынша сұрақ – жауап, пікірлесу, әңгімелесу жұмыстары жүргізіліп, қаулы шығарылып отырды.

Қаулылардың орындалуы бойынша есепте тұрған, өгей әкемен тұратын, қиын және тәуекел топтарындағы оқушылардың үйлеріне рейд жүргізілді. Ата – аналарымен құқықбұзушылықтың алдын – алу бойынша түсіндірме жұмыстары жасалды.

Биылғы оқу жылы бойынша құқық кеңесінде 9 отырыс болды.

Құқық кеңесінің жылдық жұмысы жоспарлы жүргізілді. Жауапты мамандар өз жұмыстарын толық атқарды. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша мектепішілік есепте тұрған оқушылар жоқ. Мұғалімдердің, психологтардың, мектеп инспекторының оқушылар арасында қауіпсіз қарым-қатынас орнату бойынша бірлескен жүйелі жұмысы жолға қойылған. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша педагогикалық ұжымның, оқушылардың алаңдаушылық деңгейін айқындау бойынша бірнеше жұмыстар атқарылды, мектепішілік есепте тұрған ерекше назардағы 2 оқушы мектептің қоғамдық жұмыстарына қатыстырылып, үйірме, спорт секцияларына тартылып үнемі назарда болды. Психологтар мен сынып жетекшісі тарапынан оқушыларға бақылау дәптері ашылып, сынып жетекшісімен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог бірлесе отырып, отбасына зерттеу актісі толтырылды және жеке мінездеме жазылды. Ақтөбе облыстық-тәжірибелік орталығы қызметкерлерінің ұйымдастыруымен төтенше жағдайлар басқармасы мен ішкі істер мамандарымен бірлесе отырып онлайн семинарлар жүргізіліп, мектеп инспекторы Д.Женисованың басшылығымен жиі түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырды. Мектепте оқушылардың ашық хат, арыз, ұсынымдарына арналған Сенім жәшігі орналасқан және де мектепте түсінік беру стенді де бар.

Қорытынды: 2023– 2024 оқу жылында тәрбие жұмысы бойынша жүргізілген жұмыстарды саралай келіп төмендегідей қорытындыға келуге болады. Тәрбие жұмысында жоспарланған жұмыстар орындалған. Құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында жүргізілген жұмыстар өз деңгейінде жоспарланып орындалған. Қалалық деңгейдегі іс – шараларға мектеп оқушылары мен ата – аналары орташа деңгейде қатыстырылған. Биылғы оқу жылы бойынша ЗПБ-де тіркелген оқушы жоқ. «Ерте жүктіліктің алдын - алу» шаралары бойынша арнайы мамандармен кездесу, ата – аналармен байланыста жұмыстар жүргізілген. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша, үйірме жұмыстары жүйелі жүргізілген. Спорттық, шығармашылық байқаулар мен сайыстардан оқушылардың қалалық деңгейде жегістіктері бар. Оқушылардың зиянды заттар пайдаланудың алдын-алу жұмыстарын жоспарлау өз деңгейінде жүргізілді.

Ұсыныс:

1. Оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын – алу жұмыстарына арнайы мамандар мен ата – аналардың біріккен тәрбие негіздерін пайдалана отырып, бірлескен жұмыстарды жандандыру;

2. Салауатты өмір салтын және оқушылардың өмірлік ұстанымын қалыптастыруда оқушының сұранысы мен ата – аналар қауымының, қоғамның талаптары және мектеп мүмкіндіктері негізінде іске асыру;

3. Оқушылардың өзін –өзі тану, көшбасшылық қабілеттерін дамытуда алдағы уақытта мектепішілік дебат, пікірталас, байқаулар ұйымдастыру;

4. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын – алу бойынша ер балалармен қоғамдық, әскери – спорттық шараларды, кездесулер ұйымдастыру;

5. Мектеп оқушыларының дене тәрбиесі және салауатты өмір салты бағыты бойынша қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық шығармашылық сайыстарға қатысымын арттыру;

6. Оқушылардың мектеп кітапханасымен байланысын жоспарлы ұйымдастыру;

7. Әкелер және аналар институттарының жұмысын жандандыру.

8. Дебат, театр үйірмелерінің жұмысын дамыту

Мектептегі кітапхана қызметі

Мектеп кітапханасы өз жұмысын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2000 жылғы №827 бұйрығымен бекітілген «Білім жүйесінің кітапханаларға арналған кітапхана ісі жөніндегі әдістемелік құралдарға» берілген нұсқауларды және 2001 жылғы 3 шілдедегі №522 «Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектеп кітапханалары жұмысының сапасын жақсарту жөніндегі шаралар туралы» бұйрығын негізге ала отырып жүргізуде. Мектеп кітапханасын пайдаланудың үлгі қағидаларында, яғни, кітапхана қорын толықтыру, орналастыру, сақтау, есепке алу оқырмандардың кітапханамен қатынасы, оқырманмен қызмет көрсетуді ұйымдастыру, кітап қорын пайдалануды қалыптастыру, оқырман мен кітапхана құқықтары мен міндеттері көрсетілген. Осы нұсқаулықта пайдаланатын негізгі ұғымдарды басшылыққа алып, кітапхана өз жұмысын ұйымдастырып отыр.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы №173 «Білім беру мен білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес мектеп кітапханасынан оқулықтарды оқушылар мен оқытушылар қайтарымды негізінде тегін пайдалауда.

Кітапхана қызметінің мақсаты: жасөспірімдердің кітапқа деген сүйіспеншілігі мен құрметін қалыптастыру, қызығушылығын арттыру, дамыту. Мектептің ішкі мәдени-көпшілік жұмыстарына ат салысу.

Кітапхана жұмысының негізгі міндеттері:

- Оқу процесіне қажетті құжаттармен және ақпараттармен қамтамасыз етуге;
- Жас оқырмандарды кітаптармен жұмыс жасай білуге үйрету;
- Кітапхана қорын жаңа буын оқулықтармен, соңғы шыққан мерзімді басылымдармен толықтыру;
- Есеп құжаттарын толтырудың жүйелігін қалыптастыру.

Ғылым мен білімнің сан саласындағы жаңалықтарды, оқып-білу, тәлім алу, өз ізденістеріне пайдалану үшін, жаңадан жарық көрген оқулықтар, басылымдар түрлерін оқырмандар қолына жеткізіп отыру мектеп кітапханасының ең негізгі және жауапты міндеті болып табылады. Кітапхана қорын толықтыру бағытындағы негізгі жұмыс осы биік талап тілектерді жүзеге асыруға арналған.

Мектеп кітапханасы өз жұмысын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2000 жылғы №827 бұйрығымен бекітілген «Білім жүйесінің кітапханаларға арналған кітапхана ісі жөніндегі әдістемелік құралдарға» берілген нұсқауларды және 2001 жылғы 3 шілдедегі №522 «Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектеп кітапханалары жұмысының сапасын жақсарту жөніндегі шаралар туралы» бұйрығын негізге ала отырып жүргізуде. Мектеп кітапханасын пайдаланудың үлгі қағидаларында, яғни, кітапхана қорын толықтыру, орналастыру, сақтау, есепке алу оқырмандардың кітапханамен қатынасы, оқырманмен қызмет көрсетуді ұйымдастыру, кітап қорын пайдалануды қалыптастыру, оқырман мен кітапхана құқықтары мен міндеттері көрсетілген. Осы нұсқаулықта пайдаланатын негізгі ұғымдарды басшылыққа алып, кітапхана өз жұмысын ұйымдастырып отыр.

КІТАПХАНА ҚОРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ, ЖАҒДАЙЫ

Оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен ақпараттық мәдениетін дамытуда рухани құндылығы бай тұлғаны қалыптастыру үшін кітапхананың маңызы зор болғандықтан мектеп кітапханасы мына бағыттар бойынша жұмыс атқарады:

1. Мектеп кітапханаларындағы кітап қорының жай-күйі, қорды есепке алу, сақтау, пайдалану, өңдеу және жаңарту жұмыстарын жүргізу;
2. Оқушыларды мектеп оқулықтарымен толық қамтамасыз ету;
3. Мерзімді басылымдар мен көркем әдебиеттерге тапсырыс беру;
4. Мектептегі оқу-тәрбие процесін ақпараттық қамтамасыз ету;
5. Оқырмандардың дереккөздерге қолжетімділігін қалыптастыру;
6. Кітап оқуды насихаттау;
7. Кітапхана жұмысының есебін жүргізу;

Кітапхана мектептің 1-қабатында абонемент пен оқу залы бірге орналасқан. Жалпы алаңы - 36,2 кв/метр. Оқу залындағы үстел саны – 10. Оқулық қорына арналған жеке кітап сақтау қоймасы бар, оның көлемі-14кв/м..

Кітапхана қорындағы оқулықтар, мерзімді басылымдар, оқу- әдістемелік құралдар, сөздіктер-анықтамалықтар мен энциклопедиялар қазақ және орыс тілдеріне бөлініп, сынып бойынша жинақталған. Сонымен қатар, кітапхананың негізгі қорының жиынтық есеп кітабы, мүкәммал кітабы (инвентарный), мүкәммал кітабына жазылуға жатпайтын басылымдардың есебі жазылған (кітапшалар қоры- көлемі 48 параққа дейінгі басылымдар) тіркеу кітаптары бар.

Мектеп кітапхана қорында - 20225 дана кітап бар. Оқулықтар саны – 11737 дана. Көркем әдебиет – 8488 дана. 2023-2024 оқу жылында 184 дана балаларға арналған ертегілер және көркем әдебиет кітаптары қалалық білім бөлімінен бөлінді.

Кітапхана қоры кітапханалық-библиографиялық жіктеу (ББК) таблицасы бойынша, сыныптар бойынша кітап қоймасына қойылған.

Кітапхана қорын толықтырудың тағы бір тәсілі- мерзімді басылымдарға жазылу. 2023-2024 оқу жылында «Ақтөбе», «Білімді ел» газеттеріне және «Ардагер» журналына жазылды.

Биылғы оқу жылындағы оқырмандардың жалпы саны – 245. Соның ішінде санаттар бойынша:

- 108 бала -1-4 сыныптар оқушылары;
- 101 бала-5-9- сыныптар оқушылары;
- 36 бала-10-11 сыныптар оқушылары;
- 26– Оқытушылар, 4– басқалары

Білім басқармасы мен мектеп қаражатынан көркем шығармаларға тапсырыс беріліп толықтырып отырылады. Мектеп кітапханасы ғаламторда еркін жұмыс жасауы үшін заманауи компьютерлік

техникалармен жабдықталған. Оқырмандардың еркін әрі ыңғайлы жұмыс жасуына кітапханада толық мүмкіндік жасалған.

Қорытынды

Мектеп кітапханасы жұмыс қанағаттанарлық кітапхана жұмысы жүйелі жұмыс жүргізілуде. Нормативтік құжаттармен толықтырылған. Оқырмандармен жұмыс талапқа сай.

Ұсыныстар

1. Мектеп кітапханасы ақпараттық техникалық – құралдармен (компьютер, көшірме) жабдықтау;
2. Оқырмандарға ыңғайлы үстелдер және орындықтармен қамтамасыз ету;
3. Жаңа буын оқулықтармен барлық оқушыларды толық қамтамасыз ету.

Психологиялық қызметтің қорытынды талдауы

Мектеп психологының 2023-2024 оқу жылындағы жылдық жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурызындағы №68 бұйрығы негізінде құрылып, жыл бойы жұмыстар жүргізілді.

- Мектеп психологының мақсаты мен міндеті;
- Жоспарланған шаралар;

Жоспар 5 бағыттан құрылды

- Психодиагностикалық жұмыстар;
- Түзету-дамыту жұмысы;
- Кеңес беру
- Ағартушылық - психопрофилактикалық жұмыстар;

Қосымша жүргізілген жұмыстар

- Үйден оқытылатын оқушылармен жұмыстар;
- Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар;
- Мұғалімдермен жұмыс;
- Сенім телефонымен жүргізілген жұмыстар;

Мектептегі психологиялық қызметтің өзекті мәселесі: Мектеп оқушыларының психологиялық денсаулығын және әлеуметтік психологиялық ахуалды қамтамасыз ету.

Психологтың мақсаты мен міндеті:

- Оқу-тәрбие мекемелеріндегі тұлғаның толық дамуын қалыптастыру;
- Әр балаға жекелеген қатынас жолдарын табу;
- Баланы психологиялық-педагогикалық зерттеулермен қамтамасыз ету;
- Тұлғаның Және интеллектуалдық даму ауытқуының коррекциясы мен профилактикасын жүргізу;
- Ата-аналарды немесе бала тәрбиесімен айналысатындарды отбасын психологиялық микроклиматты қалыптастыру жағдайына консультациямен қамтамасыз ету;
- Жетім балаларға жеткіншектерге, ойлау қабілеті төмен дамыған әлеуметтік психологиялық көмек көрсету;
- Психокоррекциялық жұмыстарды дамытуда қазіргі ғылыми негізделген диагностикалық әдістерді қолданып, психология ғылымының жаңа жетістіктерін білу;
- Барлық сұрақтарды баланың мүддесімен толыққанды дамуына байланысты шешу;
- Кәсіби құпияны сақтау;
- Оқу жылының басында мектептегі психологиялық жұмыстың жарты жылдық жоспары құрылды. Жоспар бойынша және де жоспардан тыс жыл бойына төмендегідей жұмыстар жүргізілді.

Жоспарланған шаралар;

1 класс оқушыларының мектепке даярлығын анықтау «Керн-Йерасик» әдістемесімен;

Өзара қарым-қатынасын «Социометия» әдістемелерімен анықтау;

5 класс оқушыларының орта буынға бейімделуін зерттеу;

Жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау; Филипс әдістемесі -5 класс

5 класс оқу мотивациясын анықтау, Н.Г.Лусканова тесті

8-11 класс оқушыларымен «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасы аясында жұмыстар жүргізу;

9-10 класс оқушыларын кәсіпке бағдарлау мақсатында жұмыстар жүргізу;

Мектепшілік есепте тұрған оқушылармен түзету жұмыстарын жүргізу;

Танымдық-ағартушылық жұмыстар жүргізу. Қосымша көмекті қажет ететін оқушыларды анықтап жұмыстар жүргізу;

Үйден оқытылатын оқушылармен жұмыстар жүргізу;

Ата-аналармен жұмыс жүргізу;

Сенім телефонына келіп түскен сұрақ, шағым, ұсыныстармен жұмыстар;

II. Жоспардың орындалуы:

- Психодиагностикалық жұмыстар; жылдық жоспар бойынша жоспарланған төмендегі диагностикалар жүргізілді.

- ✓ Керн Иерасик / 1 класс - қыркүйек
- ✓ Оқушылар арасында агрессия деңгейін анықтау / 8-11 класс – қыркүйек айы
- ✓ Мектептік мотивация әдістемесі (Н.Г.Лусканова), суреттік тест «Менің класым» (Л.П.Пономаренко) / 5 класс – қазан айы
- ✓ Жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау Филиппс әдістемесі/ 5-7 класс – қараша айы айы
- ✓ Мектептік мотивация әдістемесі / 10 класс – қазан айы
- ✓ Зорлық - зомбылық сауалнамасы / 6-7-8 класс – қазан айы
- ✓ DASS сауалнамасы («Д» стресс, депрессия, мазасыздық) / 8-11 кл, қараша -желтоқсан айы
- ✓ Ч.Д. Спилбергер әдістемесі, қорқыныш,стресс,депрессия деңгейін анықтау /6-7 класс – қараша
- ✓ Кәсіби бағдар тесті Голланд / 9-11 класс – желтоқсан
- ✓ Оқушылардың депресивті мінез-құлқын,эмоциялық күйін саралау, «Кактус» әдістемесі /3-4 класс – желтоқсан
- ✓ Мазасыздықты диагностикалаудың жедел әдісі/ 6-7 класс, желтоқсан
- ✓ Агрессия түрін анықтау Басса -Дарки әдістемесі/ 6-11 класс – қаңтар
- ✓ Жекелік және ситуативті мазасыздықты анықтау, Спилбергер тесті / 8-11 класс-ақпан,наурыз
- ✓ Біліктілікті зерттеу / 4класс – сәуір
- ✓ Балалардың таным процестерін зерттеу / 4 класс - мамыр

1 класс оқушыларынан мектепке даярлығын анықтау мақсатында «Керн-Йерасик» әдістемесі жүргізілді. Әдістеме бойынша оқушыларға жеке-жеке анықтама берілді. 1 класс оқушыларымен тренинг, ойындар өткізілді. Соның ішінде есте сақтау ұзақтығын анықтауға арналған «10 сөз» әдістемесі жүргізілді. Бейнелі логикалық ойлауын, қабылдауын анықтау мақсатында «Артығын тап» әдістемесі жүргізілді. Тапсырманы қабылдауы орташадан төмен деңгейді көрсеткен 1 оқушы: Калтаева Назира. Нәтижесі: Анықталған оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс жасай отырып қосымша жұмыстар жүргізілді. Ата-анаға адаптациядан төмен көрсеткіш көрсеткен баламен жазу, сызу, оқуға бағыттау жұмыстарын жүргізуге кеңес берілді.

Класс жетекшісіне бұл оқушылармен мектепке бейімделуін қалыптастыру мақсатында, сабақта, сабақтан тыс уақытта жеке жұмыстар, жаттығулар, ойындар өткізу ұсынылды.

№	Класс	Қатысқан саны	Жақсы	Орташа	Орташадан төмен	Пайызы
1	1	20	9	10	1	100%
	Барлығы	20	9	10	1	

2 класс оқушыларының біліктілік деңгейін бағалау және олармен жүргізілетін түзету-дамыту шараларының мазмұнын анықтау мақсатында таным процестерінің зерттеу әдістемелері, көрнекі бейнелі ойлауды дамыту және қысқа мерзімде есте сақтау қабілетін анықтау үшін оқушылар бланк-парағына 2 тапсырманы орындады.

3 класс оқушыларының таным процестерін диагностикалау және есте сақтау процессін зерттеу әдістемелері алынды. Оқушылардың темперамент типтерін анықтау сауалнамасы жүргізілді. Қысқа мерзімде есте сақтау қабілетін анықтау мақсатында «Есте сақта» әдістемесі өткізілді. Ерекше назарға алынған оқушылар болған жоқ.

4 класс оқушыларын зерттеу барысында Н.Г.Лускановтың оқу мотивациясын тексеруге арналған сауалнама алынды. Өз ара қарым-қатынасын анықтауға «Социометрия» әдісі және оқушылардың темперамент типтерін анықтау сауалнамасы жүргізілді. Ерекше назар аудартатын оқушы анықталмады. 4 класс оқушыларының ақыл-ой деңгейін зерттеуге арналған әдістеме қорытынды нәтижесі бойынша, класс оқушыларының деңгейі қанағаттанарлық. Оқушылардың пәнге деген көзқарастары жақсы. Сыныптағы оқушылардың қарым-қатынастары, психологиялық көңіл – күйлері жақсы деңгейде.

5 класс оқушыларының мектепке бейімделуін анықтау бойынша әдістемелер жүргізілді. Орта буынға бейімделуін анықтау үшін «Мектепке қандай көңіл- күйде келесің?» сауалнамасы алынды. Өзара қарым-қатынасын анықтауға «Социометрия» әдісі және темперамент типін анықтау сауалнамалары алынды. Оқу мотивациясын тексеру үшін Н.Г.Лусканов сауалнамасы жүргізілді. «Дінге көзқарасын қандай?» атты дінге бейімділігін, агрессивтілікті, «Қысым» көрсетуді анықтау мақсатында сауалнамалар алынды. Пәндерге қызығушылығы және жанартылған білім беру бойынша сауалнамалар алынды.«Ғажайып бақ», «Құпия дос» тренингі өткізілді.

5 класс бойынша бейімделу кезеңі сабақтастығының нәтижесін талдау.

Мақсаты: 5 класс оқушыларының орта буын жүйесіне бейімделуін тексеру үшін Оқу мотивациясын тексеруге Н.Г.Лусканов сауалнамасы , темпераментін анықтауға арналған тест, «социометрия» әдістемелері және бейімделуін анықтайтын сауалнамалар алынды. Диагностикаға барлығы 15

оқушы қатысты . Әр оқушыға диагностикалық карта жасалды. Сонымен қатар, класс жетекшімен бірлескен класс сағаттарымен, топтық тренинг өткізілді.

Кесте№2

Мектеп	Қамтылған оқушы саны	Бейімделуі жақсы қалыптасқан оқушылар	Әлі де бейімделу үстіндегі оқушылар	Ұзақ мерзімді бейімделетін оқушылар
№48	5- класс	15	0	

6 класс оқушыларының пәнге қызығушылығы мен оқу мотивациясын анықтау тесті алынды. Оқушылардың агрессивтілігін анықтау сауалнамасы алынды. Оқушылардың ата-аналарынан «Дінге бейімділік» сауалнамасы алынды, зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында оқушылардан сауалнама алынды, зиянды әрекеттерден аулақ болу бағытында кеңес беру, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтауда «Зунге сауалнамасы» әдістемесі жүргізілді. Нәтижесінде мазасыздықтың жоғары деңгейін көрсеткен оқушы болмады. «Армандар картасы» жасалды.

7 класс зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында оқушылардан сауалнама алынды, зиянды әрекеттерден аулақ болу бағытында кеңес беру, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтауда «Зунге сауалнамасы» әдістемесі жүргізілді. Нәтижесінде мазасыздықтың жоғары деңгейін көрсеткен оқушы болмады.

8 класс оқушыларынан құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында әлеуметтік анонимдік сауалнама алынды. Суицидтік ойды анықтауға арналған «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» DASS сауалнамасы, Басса- Дарки сауалнамасы, Спилбергер тесттері алынды. Сауалнама, тесттер нәтижесі бойынша жоғары көрсеткіш көрсеткен оқушы болған жоқ. Темперамент типтері анықталды. Дінге бейімділігін, агрессивтілігін анықтау және зорлық-зомбылық пен қысым көрсетушілікті анықтау сауалнамалары алынды.

9 класс оқушыларының құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында әлеуметтік анонимдік сауалнама алынды. Суицидтік ойды анықтауға арналған «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» DASS сауалнамасы, Басса- Дарки сауалнамасы, Спилбергер тесттері алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша жоғары көрсеткіш көрсеткен оқушы болған жоқ. Кәсіби бағдар анықтауға арналған «Мамандықты таңдауға дайынсың ба?», «Голланд» әдістемесі алынды, класс оқушыларының қарым-қатынасын нығайту, тіл табысу мақсатында психологиялық тренингтер өткізілді.

10 класс оқушыларынан мектепке бейімделу, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында сауалнамасы, суицидтік ойды анықтауға арналған «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» DASS сауалнамасы, Басса- Дарки сауалнамасы, Спилбергер тесттері алынды. Социометрия, темперамент типтері анықталды. Жеке кеңестер берілді.

11 класс оқушыларының құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында әлеуметтік анонимдік сауалнама алынды. Суицидтік ойды анықтауға арналған «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» DASS сауалнамасы, Басса- Дарки сауалнамасы, Спилбергер тесттері алынды. Социометрия, темперамент типтері анықталды. Кәсіби бағдар анықтауға арналған «Мамандықты таңдауға дайынсың ба?», «Климов» әдістемесі алынды.

- ❖ **-Психокоррекциялық жұмыстар: жылдық жоспар бойынша жоспарланған төмендегі** коррекциялық жұмыстар жүргізілді
- ❖ Психологиялық қолдау, Сергіту жаттығулары / 1-4 класс – қыркүйек
- ❖ Психологиялық акция «Із кесуші» 8 класс – қыркүйек
- ❖ Үлкен психологиялық ойын «калейдоскоп» / 5 класс – қазан
- ❖ Психомоториканы дамыту жұмыстары / 1-4 класс – қазан
- ❖ Психологиялық акция «Құпия дос» / 5,8 класс – қараша
- ❖ Психологиялық акция «Сумкасыз бір күн» / 8класс- қараша
- ❖ Қабылдаумен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар (Т.В.Артемяева)/ қаңтар
- ❖ Т.В.Артемяева жаттығулары / 1-4 класс – ақпан
- ❖ «Сөйлемдерді құрастыру» ойыны / 1-4 класс – наурыз
- ❖ Білім алушының эмоционалды жағдайын бақылауға арналған жаттығулар
- ❖ Оқушылар арасында құқықбұзушылықты болдырмау, кибербуллинг, буллингтің алдын-алу жұмыстары
- ❖ Қыз балалармен, ер балалармен жұмыстар
- ❖ Үйден оқитын оқушылармен жұмыстар

Жоспарланған түзету-дамыту жұмыстары топтық және жеке оқушыларға жүргізілді.

«Із кесуші», «Құпия дос» психологиялық акциялары өткізілді. Психологиялық акциялардың мақсаты: оқушылар арасындағы оқшау балаларды ортаға бейімдеу.

Жоспарланған коррекциялық жұмыстардың барлығыда орындалды.

Консультация бағыты: жылдық жоспар бойынша жоспарланған консультациялық жұмыстар жүргізілді:

- Ата-аналарды психологиялық қолдау жұмысымен таныстырып, келісімге келу- қыркүйек
- Сенім телефоны, сенім жәшігі-жыл бойы
- Клиентке бағдарлану бағыты (сұраныс бойынша)- қыркүйек
- Оқушылардың өз өміріне зиян келтіру қаупін анықтау – қазан
- Оқу мотивация ерекшелігін анықтау – қазан
- Ата-аналарға «Өз балаңызды интернет желісінен сіз ғана қорғай аласыз» тақырыбында кеңес беру – қараша (ата-аналар жиналысы)
- Мамандықты дұрыс таңдау / 9-10-11 класс- желтоқсан
- Тәуекел тобындағы, мектепшілік есепте тұрған, бақылаудағы , өгей әкемен тұратын оқушылармен жеке жұмыс – жыл бойы
- Ата-аналарға «Балаңызбен бірге болыңыз» тақырыбында кеңес беру – ата-аналар жиналысы
- Жеке ата-аналарға кеңестер

Оқу жылының басында мектеп ата-аналарына мектептегі психологиялық қолдау жұмыстарымен таныстырылып, келісім шарт алынды.

Сенім телефонымен, сенім жәшігімен жұмыс:

Оқу жылының басынан бастап мектепте «Сенім телефоны» мен «Сенім жәшігі» жұмыс жасады. Оқушылар «Сенім жәшігіне» өздерінің ойларында жүрген сұрақтарды жолдай алады. Түскен сұрақтар тіркеу журналына тіркеліп, сұрақтарға дер кезінде жауап беріп отырылды.

2003-2024 оқу жылында Сенім телефоны мен сенім жәшігіне келіп түскен сұрақтар саны:

Кесте №3


Сенім телефоны	Сенім телефонына түскен қоңырау саны (қандай сұрақ бойынша)	Сұрақ кімге бағытталған. Жауап берілді немесе берілген жоқ
Жыл бойы түскен сұрақтар саны	8	8
Сенім жәшігі	Сенім жәшігіне түскен хаттар саны (қандай сұрақ бойынша)	Хат кімге бағытталған. Жауап берілді немесе берілген жоқ
Жыл бойы түскен хаттар саны	-	-

ҚББ-не «Сенім жәшігіне» келіп түскен хаттар мен «Сенім телефонына» келіп түскен қоңыраулар туралы жылдық есебі тапсырылды.

Психологиялық консультациялық жұмыстар:

Кесте №4

№		Ата-анаға	Оқушыға	Мұғалімге
1	2021-2022 оқу жылы	5	15	8
2	2022-2023 оқу жылы	8	17	5
3	2023-2024 оқу жылы	9	19	6



Ағартушылық-профилактика бағыты:

Класс жетекшілерге жасөспірімдер арасындағы суицидалды мінез-құлықты балаларды анықтау бойынша ақпараттар беру, түсіндірме жұмыстар жүргізу;

«Менің отбасым, бақытты отбасы» тренинг жалпы ата-аналар жиналысы – қыркүйек

«Қыз қылығымен көрікті» психологиялық кеңес 8-11 класс қыз балалармен жұмыс

«Бақытты ана-бақытты отбасы – бақытты ел» 9-10-11 класс ата-аналармен дөңгелек үстел
 Оқушылар арасында «Зорлық – зомбылық пен кәмелетке толмағандар арасында жыныстық қол сұғылмау»
 тақырыбында оқушыларға профилактикалық жұмыс жүргізу; - жыл бойы
 Ересектердің эмоционалды құзыреттілігін дамыту тренинг/ 7-11 класс – қараша
 Қыз балалар арасында «Қыз баланың бой жетуі» қыздарға арналған 28 кеңес! / 8-11 класс – қараша
 Құқықбұзушылықтың алдын-алу, кибербуллинг, буллингтің алдын алу бойынша оқушылар арасында
 түсіндірме жұмыстарын жүргізу ,жекелеген оқушылармен профилактикалық жұмыс/ 5-8 класс -
 желтоқсан

Әр апта сайын класс жетекшілерге күнделікті оқушылардың көңіл-күйін бақылап,мәлімет алынды.
 Зорлық – зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алу бойынша оқушылар арасында түсіндірме жұмыстары
 жүргізілді.2023-2024 оқу жылының басында оқушылармен бірлескен жұмыс жоспары әзірленді.
 Жыныстық қол сұғылмаушылықтың алдын алу бойынша өгей әкемен бірге тұратын балалардың тізімі
 жасақталынды. Мектеп бойынша өгей әкемен бірге тұратын балалар саны- 9. Сонымен қатар, ата-ана
 қамқорлығынсыз қалған балалармен жетім балалардың үй-жайы араланып, тұрмыстық-материалдық
 зерттеу актісі толтырылды. Әрбір оқушының жекелік ерекшеліктері зерттелініп, психологиялық
 мінездеме және жеке даму картасы толтырылды. Қыркүйек айында құқық бұзушылықтың алдын-алу
 мақсатында мектеп инспекторымен түсіндірме жұмысы, «Салауатты өмір салтын насихаттау» , жеке бас
 гигиенасын сақтау мақсатында мектеп медбикесі және мамандармен кездесу,«Қыз қылығымен көрікті»
 тақырыбында психологиялық кеңестер берілді.

Қазан айында 5-11 сынып ұл балаларына арналған «Ұлдар әдебі» тақырыбында жиналыс өткізілді.
 Сонымен қатар қазан айында жасөспірімдер арасындағы жұқпалы ауруларды алдын-алу, ерте жастағы
 жүктілік пен жеке бас гигиена сақтау маңыздылығы барысында №1 қалалық емханасының
 мамандарымен кездесу,түсіндірме жұмыстары өткізілді.

Қараша айында ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында «Қыз баланың бой жетуі» тақырыбында 9-11
 сынып қыз балаларына мамандармен кездесу өткізілді. Кездесу барысында қыз балаларға кеңестер
 беріліп,түсіндірме жұмыстары, сұрақ-жауап болды.

Ер балалар мен қыз балаларға «ЖИТС-тің және нашақорлықтың алдын-алу» мақсатында № 1 ҚЕ
 мамандарымен кездесу өткізілді.

9-11 сынып ер балаларымен және қыз балаларымен «Кибербуллингтің алдын-алу» тақырыбында мектеп
 ДТЖ орынбасары Б.Т.Мангибаевамен бірге кездесу өткізіліп,психологиялық кеңестер берілді.

20 қараша -Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы-адам құқығы» және
 «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты республикалық акция аясында тәрбие
 орынбасары мен мектеп психологы 5-11 сынып ер балалары және қыз балаларымен «Бала құқығы,зорлық
 -зомбылықтың алдын алу»тақырыбында дәріс өткізілді.

29 қараша күні 5-11 сынып ер балаларына мектеп инспекторы «Әкімшілік және қылмыстық
 құқықбұзушылық» тақырыбында жиналыс өткізілді.

Кәсіптік бағдарлау:

Оқушыларға мамандық таңдауда олардың негізгі түрлері, классификациясы, мамандық тобы, таңдау
 әдістері туралы білімдерін, түсініктерін кеңейте отырып, мамандықтарға деген ынта—ықыласын,
 қызығушылықтарын арттыру мақсатында 9-11 класс оқушыларымен «Ұйқыдағы қала» психологиялық
 жобалық ойыны өткізілді. Жоғары класс оқушыларына кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүргізілді.
 9-10-11 класс оқушыларынан Голланд әдісі бойынша кәсіптік таңдау тесті алынды. Сонымен қатар 9-10
 класс оқушыларынан мамандық таңдауға дайындығын анықтау сауалнамасы алынды. Сауалнама
 қортындысы бойынша оқушылар мамандық таңдау кезінде басқа адамдардың араласуынсыз немесе
 әлеуметтік, материалдық жағдайдан тыс өз қалауымен, яғни өз қабілеттеріне сәйкес таңдау
 жасайтындығын, өздері қалайтын мамандықтарды көбінесе басылымдар арқылы оқып, жұмысқа
 қабылдануға мүмкіндіктері мол мамандықтарды таңдайтындығын көрсеткен. Жоспарға сәйкес
 ағартушылық – профилактикалық бағыт бойынша жоспарланған жұмыстардың барлығыда орындалды.

Мектепшілік бақылауда тұрған оқушылардың 3 жылдық салыстырмалы талдау нәтижесі

2021-2022 жылында	2022-2023	2023-2024 оқу жылы
1.Утепбергенов Бақтияр	1.Кононов Юри	1.Кононов Юри
	2. Жалдыбай Рамазан	2. Жалдыбай Рамазан
		3. Өтеген Бейбарыс

Есепте тұрған оқушылар саны



Кононов Юри 9 класс оқушысы тәртібіне байланысты, сабақтан себепсіз қалуына байланысты құқықтық кеңес шешімімен мектепшілік есепке алынды. Түзету, дамыту жұмыстары жүргізіліп, «Өзін-өзі бағалау», «Менің отбасым», «Жаңбыр астындағы адам», «Аяқталмаған сөйлем» әдістемелері алынып, қорытыланды. Сонымен қатар жеке сұхбат, әңгімелесулер жүргізілді. Оқушының көңіл-күйі күнделікті бақыланды.

Жалдыбай Рамазан 9 класс оқушысы сабақтан себепсіз қалуына байланысты құқықтық кеңес шешімімен мектепшілік бақылауға алынды. Анасымен жеке жұмыстар жүргізіліп, кеңестер берілді. Оқушының көңіл-күйі күнделікті бақыланды.

Өтеген Бейбарыс 10 класс оқушысы сабақ үстіндегі жағымсыз қылықтары мен өзін ұстауына байланысты психолог бақылауына алынды. Оқушының анасымен сөйлесіліп, оқу жылының басында анасының келісімімен №1 аурухана психологына жіберілді. Қазіргі кезде оқушы бақылауда, оқушымен жеке жұмыстар жүргізілді.

Есепке алынған оқушылар арасында «Тәуекел» тобына жататын оқушылар

Қыркүйек-қазан айларында жүргізілген тест нәтижесі бойынша тәуекел тобына алынған оқушы болған жоқ. Мінез – құлқына байланысты 3 оқушы бақылауға алынды. Оқушымен жеке жұмыстар, кеңес беру жұмыстары жүргізіліп, жеке папка ашылды. Үнемі бақылауға қойылды. Отбасындағы келеңсіз жағдайға байланысты, 4 оқу тоқсанынан бастап 1 класс оқушысы Қазына тіркеуге алынды. Оқушының үйіне барылып, бақылауға алынды. Оқушымен жеке жұмыс жүргізіліп, анасымен жеке әңгімелесу мен кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Тәуекел тобындағы оқушылардың 3 жылдық салыстырмалы талдау нәтижесі



Үйден оқытылатын оқушымен жұмыстар:

Жоспар бойынша үйден оқытылатын оқушылармен өткізілетін жұмыстар уақытымен орындалды. Жыл басынан бері үйден оқытылатын 2 оқушы тіркелді. *Қуанышқали Айназ*

2 класс оқушысы. Қыркүйек, қазан айларында психологиялық көмек көрсету мақсатында үйіне барып, қал-жағдайы бақыланып тұрды. Оқушының даму картасы құрылды. Анасымен сөйлесіліп, сауалнама алынып, кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Оқушымен суреттік жобалау әдістемелері жүргізілді, еске сақтауы төмен, сурет бойынша жауап береді.

Давлетов Алмаз қаңтар айынан бастап № 30 мектептен келді. Давлетов Алмазбен 2023-2024 оқу жылының 3 оқу тоқсанынан бастап жұмыс жүргізілді. Алмазбен жүргізілетін психологиялық жұмыстарды жоспары құрылды. Сонымен қатар, Алмазға жеке даму, түзету оқыту сабақтары жүргізілді. Аптасына екі рет Алмазбен жеке психологиялық жұмыстары жүргізіліп отырылды.

Алмаздың сабаққа ынтасы жақсы, бірақ қабылдауы орташа, еске сақтауы орташа. Берген тапсырмаларды мұғалімнің көмегімен орындайды. Жазбаша тапсырмаларды орындағанды ұнатпайды, тек ауызша жауап бергенді жақсы көреді. Алмаз сурет салғанды, ермек сазбен жұмыс жасағанды, пазлы құрастырғанды жақсы көреді.

Жеке даму, түзету оқу сабақтары бойынша берілген тапсырмаларды мүмкіндігінше орындайды. Оңай тапсырмаларды өз бетінше орындайды, қиын тапсырмаларды көмек сұрау арқылы орындайды. Қойылған сұрақтарға толық жауап береді.

2023-2024 оқу жылында білім алушыларды 4 критерий бойынша «тәуекел» тобына

Анықтау бойынша мәліметі.

№	Оқушы саны	Медициналық	Әлеуметтік	Мінез-құлық критерилері	Психологиялық критерилер
1	245	Үйден оқитын білім алушы – 2	1.Өгей әкемен тұратын – 8 білім алушы	0	0

Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар: 2023-2024 оқу жылында қыркүйек айында жалпы ата-аналар жиналысында «Менің отбасым, бақытты отбасы» тренинг өткізілді. «Әлеуметтік желінің жасөспірімдер психологиясына кері әсері», «Балалардың қауіпсіздігі, күтпеген оқиғалардың алдын-алу», «Баланың үйдегі және үйден тыс кезіндегі қауіпсіздігі», «Қауіпсіз интернет және суицидтің алдын-алу» жайында ата-аналар жиналысында слайдтар көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

9-10-11 класс ата-аналарымен «Бақытты ана-бақытты отбасы – бақытты ел» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мұғалімдермен жұмыс:

Оқу жылының басында мұғалімдермен жүргізілетін жұмыстардың жоспары құрылды.

Қазан айында жас мамандар жетекшісі п.Тұрсынғалиевамен бірігіп, «Ұстаз болу» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренингтің мақсаты: жас мамандарға психологиялық қолдау көрсету Наурыз айында «Көтеріңкі көңіл-күй жан азығы» тақырыбында мұғалімдер арасында тимбилдинг өткізілді. Тимбилдинг мақсаты: Ұжымдағы жарасымды қарым-қатынасты ортану. Класс жетекшілермен оқушылардың арасындағы келеңсіз жайттардың алдын-алу, құқықбұзушылықтың алдын – алу, кибербуллинг, буллингтің алдын алу жұмыстары бойынша түсіндірме, кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің қалалық семинарында мұғалімдермен «Мұғалім мектептің жүрегі, көтеріңкі жүрсін үнемі» тақырыбында тренинг өткізілді. Облыстық өткізілген семинарда мұғалімдермен тренинг өткізілді. Сонымен қатар, мектеп мұғалімдерімен «Арттерапия» өткізілді.

Жүргізілген жұмыстардың барлығы электрондық журналға тіркелінді.

Қорытынды:

а) 2023-2024 оқу жылында психологиялық жұмыс жоспары бойынша орындалды. Жүргізілген жұмыстардың барлығыда нәтижеленіп, қорытындыланды. Мектептің инстаграмм желісіне жүргізілген тренинг, семинарлар орналастырылды. 5 класс оқушыларының бастауыштан орта буынға бейімделуі анықталып, педагогикалық-психологиялық көмек берілді және де 9-11 класс оқушыларының қабілеттеріне, бейімділігіне қарай мамандық таңдауда диагностикалық жұмыстар жүргізіліп, жеке психологиялық көмек берілуде, 4 класс оқушыларының орта буынға дайындығы зерделенді. Оқушылармен психологиялық жұмыс келесі оқу жылында да жалғасын табады.

Ұсыныстар:

1. Оқу үлгерімі төмен оқушылардың ата-анасымен бірлесе отырып жұмыстану;
2. Келеңсіз оқиғалардың алдын-алу мақсатында психологиялық тренинг, психопрофилактикалық жұмыстар жүргізу;
3. Оқушылардың жеке тұлғалық мінез-құлқындағы ерекшеліктерін ескере отырып, оқуға деген қарым-қатынасын анықтау және кәсіби психологиялық көмек көрсету.
4. ДТІЖ орынбасары, әлеуметтік педагог, мектеп психологы, класс жетекшілермен бірлескен жұмыстарды жандандыру.

Әлеуметтік педагог қызметі

Әлеуметтік педагогтың мақсаты: Оқушылардың әлеуметтік, материалдық, тұрмыстық жағдайын зерттеу, мүделерін, мүліктік құқықтарын қорғау.

Әлеуметтік педагогтың міндеті:

- Оқушылардың әлеуметтік өмірінің шынайы болмысын зерттеу;
- Зерттеу материалдарының құжаттарына сәйкес мақсат-міндеттерді анықтау, проблемалық жағдайларға топ болған субъектілердің әлеуметтік өмірінің мүмкіндіктерін есепке алу және жұмысты жоспарлау;
- Әрбір іс пен әлеуметтік педагогикалық қызмет кезіндегі зерттеу нәтижелерімен жоспарлардың іске асырылуы барысында жеткен жетістіктерді конструкциялау жұмысын жүзеге асыру.

Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары:

1. Сынып жетекшілермен жұмыс
2. Оқушылармен жұмыс
3. Отбасымен жұмыс
4. Әлеуметтік педагог пен психологтың бірлескен жұмысы
5. Қиын және құқықбұзуға бейім оқушылармен жұмыс
6. Оқушылардың дамуына әлеуметтік педагогикалық жұмыс
7. Әдістемелік ұйымдастыру жұмыстары

2023-2024 оқу жылында жүргізілетін жұмыстың жоспары жоғарыда көрсетілген бөлімдер бойынша жасалды. Бекітілген жоспарды басшылыққа ала отырып төмендегідей жұмыс жүргізілді.

I бөлім

1. Шағын аудан бойынша жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жүргізілген жұмыс туралы жалпы мәлімет.

II бөлім

1. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасы оқушылармен жүргізілген жұмыстар туралы жалпы мәлімет.
2. «Мектепке жол», «Қайрымдылық» және басқада акция кезінде жүргізілген жұмыстар.

III бөлім

1.Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша жүргізілген жұмыстар.

IV бөлім

1.Аз қамтылған отбасылардағы балалардың қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша жүргізілген жұмыстар.

V бөлім

1.Жалпыға бірдей білім беру қорына болінген қаражатты жұмсау.

I. Шағын аудан бойынша жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәлімет

Мектебіміздің шағын ауданында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, мектеп жасына дейінгі бір бала тұрады. Кульжанов Иран С. Бәйішев атындағы Ақтөбе колледжінде оқиды.

Қамқорлықтағы баланың тәрбиеленіп жатқан үйіне барып, тұрмыстық жағдайлармен танысып, қамқоршыларымен сөйлесіп тұрамын. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тұрғын үй кезегіне тұрғызылған және тұрғын үй құрылыс жинақ банкінен жеке есеп-шоты ашылып, демеушілер тарапынан қаржы аударылуда. Биылғы оқу жылында мамыр айында бақылау актілері толтырылды, денсаулығы туралы анықтама, қамқоршысынан есебі алынып, қалалық білім бөліміне тапсырылды.

II. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасы оқушылармен жүргізілген жұмыстар туралы жалпы мәлімет. «Мектепке жол», «Қайрымдылық» және басқада акция кезінде жүргізілген жұмыстар.

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында мектептегі оқушылардың әлеуметтік төлқұжаты жасақталды. Мектепте барлығы 245 оқушы болса соның ішінде көп балалы отбасы 51 оқушы, толық емес отбасы 50 оқушы, сәтсіз отбасыда оқушы жоқ, өгей әкесімен тұратындар 8 оқушы. Бұл мәлімет әрбір оқушының тұрмыстық материалдық жағдайын класс жетекшілерімен біріге отырып зерделеу актісін жүргізу кезінде алынды.

"Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысы, негізінде атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан 21 білім алушыға және атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан 20 білім алушыға 40 500 теңге көлемінде қаражат жеке есеп шоттарына аударылды. Мақсаты жоғарыда аталған категориядағы оқушыларға оқу-құралдарын және мектепке қажетті киім-кешек алуға жұмсауға бағытталған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпандағы № 255 қаулысы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы №684 бұйрығының 4- қосымшасына сәйкес «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын негізге ала отырып орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыруға сәйкес, 1-11 кластардағы оқушыларды және жекелеген санаттағы оқушыларды тегін, жеңілдетілген тамақтандыруды ұйымдастыру мақсатында мектепшілік бұйрық шығарылды және тапсырылған құжаттарды тексеріп тиісті шешім қабылдау үшін алқалы комиссия құрылды.

Мектеп ұжымы және ата-аналар қауымы, сонымен қатар жеке кәсіпкерлер, үкіметтік емес ұйымдар, мемлекеттік органдар «Мектепке жол» республикалық акциясы өтіп жатқандығы туралы хабардар етіліп, хаттар жолданды.

Мектеп әкімшілігі ата-аналармен бірігіп арнайы комиссия құрып, жағдайы төмен, тұрмысы нашар оқушылардың тізімін жаңартып, бекітуге байланысты жиын өткізді.

Акция аясында мектептің ұстаздар қауымының демеушілігімен қаражат жинақталуда.

Қалалық білім бөліміне 21 оқушыға демеушілік көрсету туралы сұраным жіберілді.

Мектепке жол акция барысында Астана ауданы әкімдігі 3 балаға 40 000 теңгеден сертификат сыйлады, ал Ақтөбе неқсия клуб мүшелері 2 баланың оқу-құралдарын, мектеп сөмкесін алып берді.

«Мектепке жол» жалпы республикалық акциясы өз деңгейінде өткізіліп, қорытындысы туралы мәлімет қалалық білім бөліміне тапсырылды. Барлық мектеп оқушыларымен қатар аз қамтылған оқушылар мектеп тарапынан оқулықпен қамтамасыз етілді.

2023-2024 оқу жылы бойынша 6 класс оқушысы Давлетов Алмаз денсаулығына байланысты қалалық білім бөлімінің нұсқауы негізінде қаңтар айынан бастап үйден оқуға бұйрық шығарылған.

6 класс оқушысы Давлетов Алмаздың жағдайын сұрап үйіне бардым. А.Жұбановтар көшесіндегі №200 үйдің 39 пәтерінде тұрады. Үйдің санитарлық жағдайы жақсы. Пәтер 4 бөлмелі, осы бөлмеде ата-анасы және бір бауырымен бірге тұрады. Толық отбасы. Алмаздың денсаулығы бір қалыпты. Ата-анасынан және Алмаздан өткізіліп жатқан сабақтарына және тұрмыс жағдайына байланысты сауалнама алынып, қортындыланды.

III. Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бойынша жүргізілген жұмыстар.

Ақтөбе облысының білім басқармасының қыркүйек айында 2023 жылғы жалпы білім беретін мектептердегі 1-4 сынып оқушыларға арналған 2 апталық ас мәзірі жасақталып бекітілген. Ас мәзірі бойынша бекітілген тиісті баға 603 теңге. Осы бекітілген 2 апталық ас мәзірі бойынша қыркүйек айынан бастап жоғарыда аталған заңдарды башылыққа ала отырып қабылданған құжаттар негізінде әлеуметтік аз қамтылған топтағы 20 оқушыға тегін ыстық тамақ берілді. Мектеп асханасын жалға алушы жеке кәсіпкер Н.О. Кабашеваның демеушілігімен 10 оқушы тегін тамақтандырылды..

IV. Мектептің жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және аз қамтылған отбасыдан шыққан балаларының жазғы демалыс лагерімен қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығына 11-қосымшасына сәйкес «Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттарды қабылдау және жолдама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты негізінде 2023 жылдың маусым айында халыққа қызмет көрсету орталығында және мемлекеттік мекеме мектепте оқушылар контингенті ішіндегі жекелеген санаттағы балалардың ата-аналары жазған өтініштері мен тапсырған құжаттарын қарап жазғы қала сыртындағы «Асем» лагеріне I кезеңмен 07.06.-17.06.2023 ж күндері аралығында 2 оқушыға тегін демалуға жолдама берілді.


№	Оқушының аты-жөні	Туған жылы, айы, күні	Класс
1.	Смайлов Мейірлан	09.07.2011	5
2.	Саржанов Жангелді	29.04.2008	8

Сонымен қатар 10 оқушыға мектеп жанындағы жазғы демалыс лагерінде тегін демалуға жолдама жоспарланды..

2023-2024 оқу жылында жазғы қала сыртындағы тынығу лагеріне баратын оқушы жоқ.

Қала сыртындағы жазғы демалыс лагерінің үш жылдық салыстырмалы көрсеткіші.

Қала сыртындағы демалыс лагеріне барған бала саны	2021-2022	2022-2023	2023-2024
	2	2	0




Үш жыл бойынша салыстырғанда қала сыртындағы жазғы демалыс лагерлерінде тегін демалған оқушылар 2023-2024 оқу жылында болған жоқ.

V. Жалпыға бірдей білім беру қорына бөлінген қаражатты жұмсау туралы

2023 жылы ЖББ қорына, 163 специфика бойынша 6 122 000 теңге бөлінді. Осы қаражаттың жұмсалыуына нақты тоқталар болсақ жыл бойы әлеуметтік жағдайы төмен отбасы, көп балалы отбасы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 20 балаға және бастауыш сыныптарға тегін ыстық тамақ беруге 4 713 304 теңге жұмсалды. Сонымен қоса осы аталған категориядағы 21 балаға қысқы куртқа мен аяқ киім алып беруге 262 371 теңге және мектеп формасын тіктіруге, оқу құралы мен сумка алуға 811 340 теңге жұмсалды. жұмсалды.

Жалпыға бірдей білім беру қорына бөлінген қаражат.	Оқу жылы	Бөлінген қаражат
	2021 жыл	992000 теңге
	2022 жыл	1 665 000 теңге
	2023 жыл	6 122 000 теңге

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ БІЛІМ БЕРУ ҚОРЫНА БОЛІНГЕН ҚАРАЖАТ.



Үш жылғы ЖББ қорына, 163 специфика бойынша бөлінген қаражатты салыстырар болсақ, 2023 жылғы бөлінген қаражат көбейеуін байқауға болады. Себебі бастауыш сыныптардың толықтай тегін тамақтануына байланысты бөлінген қаражат саны өсті.

2024 жылғы бөлінген қаражат 10 740 000 теңге. Тегін тамақтануға жалпы 10 496 200 теңге, жазғы мектеп лагеріне 243 800 теңге жоспарланды. 2024 жылдың қаңтар - мамыр айында жұмсалғаны 2 460 000 теңге.

Мектеп жанындағы жазғы тынығу лагеріне 10 балаға жолдама алуға қаражат бөліну жоспарлануда. Қалған қаражат арнайы категориядағы оқушыларға киім, оқу-құралдарын алуға және қыркүйек - желтоқсан айына тегін тамақтануға жоспарланды.

Қорытынды: 2023-2024 оқу жылында жоспарланған жұмыстар толығымен орындалды.

Шағын аудан бойынша жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтер толығымен жасақталып есебі қалалық білім бөліміне тапсырылды. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасы оқушыларымен тұрақты түрде жұмыс жасалып, мектепшілік бақылау кезінде тексеріліп педагогикалық және өндірістік кеңесте анықтамалары оқылды. Осы аталған категориядағы балалардың құжаттарын жинау кезінде қиындықтар болды. Атап айтар болсақ арнайы категориядағы оқушылардың құжаттарын ҚР «Электронды үкімет» парталы арқылы тапсыру кезінде ата-аналар арасында қиындықтар болды ол уақытылы шешілді.

«Мектепке жол» және «Қайырымдылық» акциясы өткізілді, осы акция кезінде мектеп мұғалімдері мен ата-аналар қауымы белсенді атсалысты. Жеке кәсіпкерлерге арнайы хаттар жолданды. Көп жағдайда көмектесуден бас тартты.

Барлық мектеп оқушыларымен қатар аз қамтылған оқушылар мектеп тарапынан оқулықпен қамтамасыз етілді.

Мектептің әлеуметтік төлқұжатын жасау кезінде біршама қиындықтар болды, оның себебі класс жетекшілер және арнайы комиссия үйлерді аралау, мәліметтер сұрау кезінде ата-аналар дұрыс мәлімет бермеуінен және үйлерінде болмауынан екі-үш қайтара баруға тура келді.

2023 жылғы жалпыға бірдей білім беру саласы бойынша бөлінген қаржы уақытылы жұмсалды.

Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайы алдағы уақытта зерделеніп қажетті көмектер мүмкіндігінше көрсетіліп отырды.

Ұсыныс:

- Арнайы категориядағы балаларға әлеуметтік көмек көрсету акцияларына жеке кәсіпкерлер, мемлекеттік мекемелер көптеп тартылса .

Шаруашылық қызметтің жұмыс жоспарының орындалуы

Мектептің ішкі-сыртқы шаруашылық жұмыстары белгіленген жоспар бойынша күнделікті жүргізіліп отырады. Оқу кабинеттерінің, әкімшілік бөлмелерінің күнделікті тазартылып-жуылуы санитарлық-гигиеналық талаптарға сай дезинфекциялық құралдардың қоспасымен жасалып отырады.

Күзгі, қысқы, көктемгі демалыс кезінде асхана, кітапхана, спорт залы және барлық оқу кабинеттері мен дәліздерге дезинфекция, дидатизация, дезинсекция жұмыстары жасалады. Мектеппен келісім шартқа отырған қызмет көрсетуші мекеме ТОО «Диз Центр» 2023 жылдың соңына дейін, 2024 жылдың қаңтарынан бастап «Әлем Дез» мекемесі қызмет көрсетті.

«Жарық Энерго Трейд» ТОО өкілімен мектептің жарық сәтсигі тексеріліп, тоқ трансформаторларын мемлекеттік тексеруден өткізілді. 2024 жылдың сәуір айында жаңадан 100 дана светодиодтық шамдар алынып, мектепке қойылып, жаңартылды. Мектеп сыртындағы жарық прожекторлары толық жанып тұруы қамтамасыз етілуде. Дәретханалардағы, спортзалдағы светильниктердің плафондары жаңартылды. Мектептің жылыту қазандығының операторлары бекітілген кесте бойынша өз қызметтерін уақытымен және тиянақты атқарып, мектеп ғимаратының жылу температурасын сақтап отырды. Кейбір кабинеттердің жылылығы 25-26 градус көрсетсе, қыстың ең салқын күндерінде ең төменгі температура - 19 ды көрсетті. Барлық оқу кабинеттерінде термометр ілінді..

Мектептің бейне бақылау камералары, өрт дабылы құралдары қызмет көрсетуші мекеме мамандарымен тексеріліп, жұмыс жасауы қадағаланды. Өрт дабылы «Гранит 24» құралының аккумуляторлық батареясы алмастырылды. 2023 жылдың қыркүйек айында 16 жаңа камера алынды.

Мектептің қоқысын шығару үшін келісім шартқа отырған «NEO PLUS» мекемесі өз қызметтерін толық атқармайды десек те болады, бұл мекеменің санаулы көлігі жетіспей жатады немесе сынып қалады.

Қайта - қайта хабарласудың арқасында қоқысты шығарудың амалын жасап отырмыз. 2024 жылдың мамыр айында қоқыс салатын 2 дана жаңа контейнер алынды.

Мектебіміздің су құбырларының ескіруіне байланысты, қыстың күні дәретхана канализациясы жүрмей қалды. «Ақбұлақ» АҚ мамандары күшімен тазарту жүргізілді. Мамандардың айтуы бойынша, мектептің канализация құбырында ескі шойын трубалар алмастыруды талап етеді, таттану салдарынан тарылған және диаметрлері талапқа сай емес, тағы бір мәселе – таза судың екпінінің аздығы (напор жоқ). Таза судың екпінінің жоқтығынан бірінші және екінші қабаттағы ауыз су фонтандары да жұмыс жасамай тұр. Фантанның ішкі құралдарына сұраныс беріп қойдық. Бірінші қабаттағы оқушыларға арналған дәретханаларға күрделі жөндеу талап етіледі. 2024 жылдың сәуір айында бірінші қабаттағы ер балалар және қыз балалар дәретханасына пластикалық кабинкалар салынды.

Өрт қауіпсіздігі, өрт дабылы құралдарының ақаусыз жұмыс жасауына қызмет көрсетуші мекеме «STEP-MS» ТОО мамандары ай сайын тексеру жасап, бақылап тұрады. Тозығы жеткен құралдары алмастырылып, жаңартылды. Спорт залындағы қосалқы сыртқа шығу есігіндегі «ШЫҒУ» тақтайшасын жаңарту талап етіледі, жарық индикациясы әлсіз, кейде қосылмай қалады, жаңасына сұраныс беріп қойдық. 2023 жылдың 17 сәуірінде мектептегі 44 дана қол өрт сөндіру құралдары қайта сынақтан өткізіліп, толтырылды. Жарамдылық мерзімі 3 жыл. Оқу кабинеттерінде, дәліздерде, асхана, спорт залында тұрған қол өрт сөндіру құралдары арнайы подставкаларға орнатылып, немесе хомуттармен қабырғаға ілініп тұруы қажет. Подставка, хомуттарға тапсырыс жасалды. 2024 жылдың мамыр айының 11-31-і аралығында мектепте Ақтөбе қаласы Төтенше жағдайлар департаменті профилактикалық бақылау жүргізіп, тексеріс жүргізді. Тексеріс нәтижесі бойынша анықталған бұзушылықтарды жою бағытында жұмыстар жүргізілуде және ол берілген уақыт мерзімінен бұрын орындалады. Мектеп жанындағы ПГ - өрт гидранты 2024 жылдың 30-мамыр күні сынақтан өткізілді, көктемгі кезеңде су беру мен жұмысқа қабілеттілігін анықтауға арналған өрт қрандарын сынау актісі «SAFI-SAFETY» ЖШС мекемесі мамандарынан алынды. Күз айында да осындай сынау актісін алу қажет болады.

2023 жылдың қараша айында бір комплект парта отырғыштарымен, мұғалімдерге 10 отырғыш, 4 каналды ойнатқыш, 2 микрофон алынды.

2024 жылдың қаңтар айынан бастап мемлекеттік сатып алу арқылы мектепке қажетті оқу құралдары және шаруашылыққа қажетті заттар алынды. Ең бірінші элкетрика мен сантехника құралдары, тұрмыстық тауарлар, мед бике кабинетіне шағын кондиционер, мұғалімдер бөлмесіне екі шкаф алынды. №12,13,14,16,17,18,19,20 оқу кабинеттеріне жалюзи қондырылды. Мәжіліс залына жаңадан перде тігілді. 2024 жылдың сәуір айында Интерактивтік панель алынды. Әр келген тауар есепке алынып, кітапқа тіркелді. Инвентарлық нөмірлермен белгіленді. Пайдалануға берілген заттардың ай сайынғы есебі шығарылып, қолданылғаны тіркеліп, есепшілермен акт жасалып отырады. Мектеп ғимаратына әлі де көптеген жөндеу жұмыстары керек: төбе жабындысын 2023 жылдың қыркүйек айында өз күшімізбен қара қағазбен жаптық, бірақ одан қайтадан су кетіп тұр. Оқу кабинеттердің есіктерін, есіктегі құлыптарына дейін ауыстыруды қажет етеді. Электр жүйесін жаңадан келген шамдармен алмастырдық, еден төсеніштерін жаңадан ауыстыруға талап етеді.

2024 жылдың 1-сәуірінен Ақтөбе қаласы бойынша «Таза қала» екі айлығы өткізілді. Сенбіліктерге, таза бейсенбіліктерге мектеп ұжымының әр мүшесі белсене қатысты. 5 және 10-сынып оқушылары сынып жетекшілерімен гүл отырғызу акциясын жасады. 11 сынып оқушылары 10 түп «Ясин» ағашын отырғызды. Мектеп ауласын көгалдандыру мақсатында отырғызылған әр ағаш, әр гүл күтіліп, бапталуда. Жаздың күні қаулап өскен шөптер орылып, жиналды.

Мектеп кіші қызметкерлерінің ерен еңбегі арқасында әр кабинет, бөлмелердің, дәліз, залдардың тазалығы күнделікті ылғалды тазартумен, жинап-жуумен қамтамасыз етіліп отыр. Тазарту барысында антисептик, део-хлор санитарлық дезинфекциялау құралдары қолданылады. Әр қоңырау сайын дәретханалар ылғал шүберекпен сүртіліп, хлормен шайылады, сергіткіш иіс құралы себіледі.

Ай сайын кіші қызметкерлер мен мамандарға еңбек табелі жасалып, уақытымен тиесілі еңбек ақысын алуы бақыланды.

2023 жылдың 09 қарашасында АӘТД пәні мұғалімі Б.Қ.Бисеновтың бастамасымен мектеп мұғалімдері мен кіші қызметкерлер, оқушылар үшін Өрт қауіпсіздігі шаралары туралы іс-шара өткізілді. Шараны ЖШС Өрт сөндіруші КЗ мамандары өткізді, оқушыларға өрт шыққан кезде жасалатын әрекеттер көрнекті түрде көрсетіліп, жаттығулар жасалды.

Өрт сөндіру құралының қолданылуы түсіндіріліп, іс жүзінде көрсетілді. Өрт қауіпсіздігі, өрт кезіндегі іс-әрекеттерге байланысты дәріс сабаққа мектеп мұғалімдері мен кіші қызметкерлер түгел қатысты. 2024 жылдың 10-14 сәуір күндері аралығында мектеп мұғалімдері мен кіші қызметкерлері мен мамандарына өрт қауіпсіздігі бойынша өрт-техникалық минимумы оқыту курсы өткізілді. Мектеп мұғалімдері мен кіші қызметкерлер-мамандар түгел қатысты.

№13,14,20,21,31 оқу кабинеттеріндегі интерактивті такталардың кабельдерінің жалғануы өрт қауіпсіздігі талаптарына сай емес еді, аталған бұзушылықтарды жойып, мектепке қызмет көрсетуші ИП «Кабанова» мекемесінің маманы қайта жасады.

№17,18,5,4 оқу кабинеттеріндегі розеткалар бекітіліп, тоқтың дұрыс келуі тексерілді.

Оқу кабинеттеріндегі, дәліздегі қол өрт сөндіру құралдары үшін қойылатын подставкалар мен қабырғаға ілу үшін кронштейндер алынды, подставкалар тиісті жерге қойылды.

2024 оқу жылының жазғы демалыс күндерінде мектеп ғимаратының іші-сыртына ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалады. Жоспар бойынша, төбе жабындысының тозығы жетіп, істен шығуына байланысты, №19,20,21 оқу кабинеттерінің төбесі, терезе тұсындағы қабырғасы толық қырылып, ротбондпен сыланып, кепкесін әктеледі, жарлары краскіленеді. Оқу кабинеттерінің барлығы дерлік сырланған қабырғасы жуылып, әктейтін жерлері әктеледі, плитустары жаңартылады, линолеумдері тазартқыш құралмен ысқылап жуылады. Барлық оқу кабинеттерінің қабырғасы сырланып, толық әктеледі. Асхана, мәжіліс залы, 1-2 қабат дәліздері, әдіскерлік, психолог, мұғалімдер бөлмесі толық әктелді. Спорт залының қабырғасы тазартылып сүртілді және едені түрлі түспен сырланады. «ӘлемДез» мекемесінің мамандарымен мектеп ғимараты ішіне толық дезинфекция жасалады.

Мектептің сыртқы қабырғасы цементпен сыланып, әктеледі. Фундамент те цементтеліп, кара түсті сырмен боялады. Мектептің төбе жабындысы мектеп мұғалімдері мен қызметкерлер күшімен су кететін жерлері руберондпен жамалып, бекітіледі.

Мектеп айналасындағы өскен шөптер жаз бойы жұлынып, тазарту жұмысы жасалып отырады. Аулада отырғызылған жеміс ағаштары, гүлдер уақытымен суғарылады.

Жаңа оқу жылына барлық оқу кабинеттері дайындалып, оқушылардың парта-орындықтары, тақта, мұғалім столдары, әр кабинетте мұғалім жұмысы үшін компьютер жиынтығымен толық қамтамасыз етіледі.

2024 жаңа оқу жылына жылыту қазандығының дайындығына ТОО «TeshPoshStroiService» мамандары жылу жүйесіне гидравликалық сынама және электр жүйесінің қауіпсіздігіне тексеру жасады. Жылыту қазандығының күзгі-қысқы маусымда жұмыс жасауына барлық тиісті тексеру-сынамалар жасалып, дайындық актілері жасалады.

Педагогикалық кеңес 2023-2024 оқу жылында «№48 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ –де жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстарын талқылай келе 2024-2025 оқу жылында төмендегі мақсат-міндеттерді орындауға қаулы етеді:

- Білім беру саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыру арқылы мектеп жасындағы балаларды оқумен толық қамту, оқушыларды мектепке тарту бойынша жан-жақты жұмыстарды жүргізуді қолға алу, үй жағдайында оқытылатын оқушыларды бақылауға алу;

- 2020-2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік Бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыстарды жалғастыру;

- ЖББ қоры арқылы ата-анасының қамқорынсыз қалған, аз қамтылған, көпбалалы отбасының балаларына, мүгедек балаларға көмек көрсету, оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыру;

Міндеттері:

• Оқушылардың өткен бағдарламалық тақырыптар бойынша білім деңгейіндегі анықталған олқылықтарға диагностикалық талдау жасай отырып, жоспарлы жетілдіру жұмыстарын ұйымдастыру;

• 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік даму бағдарламасына сәйкес тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету;

• «Оқуға құштар мектеп» бағдарламасы аясында білім алушылардың өз бетінше білім алу дағдыларын жетілдіру, мектеп кітапханасы заманауи талапқа сай безендіру, кітап қорын толықтыру, әдістемелік басылымдарға жазылу;

• мұғалімдер өз біліктіліктерін арттыру мақсатында жүйелі және тұрақты түрде жұмыстану қажет.

• пән мұғалімдер кәсіби деңгейлерін шыңдау және өз тәжірибелерін насихаттау мақсатында байқаулар мен педагогикалық олимпиадаларға жиі қатысуы, әдістемелік құралдарды шығару қажет;

• педагог-мамандарға үздіксіз білім беру және алу жұмыстарын жалғастыру, қажетті оқу ресурстарымен қамтамасыз ету;

• педагог мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында оқу үдерісіне ақпараттық, қашықтықтан оқыту технологияларын енгізу арқылы оқушылардың ізденушілік пен зерттеушілік іс-әрекетін дамыту;

• жаңа үлгідегі оқытуды ұйымдастыруда мектеп ата-аналарымен тұрақты кері байланыс тетіктерін қалыптастыру;

• тәрбие жұмысын «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы аясында жүргізу;

• оқушылардың бейімділік деңгейлерін анықтай отырып, кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастыру;

• білім беру саласының даму бағытына сәйкес, мектеп педагогтарын қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарына қатыстыру;

• сандық технологияны дамыту аясында мектептің материалдық базасын (компьютерлер, бағдарламалар т.б.) нығайту;

- «Қауіпсіз мектеп» талаптарына сәйкес мектептің жан-жақты қорғалуын қамтамасыз ету (күзет мекемелін тарту: бейнекамераларын орнату, жарықтандыру);
- оқу үрдісін санитарлық талаптарға сәйкес, бекітілген ереже негізінде ұйымдастыру;
- «Тәуекел тобындағы» оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру (спорттық секциялары, өнер үйірмелері, психологиялық қолдау);
- құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында психологиялық зерттеу және қолдау, қосымша білім беру мен класс оқушыларының көшбасшылық тетіктерін пайдалану;
- 2024-2025 оқу жылында қалалық деңгейде төмендегі тақырыптар бойынша семинарлар өткізілсін және қалалық білім бөліміне өткізу туралы сұраныс жасалсын:
 - мектептегі психологиялық қызметтің жұмысы арқылы оқушылардың оқуға деген ынта-ықыластарын анықтауды басты мақсат ету, өзін-өзіне сенімділікті қалыптастыру;
 - дарынды оқушылармен жұмысты жандандыру арқылы, ғылыми жұмыспен айналысуға жұмылдыру, өзіндік жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру, ізденушілік пен зерттеушілік жұмыстарына бағыт-бағдар беру;
 - оқушылардың бойында ұлттық, азаматтық белсенділік, өркениеттік пен адамгершілік құндылықтарды игерту арқылы жан-жақтылығын тәрбиелеу және жоғарғы класс оқушыларының қажеттілігіне, қызығушылығы мен қалауына сәйкес тұлғалық және өмірлік өзін-өзі анықтауына әсерін тигізетін бейіндік оқытуды жүзеге асыру, еңбекке орналастыру;
 - балалардың өмір-қауіпсіздігін қатан түрде бақылауға алу, діни-экстремизм мен келеңсіз жағдайлардың болдырмауын алдын-алу мақсатында өзге ойлардан айырту;
 - ҚР-ның «Терроризмге қарсы күрес туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, терроризмге қарсы қорғалу жағдайларында ұжымды (оқушылар, мұғалімдер, техперсонал) іс-әрекеттер дағдыларына үйрету.
 - арнайы категориядағы балаларға әлеуметтік көмек көрсету акцияларына жеке кәсіпкерлер, мемлекеттік мекемелерді тарту жұмыстарын жолға қою;
 - оқу үлгерімі төмен оқушылардың ата-анасымен бірлесе отырып жұмыстану;
 - келеңсіз оқиғалардың алдын-алу мақсатында психологиялық тренинг, психопрофилактикалық жұмыстар жүргізу;
 - оқушылардың жеке тұлғалық мінез-құлқындағы ерекшеліктерін ескере отырып, оқуға деген қарым-қатынасын анықтау және кәсіби психологиялық көмек көрсету;
 - ДТІЖ орынбасары, әлеуметтік педагог, мектеп психологы, класс жетекшілермен бірлескен жұмыстарды жандандыру;
 - мектеп кітапханасы ақпараттық техникалық – құралдармен (компьютер, көшірме) жабдықтау;
 - оқырмандарға ыңғайлы үстелдер және орындықтармен қамтамасыз ету;
 - жаңа буын оқулықтармен барлық оқушыларды толық қамтамасыз ету;
 - оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын – алу жұмыстарына арнайы мамандар мен ата – аналардың біріккен тәрбие негіздерін пайдалана отырып, бірлескен жұмыстарды жандандыру;
 - салауатты өмір салтын және оқушылардың өмірлік ұстанымын қалыптастыруда оқушының сұранысы мен ата –аналар қауымының, қоғамның талаптары және мектеп мүмкіндіктері негізінде іске асыру;
 - оқушылардың өзін –өзі тану, көшбасшылық қабілеттерін дамытуда алдағы уақытта мектепшілік дебат, пікірталас, байқаулар ұйымдастыру;
 - жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын – алу бойынша ер балалармен қоғамдық, әскери – спорттық шараларды, кездесулер ұйымдастыру;
 - мектеп оқушыларының дене тәрбиесі және салауатты өмір салты бағыты бойынша қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық шығармашылық сайыстарға қатысымын арттыру;
 - оқушылардың мектеп кітапханасымен байланысын жоспарлы ұйымдастыру;
 - әкелер және аналар институттарының жұмысын жандандыру;
 - дебат, театр үйірмелерінің жұмысын дамыту;
 - пән кабинеттердің жабдықталуы жалғастырылсын;
 - спорт зал қажетті заттармен жабдықталсын.

Мектеп директоры:

К.К.Абуова

